

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



«Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша тәрбие жұмысының үлгілері»

Әдістемелік ұсынымдар

«Модели воспитательной работы по проекту «Духовные святыни Казахстана - Сакральная география Казахстана»

Методические рекомендации

Нұр-Сұлтан
2019

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2019 жылғы 14 маусымындағы № 5 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 5 от 14 июня 2019 года)

«Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша тәрбие жұмысының үлгілері». Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 258 б.

«Модели воспитательной работы по проекту «Духовные святыни Казахстана - Сакральная география Казахстана». Методические рекомендации.- Нұр-Сұлтан: НАО имени И. Алтынсарина, 2019. – 258 с.

Әдістемелік ұсынымдарда жалпы білім беру ұйымдарында жалпыұлттық «рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы «Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері көрсетілген. Оқу пәндері және сабақтан тыс жұмыстар барысында тәрбие тұжырымдамасы негіздерінің 8 бағыты бойынша тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша берілген әдістемелік ұсыныстар қызығушылық тудырады

Бұл материалдар педагог қызметкерлерге, әдістемелік кабинеттерге және балаларға қосымша білім беру орталықтарына әдістемелік көмек көрсетеді.

В методических рекомендациях раскрыты особенности организации воспитательной работы в общеобразовательных организациях в рамках проекта «Духовные святыни Казахстана - Сакральная география Казахстана» общенациональной программы «Рухани Жаңғыру». Наибольший интерес представляют рекомендации по организации воспитательной работы в ходе обучения через учебные предметы и в рамках внеклассной работы по 8 направлениям воспитательного процесса.

Эти материалы окажут методическую помощь педагогическим работникам, методическим службам и центрам дополнительного образования.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2019.

© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2019.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі, білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдығы, жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту мәселелері» атап көрсетілген [1].

Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесінің алдында рухани байлықты, моральдық тазалықты, дене бітімін жетілдіруді, бәсекеге қабілеттілікті, прагматизмді, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруын, эволюциялық дамуы мен сана-сезімінің ашықтығын, әлеуметтік рөлдердің жүйесін толықтай орындауға қабілетті, ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу міндеті тұр.

Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы ауқымды идеяларды тереңдетіп оқыту мен жүзеге асыру мектептердің тәрбие жұмысының ерекшелігі болып табылады. Онда қазақ ұлтының алдағы жылдарына арналған іс-әрекетінің жаңа векторы берілген, себебі ойлаудың және сана-сезімнің жаңа модельдерін қалыптастырумен байланысты мәселер қарастырылады. Рухани жаңғыру – бұл қазіргі кездің өзекті мәселесі. Іс-әрекеттің бұл саласы қазақстандық қоғамды шоғырландыруды жетілдіруді талап етеді.

2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында «Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі... Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды... Бізге «Қазақстанның рухани құндылықтары» немесе ғалымдардың айтуынша «Қазақстанның сакралды географиясы» жобасы қажет» - деп атап көрсетілген [2].

Адамның сакралды әлемі, киелі әлемді қабылдауы – Жер өркениетінің заманауи феномені. Ол білімнің көптеген салаларының, сонымен қатар сакралды географияның да мамандарын елендететін сала. Сакралды өмірлік іс-әрекетті өңірлік ұйымдастырудың барлық жағын білу, адамның өзіндік дүниетанымын қалыптастыруға, өмірде дұрыс жол таңдауға, рухани дамуға, өз Отанының патриоты болуға жағдай жасауы мүмкін.

Ұсынылып отырған жұмыстың мақсаты – Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдарының тәрбие жұмысында жүзеге асыру үшін Қазақстанның рухани құндылықтарын зерттеу.

1 «ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ОРЫНДАРЫ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1983 жылы ЮНЕСКО жанынан құрылған Халықаралық ескерткіштер мен көрнекті орындарды қорғау мәселелері жөніндегі кеңес ассамблеясы бекіткен. Бүгінгі таңда осы ұйымның қатарында әлемнің 175 мемлекеті бар. Дүниежүзінің 122 еліндегі 754 тарихи құндылық ЮНЕСКО тізіміне енгізілген. 2003 жылы осы тізімге еліміздегі «Әзірет Сұлтан» тарихи-архитектуралық кешені, Алматыға таяу Тамғалы тас шатқалындағы жартастарға салынған суреттер топтамасы кірді. Қазақстанда ұлттық құндылық болып табылатын 25 мыңнан астам тарихи-мәдени ескерткіш бар. Бұлардың бәрі Қазақстанның киелі жерлеріне жатады [3]. Қазақтың арғы-бергі тарихында бүгінгі ұрпақ ұялатындай тарихи оқиға болмаған. Керісінше ұрпағына ұран болған киелі жерлер мен нысандар көп. Кеңестік тар кезеңде оның тәрбиелік мәнін ашып көрсете алмадық. Идеология еркіндік бермеді. Қатпарлы тарихымыз мен баға жетпес қазынамыз шаң басып ескерусіз қалып жатты. Тек қана егемен ел болып еңсемізді түзеген шақтан бастап жоғымызды түгендеп, асылымызды бағалай бастадық.

Н. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасымен қатар, халықтың санасында жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруі мақсатында «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» – «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын енгізу туралы ұсыныс жасалған болатын. Бағдарламада: «Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі.

Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі.

Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген.

Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз.

Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде тұрған жоқ.

Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді.

Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды.

Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек.

Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз.

Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы.

Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі. Сондықтан, мыңжылдық тарихымызда біз алғаш рет осындай ауқымды жобаны жасап, жүзеге асыруға тиіспіз» – делінген [2].

Осыған байланысты қазақ халқының тарихында елеулі орын алатын Қазақстанның аймақтарындағы қасиетті орындар анықталып, тізімі жасалды.

«Қазақстанның қасиетті орындары мен кешендері» ретінде ерекше қастерленетін табиғи, мәдени мұра және діни сәулеттің айрықша қастерлі ескерткіштері, кесенелер, сондай-ақ Қазақстан халқының жадында өшпеш із қалдырған тарихи және саяси оқиғалармен байланысты орындар ұғынылады [4].

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын жүзеге асыру барысында халық тарихында елеулі орын алатын қасиетті нысандар анықталды, сонымен қатар 2004 жылы қабылданған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында қайтадан қалпына келтірілген немесе жаңартылған тарихи-мәдени ескерткіштер, жаңадан табылған археологиялық нысандар, сонымен қатар қағаз бетіне түсірілген және ел аузында сақталған аңыз-әңгімелерге ерекше назар аударылды. Кеңес үкіметі кезінде «әулие» атауымен байланысты болғандықтан тыйым салынып, назардан тыс қалған діни және ғибадат орындарын анықтау, тарихи тұлғалар жерленген жерлерді іздестіру қолға алына бастады [5].

«Қасиетті немесе сакралды» ұғымының мағынасын тарих, археология, этнография, философия, лингвистика, мәдениеттану, география тағы да басқа көптеген ғылымдар саласында зерттеу қажеттілігі пайда болды. XX ғасырда француз, неміс ғалымдары «Сакралды географияны» жеке пән ретінде жан-жақты зерттеді. Ғалымдардың пікірінше, сакралды география «естегі/жадыдағы орындар» ретінде болған және алдағы уақытта да халықтың сана-сезімінде өшпей сақтала беретін тарихи оқиғалар, мәдени мұра ескерткіштері. Олар бүгінгі күннің адамдарын, қоғамды, мемлекетті ертеде болған тарихи оқиғалармен, мәдени мұралардың тарихымен байланыстырады.

Сакралды география – география ғылымы мен мәдениеттанудың қиылысында, салыстырмалы түрде соңғы кезде пайда болған ұғым. Геомәдениеттанудың саласы ретінде ол өзінің жер бетіндегі әдеттегі физикалық компоненттері бар географиялық кеңістікті емес, дәл атап айтқанда географияның белгілік-символдық аспектілерін қолданады. Бұл XX ғасырдың аяғындағы әлеуметтік-гуманитарлық саладағы кеңістіктік бетбұрысқа

байланысты орын алды, соның салдарынан ғалымдардың назары уақыт санатын зерттеуден кеңістікті «зерделеу, оқу» атты жаңа бағытқа ауысты.

Сакралды география – бұл жер бетіндегі қасиетті/әулие санаты бар кез келген нысанның ара қатынасы (өзара салмағы) туралы білімдер жүйесі [6].

Киелі, қасиетті сөздерінің көптеген ұғымы бар, олар сакралды сөзінің синонимі болып та табылады. Сонымен қатар киелі, қасиетті сөздері діни ғұрыптармен байланыстырып киелілік, әулиелілік, қасиеттілік мағынасында да қолданылады. Киелі, қасиетті, сакралды терминдерін кең мағынада қарастыратын болсақ – олар: аса қадірлі, ардақты; қол сұғуға, қастандық жасауға болмайтын; берік, мызғымас; асқақ, биік, еңселі, маңызды, қадірлі; азаттық мақсатында, әділ іске бастайтын; қастерлі, құрметті деген мағыналарды береді. Сонымен бірге, сакралды ұғымында әдет-ғұрыптық, салттық мағына да бар.

Сондай-ақ, ата-бабалардың рухына, данышпандылыққа, білімділікке, табиғаттың тылсым күшіне, батылдыққа, мәдениеттілікке бас июмен байланысты сакралды мәртебесіне ие нысандар да жатады. Осылайша, сакралды мәртебесіне ие географиялық нысандардың ішінде белгілі адамдардың өмірімен және тағдырлы тарихи оқиғалармен байланысты орындар, мемлекеттік үкіметтің аса құрметті жерлері, мемориалдар, мәдени құндылықтарды сақтайтын жерлер (музейлер, кітапханалар, атақты табиғи шатқалдар т.б қарастырылуы мүмкін.

Жалпы алғанда киелі, сакралды ұғымы (санат ретінде және қасиетті нысандар жиынтығы ретінде) адам психологиясының нақты бір ерекшеліктеріне, әсіресе адамның қабылдауына байланысты қалыптасады. Сонымен бірге, киелі жерлер жекелеген адамдардың, сондай-ақ қауымдастықтардың әлеуметтік-психологиялық қажеттіліктеріне қызмет етуге арналған [6].

Қазақстанның жалпыұлттық маңызы бар сакралды нысандары – бұл Қазақстанның маңызды рухани, саяси, тарихи және мәдени оқиғаларымен байланысты ерекше құрметке ие тарихи-мәдени мұра және табиғи-тарихи ландшафтарының ескерткіштері.

Еліміздегі барлық қасиетті нысандар бес топқа жіктелді.

1. Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері. Ел аузында киелі аталып кеткен, кейбіреуі қазірдің өзінде мемлекет қарауында тұрған табиғат құбылыстарының нәтижесінде пайда болған орындар.

2. Археологиялық ескерткіштер және орта ғасырлық қалалық орталықтар. Бұл топқа қалашықтар, бекіністер, петроглифтер, қорымдар, халқымыздың қалыптасуында ерекше рөл атқарған, Қазақ мемлекетінің, Ұлы Жібек жолының құрылуына ұйытқы болған орта ғасырлық қалалар кіреді.

3. Діни және ғұрыптық орындар. Бұндай қасиетті орындарды әулие феноменімен байланыстыруға болады. Түркі кезеңіне дейінгі дәуірдегі аттары аңызға айналған, көне түркі дәуірі және орта ғасырлардағы, сонымен бірге ХІХ аяғы - ХХ ғасырдың басына дейінгі тарихи тұлғаларды қамтиды.

4. Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар. Қазақстан тарихында елеулі орын алатын, бүкіл өмірін қазақ елінің бостандығы мен егемендігіне арнап, үш жүздің батыр-билерін жиып, елдік маңызды мәселелерді шешкен хандар, қазақ хандығының тәуелсіздігі үшін күрескен қазақтың батырлары, ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілері, қолбасшылар, ғылым мен білімге, мәдениетке үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақындар, ғалымдар, ағартушылар туралы мәні зор жерлер алынып отыр.

5. Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындар. Қазақ даласында қазақ халқының бірлігі үшін болған шайқастарды, ерлікті, батырлықты, қайсарлықты насихаттайтын, елдің бірлігін білдіретін ескерткіштер мен ел жадында өшпес із қалдырған қасіретті орындар. Қоғамның, мемлекеттің тарихында ерекше орны бар мемлекетіміздің жаңа нышандары еніп отыр [7].

1. Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері:

1. Әулиетау (Ақмешіт), Едіге тауы, Алтын Шоқы – Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы.

2. Қазығұрт тау кешені – Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы.

3. Жылаған ата бұлағы мен үңгірі – Түркістан қаласы.

4. Ақмешіт үңгірі – Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы.

5. Бектау ата тауы және үңгірі – Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы. Иманқара кешені – Атырау облысы, Жылыой ауданы.

6. Ақтас тауындағы Қоңыр Әулие үңгірі – Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы. Баянауыл тауындағы Қоңыр Әулие үңгірі – Павлодар облысы, Баянауыл ауданы.

7. Оқжетпес жартасы – Ақмола облысы, Бурабай ауданы.

8. Мұзтау – Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы. Хан Тәңірі таулары – Алматы облысы, Райымбек ауданы.

9. Отпан тау тарихи-мәдени кешені – Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы.

10. Шарын шатқалы – Алматы облысы, Райымбек ауданы.

11. Жаманшың кратері – Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы.

12. Тамшыбұлақ бұлағы – Алматы облысы, Ақсу ауданы.

2. Археологиялық ескерткіштер және орта ғасырлық қалалық орталықтар:

1. Торғай геоглифтері – Қостанай облысы. Жангелді, Амангелді аудандары мен Арқалық қаласы.

2. Таңбалы (Тамғалы) тас археологиялық кешені – Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы. Теректі әулие петроглифтері – Алматы облысы, Жамбыл ауданы.

3. Ақбауыр тарихи-археологиялық кешені – Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы.

4. Берел, Шілікті, Таксай, Аралтөбе, Боралдай, Есік тарихи-археологиялық кешендері – Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы. Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы. Батыс Қазақстан облысы, Теректі

ауданы. Атырау облысы, Жылыой ауданы. Алматы қаласы. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы.

5. Ботай қонысы – Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы.

6. Беғазы археологиялық кешені – Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы.

7. «Қамысты» (ҚазАрқаим) қорғанысы – Қостанай облысы, Денисов ауданы.

8. Бозоқ қалашығы – Астана қаласы.

9. Шірік-Рабат қалашығы – Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы.

10. Отырар қалашығы – Түркістан облысы, Отырар ауданы.

11. Тараз қалашығы – Жамбыл облысы, Тараз қаласы

12. Яссы (Күлтөбе, Түркістан) қалашығы – Түркістан облысы, Түркістан қаласы.

13. Қосбатыр-Қумай мемориалды кешені – Ақмола облысы, Ерейментау ауданы.

14. Жанкент қалашығы – Қызылорда облысы, Қазалы ауданы.

15. Сығанақ қалашығы – Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы.

16. Жент қалашығы – Қызылорда облысы, Қазалы ауданы.

17. Ақыртас кешені – Жамбыл облысы, Тараз қаласы

18. Меркі, Жайсан түркі ғұрыптық кешені – Жамбыл облысы, Меркі, Шу аудандары.

19. Қойлық қалашығы – Алматы облысы, Сарқанд ауданы.

20. Қызылқала қалашығы – Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы.

21. Ақкөл-Жайылма қалашығы – Павлодар облысы, Екібастұз ауданы.

22. Сарайшық қалашығы – Атырау облысы.

23. Сайрам қалашығы – Түркістан облысы, Сайрам ауданы.

24. Сауран қалашығы – Түркістан облысы, Түркістан қаласы.

25. Созақ қалашығы – Түркістан облысы, Созақ ауданы.

26. Жайық қалашығы – Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы.

3. Діни және жиһадат орындары болып табылатын орындар:

1. Домбауыл, Екідің ғұрыптық ескерткіштері – Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Жезқазған қаласы. Қостанай облысы, Арқалық қаласы.

2. Үкаш ата кесенесі – Түркістан облысы, Түркістан қаласы.

3. Қорқыт ата мемориалды кешені – Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы.

4. Бегім ана мұнарасы, Жұбан ана кесенесі – Қызылорда облысы, Арал ауданы. Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы.

5. Абат-Байтақ кесенесі – Ақтөбе облысы, Қобда ауданы.

6. Баба Түкті Шашты Әзіз кесенесі – Түркістан облысы, Созақ ауданы.

7. Айша бибі, Бабаджа Хатун кесенелері – Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы.

8. Ибраһим ата, Қарашаш ана, Гауһар ана кесенелері – Түркістан облысы, Сайрам ауданы. Түркістан қаласы.

9. Бәйдібек би, Домалақ ана кесенелері – Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы.

10. Исмайл ата сәулет кешені – Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы.
 11. Ботағай кесенесі – Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы.
 12. Қорасан Ата кесенесі, Төлегетай-Қылышты ата кешені – Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы.
 13. «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени кешені (Қ.А.Яссауи кесенесі, Салқам Жәңгір хан, Тәуке хан, Абылай хан, Шақшақ Жәнібек, Қаз Дауысты Қазыбек би, Қанжығалы Бөгенбай, Жауғаш батыр және басқада ұлы тұлғалардың жерленген жері) – Түркістан облысы, Түркістан қаласы.
 14. Маңғыстау жеріндегі қорымдар мен жерасты мешіттері: Бекет ата (Оғыланды жеріндегі, XVIII ғ.), Шопан ата, Көне Бейнеу және Бекет-ата, Қараман ата, Масат ата, Шақпақ ата, Сұлтан-епа сайы, Сисем ата – Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Маңғыстау ауданы, Түпқараған ауданы, Бейнеу ауданы.
 15. Арыстан баб кесенесі – Түркістан облысы, Отырар ауданы.
 16. Қарахан кесенесі – Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы.
 17. Қозы Көрпеш пен Баян сұлу кесенесі – Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы.
 18. Жошы хан кесенесі – Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Жезқазған қаласы.
 19. Алаша хан кесенесі – Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы.
 20. Тектұрмас кешені – Жамбыл облысы, Байзақ ауданы.
 21. Ұшқан ата, Ақмешіт қорымдары, Құлшан ата жерасты мешіті Атырау облысы, Жылыой ауданы.
 22. Бұқар жырау, Қожаберген жырау кесенелері – Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы. Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы.
 23. Қарабура кесенесі – Түркістан облысы, Созақ ауданы.
 24. Ойсылқара қорымы – Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы.
 25. Оқшы ата кесенесі – Қызылорда облысы, Шиелі ауданы.
 26. Ырғызбай ата, Жұмағазы хазірет, Исабек хазірет, Науан хазірет кесенелері – Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы. Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы. Павлодар облысы, Екібастұз ауданы. Ақмола облысы, Көкшетау қ.
 27. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы кесенесі – Павлодар облысы, Баянауыл ауданы.
 28. Жаркент мешіті – Алматы облысы, Жаркент қаласы.
 29. Құнанбай қажы, Досжан ишан, Аппақ-Ишан мешіттері – Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы. Ақтөбе облысы, Темір ауданы. Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы.
 30. Вознесенск кафедралды шіркеуі – Алматы қаласы.
 31. Христос Спаситель шіркеуі – Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы.
- 4. Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар*
1. Қобыланды батыр мемориалдық кешені – Ақтөбе облысы, Қобда ауданы.
 2. Есім хан кесенесі – Түркістан облысы, Түркістан қаласы.

3. Хакназар хан кесенесі – Түркістан облысы, Созақ ауданы.

4. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрескен батырлардың кесенелері: Қапал батыр, Қарасай және Ағынтай батырлар, Есет Көкіұлы, Шанышқылы Бердіқожа, Қабанбай батыр, Барақ Қарабалуанұлы, Малайсары Тоқтауылұлы, Райымбек батыр, Наурызбай Күттымбетұлы, Олжабай Төлебайұлы, Жидебай Қожаназарұлы, Құдайберді Құлсары, Баян батыр, Жасыбай Өмірұлы, Байғозы Наймантайұлы, Ер Жәнібек Бердәулетұлы – Алматы облысы, Ескелді ауданы. Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы. Ақтөбе облысы, Алға ауданы. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы. Ақмола облысы, Целиноград ауданы. Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы. Алматы облысы, Кербұлақ ауданы Алматы қаласы. Алматы облысы, Сарқанд ауданы. Ақмола облысы, Ерейментау ауданы. Қарағанды облысы, Шет ауданы. Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы. Павлодар облысы, Баянауыл ауданы. Қарағанды облысы, Шет ауданы. Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы.

5. Хан моласы мемориалдық кешені (Әбілқайыр хан, XVIII ғ.) – Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы.

6. Абылай хан резиденция кешені, Абылай хан алаңы – Солтүстік Қазақстан облысы. Петропавл қаласы. Ақмола облысы, Бурабай ауданы.

7. Ұлт-азаттық көтеріліс батырларының кесенелері: Махамбет Өтемісұлы, Исатай Тайманұлы, Есет Көтібарұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы, Барақ Сатыбалдыұлы, Байзақ датқа – Атырау облысы, Махамбет ауданы. Ақтөбе облысы, Қобда ауданы. Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы. Қызылорда облысы, Қазалы ауданы. Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы. Жамбыл ауданы, Байзақ ауданы.

8. Кенесары хан үңгірі, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс батырларының кесенелері: Ағыбай Қоңырбайұлы, Бопай ханым, Баубек батыр, Жәуке Назарғұлұлы, Бұхарбай Естекбайұлы, Беспакыр кесенесі, Қараөткел мұсылман зираты (К.Қасымұлы батырлары жерленген жері) – Ақмола облысы, Бурабай ауданы. Қарағанды облысы, Шет ауданы. Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы. Ақмола облысы, Жақсы ауданы. Қостанай облысы, Арқалық қаласы. Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы. Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы. Астана қ.

9. Тәттімбет Қазанғапұлы, Дәулеткерей Шығайұлы кесенелері – Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы. Батыс Қазақстан облысы, Бөкей ордасы ауданы.

10. Алтынемелдегі Шоқан Уәлихановтың мемориалдық кешені және жерленген жері, Сырымбет мекені – Алматы облысы, Кербұлақ ауданы. Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы.

11. Ыбырай Алтынсарин кесенесі – Қостанай облысы, Қостанай ауданы.

12. Абайдың «Жибедай-Бөрілі» тарихи-мәдени кешені – Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы.

13. Т.Г.Шевченко мемориалды кешені – Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы.

14. Ф.М.Достоевскийдің әдеби-мемориалды үйі – Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы.

15. Жамбыл Жабаев кесенесі – Алматы облысы, Жамбыл ауданы.

16. Ахмет Байтұрсынұлы мемориалды үйі – Алматы қ.

17. Міржақып Дулатұлы кесенесі, Ғұмар Қараш, Смағұл Сәдуақасовтың жерленген жері – Қостанай облысы, Жангелді ауданы. Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданы. Астана қаласы.

18. 1916 ж. көтеріліс басшылары: Амангелді Имановтың жерленген жері, Әбдіғаппар Жанбосынұлы және Кейкі батыр кесенелері, «Ереуіл төбе» – Қостанай облысы, Амангелді ауданы. Қостанай облысы, Арқалық қаласы. Қостанай облысы, Арқалық қаласы. Алматы облысы, Райымбек ауданы.

19. Тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығы – Қарағанды облысы, Теміртау қаласы.

5. Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындар

1. Таңбалы тас ескерткіші – Түркістан облысы, Созақ ауданы.

2. Орбұлақ, Аңырақай, Бұланты шайқастары болған тарихи жерлер – Алматы облысы. Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы.

3. Бірлік - Ордабасы мемориалды кешені – Түркістан облысы, Ордабасы ауданы.

4. Бөкей Ордасы тарихи кешені – Батыс Қазақстан облысы, Бөкей ордасы ауданы.

5. Ашаршылық құрбандарына арналған монумент – Астана қаласы.

6. Қарлаг (Долинка к.) және Жаналық к. саяси қуғын-сүргін құрбандарының жерленген жері, – «АЛЖИР» мемориалды кешені Қарағанды облысы, Долинка кенті. Алматы облысы, Талғар ауданы. Ақмола облысы, Целиноград ауданы.

7. Семейдегі Алаш арыстары үйі – Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы.

Жымпитыдағы «Алаш Орда» үйі – Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы

8. Семей полигоны құрбандарына арналған «Өлімнен де күшті» монументі – Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы.

9. 1991 жылы Тәуелсіздік Декларациясы қабылданған «Үкімет үйі» ғимараты – Алматы қаласы.

10. Республика алаңы - Тәуелсіздік монументі, «Тәуелсіздік таңы» - 1986 жылы желтоқсан оқиғасына арналған ескерткіш – Алматы қаласы, Республика алаңы.

11. «Отан-Ана» - Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан майдангерлерге және Отан қорғаушыларға арналған монумент – Астана қаласы.

12. Астана-Бәйтерек, Қазақ елі монументі, Мәңгілік Ел салтанатты аркасы – Астана қаласы [7].

Әрбір адамның туған жерінде ерекше жерлер болды. «Қазақстанның 100 киелі орындары» тізіміне енген жерлерге білім алушылармен тәрбиелік жұмыстар жүргізу басты мақсат. «Рухани жаңғыру» аясындағы білім

алушылармен жұмыс тәрбиенің мынадай бағыттарына негізделеді:

- жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
- рухани-танымдық тәрбие;
- ұлттық тәрбие;
- отбасылық тәрбие;
- еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
- көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
- зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
- дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу.

Қазақ тарихындағы бабалар тұлпарларының тұяғымен жазылған ата тарихының әр парағы ерекше қымбат. Жалғанның жартысындай жазиралы даласын ғасырлар бойы шекарасына қамал-қорғандар салмай-ақ, жалаңтөс батырлары жанпидалықпен қорғай білген ата-бабаларымыз қандай қаһарман болған еді..?

Қазақтың тарихи көшін әрқилы кезеңде бастаған көреген көсемдерінің, айбатты батырларының елін, жерін қорғауда аңызға айналған ерліктері бүгінгі жас ұрпаққа өнеге-үлгі. Халықта «Бірлік қайда болса, ерлік сонда», «Отаның берік болса жау алмайды» деген қанатты сөздер бар. Ол өмір өткелдерінен, тағдыр тезінен алынғаны шындық.

Ұлан-ғайыр еліміздің кез-келген аймағынан ежелгі, ортағасырларға және жаңа заманға қатысты тарихи жәдігерлерді мен деректерді көптеп кездестіруге болады. Мақсат осындай тарихи өлкелерді танып біліп, табылған мәліметтерді жүйелеп, зерделеп, оларды жастар тәрбиесінде тиімді пайдалана білуді үйренуде.

Адамгершілік тұрғыдағы құнды қасиеттерге ие болу адамның жас кезінен бастау алатыны белгілі. Киелі нысандарға білім алушылармен экскурсия ұйымдастыру жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие беруде үлкен рөл атқарады. Патриоттық сезім жалпы адам баласының елін, жерін, өз тілі мен мәдениетін, тарихи ұлттық құндылықтарын қастерлейтін, батырларын үлгі тұтатын, елінің болашағына сеніммен қарап, өзіндік бағасын түйсінуін, қуаттап қолдауын пайымдайтын көрсеткіші болып табылады.

Мәселен, Орбұлақ, Аңырақай, Бұланты шайқастары болған тарихи жерлерге, «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени кешеніне, Ордабасы ауданындағы «Бірлік» мемориалды кешеніне, Алматы қаласындағы «Үкімет үйі» ғимаратына, Тәуелсіздік монументіне, «Тәуелсіздік таңы» ескерткішіне, Нұрсұлтан қаласындағы «Отан-Ана», Астана-Бәйтерек, Қазақ елі монументі, Мәңгілік Ел салтанатты аркасына саяхаттау арқылы білім алушыларды туған жерге, оның тарихына айрықша құрметпен қарауға, туған елі Қазақстанға деген шынайы патриотизмге тәрбиелейді. Азаматтық көзқарасын қалыптастырып, өзінің туған өлкесіне «Кіші Отанына» деген сүйіспеншілік сезімін арттырады [8].

Рухани-танымдық тәрбие.

Киелі орындарға саяхат барысында мұғалім қызықты тапсырмалар мен әңгіме сабақтары арқылы білім алушыларға рухани-танымдық тәрбие берумен қатар, оларды көшбасшылыққа икемдей алады. Білім алушыны көшбасшылыққа жетелейтін жеке қасиеттер:

- қарым-қатынас орната білу;
- топты қалыптастыра, біріктіре білу;
- мақсатын анықтау;
- қажет тапсырмаларды беру және оны орындату;
- адамдардың қажеттіліктерін, қызығушылықтарын білу, оны қорғау;
- аз уақытта көп ақпаратты игере білу;
- белгілі бір жағдайда шешім қабылдай алу;
- үлкен шығармашылық қасиеттер болу керек (<https://bilinger.kz>).

Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындарға саяхат барысында тұлғалардың көшбасшылық қасиеттерін ашып көрсетудің маңызы зор. Атап айтсақ, 1916 ж. көтеріліс басшылары және Міржақып Дулатұлы кесенелеріне, Ғұмар Қараш, Смағұл Сәдуақасовтың жерленген жеріне, Ахмет Байтұрсынұлы мемориалды үйі, Жымпитыдағы «Алаш Орда» үйі, Семейдегі Алаш арыстары үйі, Тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығына саяхат сабақтарда тәрбиенің осы бағытын дамытуға болады.

Тарихи деректерге сүйене отырып тұлғалардың өмірбаянына тоқаталайық. Алаш көсемдерінің бірі, ХХ ғасырдың басында қазақ халқын отты өлеңімен оятып, өнер-білімге, еркіндікке үндеген Міржақып Дулатұлының туған жері – Торғай уезі Сарықопа болысының үшінші ауылы (қазіргі Қостанай облысының Жангелді ауданына қарасты Қызбел ауылы).

Аталған тұлғалардың өмірбаянын түсіндіру барысында олардың көшбасшылық қасиеттерін жан-жақты талдап көрсетеміз.

Ұлттық тәрбие. Жанды-жансыз табиғатқа орынсыз зиян келтіруді, ысырап жасауды атам қазақ ежелден қош көрмеген. Бұған дәлел – қазақтың адамзаттық-ғаламзаттық іс-әрекеттерге, таным-түсініктерге, мінез-құлық пен әдет-ғұрыптарға т.б. қатысты толып жатқан наным-сенімдік тыйымдары. Айта кетерлігі, сол ондаған-жүздеген тыйымдардың барлығы – айналып келгенде «жаман болады», «ұят болады», «обал болады» деген қазақы моральдің ұштағанына келіп тиянақтайды екен. Ұлттық ар-ұят кодексін құрайтын бұл үш түрлі ұғымның мағыналық айырмашылығына үңілейікші:

Мұндағы – «жаман болады» – қандай да бір іс-әрекет салдарынан дереу тап болатын немесе түптің түбінде туындайтын оқиғалардан сақтандыруға құрылғанын көреміз. Мысалы: «зиратқа қарай жүгірме», «молаға түнде барма», «кесенеге барғанда шашыңды жайма», «босағаны керме», «Қорымның үстіне шықпа», «Молаға қарап дәрет алма» т.б.

Ал «ұят болады» – адам баласын қандай да бір орынсыз, ерсі мінез-қылық көрсету, әрекет жасау, шешім қабылдау т.б. жағдайлардан сақтандыру тұрғысында, түрлі жағдаяттарға қатысты айтылады. Мәселен, киелі орындарға барғанда қатты күлме, даурығып сөйлеме, селфи суретке түспе т.б.

«Обал болады» – жыбырлаған жәндіктен адамзатқа дейінгі іс-әрекеттерге қолданылады. Сондай-ақ, табиғат байлығына, оның ішінде адамның еңбегі сіңіп әзірленген ас-суды орынсыз ысыраптамауға қатысты да айтылып келе жатыр. Мысалы: «гүлді жұлма», «ұяны бұзба», «киелі орынды ластама» т.б.

«Аруақты сыйлау» - қазақ халқының өзге мұсылман халықтарынан ерекшелігі олардың аруақты сыйлағаны, құрметтегені. «Өлі разы болмай тірі байымайды» дейді дана халқымыз. Сондықтан кесене басында қалыптасқан ережелерге сәйкес әрекет жасаған. Әйел заты тізесін, шашын жауып киінсе, ер адамдар бас киім киген.

Діни және ғұрыптық немесе тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындарда «сезімтал» мәселелерді түсіндіру кезінде әдептілік сақтау маңызды. Әсіресе, ұлтшылдық, діни, рушылдық сияқты қазақстандық бірегейлік ұстанымдарға қайшы келетін әрекеттерден аса сақ болу керек. Ондай пікірлер оқушыларға кері әсер етіп, қоғамдық санаға жат ойлар ұялатады. Жат ағымдардың әсерінен қоғамда түрлі девиантты мінез-құлықтар мен әдеттер пайда болғаны шындық. Атап айтсақ, деструктивті (бұл сөз «бүлдіргіш» деген мағынаны білдіреді) діни ағымдардың әсерінен адамдардың қоршаған әлеуметтік ортадан оқшаулануы мен ұлттық және мемлекеттік құндылықтарды танымайтын топтар пайда болды. Олар ұлттық тәрбие дұрыс жүргізілмеген мектеп қабырғасында қалыптасуы мүмкін.

Сондықтан да киелі орындарға саяхат жасаудың мектептегі тәрбиелік рөлі зор.

Отбасылық тәрбие.

Бала дамуында отбасындағы тәрбие жүйесі үлкен және бірінші кезекті маңызға ие. Тәрбие адам тағдырын шешетін ұлы іс. Ұлы істің бастау бұлағы, қайнар көзі – отбасындағы тағылым мен үлгі-өнегенің, тәлім-тәрбиенің жүйелі, бірізді жүргізілуінен бастау алатыны баршаға белгілі. Үздіксіз тәрбиенің басты сатысы – отбасы тәрбиесі. Отбасында бала еңбек етуге, өмір сүруге әлеуметтік қатынас тәжірибесін игеруге үйренеді, отбасында өзіндік өмірлік көзқарасы қалыптасады.

Қазіргі әлеуметтік, экономикалық қиындықтарды бастан кешу кезінде отбасы адамға ең жақын жылылық сезім, түсінушілік, сүйіспеншілік сыйлайтын негізгі орта.

Отбасылар бір-біріне ұқсамайды, әрі қайталанбайды. Әр отбасының тәрбие потенциалы әртүрлі. Отбасында баланың құқығын бұзбай дұрыс тәрбие беру үшін тәрбие принциптерін біліп, басшылыққа алу керек.

Отбасының рухани тірегі – ата-ана. Сондықтан халқымыз «*Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер*» деп бекерге айтпаған. Бала тәрбие әліппесін отбасынан үйренеді. Ата-ана баланың алдында үнемі байсалды, бірқалыпты мінез көрсетуі тиіс.

Ата-ана балаларын тек қана сөзбен емес өзінің еңбектегі үлгісімен, отбасындағы мінез-құлқымен тәрбиелейді. Тату-тәтті мәдениетті отбасының балалары тәртіпті болып өсетінін өмір дәлелдеуде. Отбасы мүшелерінің

арасындағы бірлік, ынтымақ, үлкенге құрмет, кішіге көмек, сыйластық, шыншылдық жас баланың адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады [9].

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

Еңбектің бейнеті мен зейнетін басынан өткізген халқымыз баланы еңбекке тәрбиелеуді отбасынан бастаған. Ер бала мен қыз бала тәрбиесін бөлісіп алған.

Халқымыз еңбек пен өнерді егіз санаған. Жүн иіріп, өрнек тоқу, киіз басып, үй жабу, ою ойып, сырмақ, түс киіз өрнектеу, тері илеп, бас киім тігу қыздар, әйелдер үшін ерекше өнер санаған.

Ал тері, ағаш, темірмен байланысты кәсіптерді ер адамдар атқарған. Аяқ киім, қайыстан жүген тартып, өмілдірік, құйысқан, қамшы, шідер секілді әбзел істейтін өрімшілік үлкен өнер болып есептелген.

Мектепте еңбекке тәрбиелеу – тәрбиенің жалпы жүйесінің құрамды бөлігі. Еңбекке тәрбиелеу, баулу және кәсіптік бағдар, мектеп оқушыларының қоғамдық пайдалы өнімді еңбекке тікелей қатысуы оқуға деген саналы көзқарасты тәрбиелеудің, азамат болып өсудің жеке адамды адамгершілік және зиялылық жағынан қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады, осымен қатар мұны еңбек тәрбиесінің мақсаты деп түсінуіміз қажет. Еңбек тәрбиесінің негізгі мақсаты – жас жеткіншектерге еңбек туралы тәрбие беру және жеке адамды жан-жақты дамыту.

Еңбек тәрбиесінің мақсаты еңбекке даярлау ғана емес, сонымен қатар жас жеткіншектерді біліммен, іскерлікпен және дағдымен мен қаруландыру қабілеттілігін дамыту, мамандық таңдауға көмек беру болып табылады. Еңбекке тәрбиелеудің міндеттері:

- Еңбекке сүйіспеншілік пен қасиетті орындарға құрметпен қарау.
- Оқушыларды қасиетті орындарды еңбек дағдысы мен іскерлігін қалыптастыру арқылы экологиялық тәрбие беру.
- Мамандықты таңдауға дайындау.

Білім алушыларды қасиетті нысандарға апарғанда оларға зияткерлік, тарихи-танымдық бағыттардан бөлек еңбекке тәрбиелеуге болады.

Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштерінде экологиялық іс-шараларды қызықты етіп ұйымдастырып қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуына ықпал жасаймыз.

Демалушылар мен зиярат етушілердің көптігінен қасиетті орындарға экологиялық зиян келіп, тазалық сақталмайды. Оның салдарынан түрлі эпидемиялар қаупі туындап, туристер толқыны толастауына әкеп соғады. Осындай мәселелердің алдын-алу үшін білім алушылар арасында еріктілер қозғалысын ұйымдастыруға, олардың тазалыққа белсене қатысуын қызықты етіп ұйымдастырудың маңызы зор.

Мәселен, мектеп оқушылары Павлодар облысы Баянауыл ауданы Ескелді шатқалындағы Мәшһүр Жүсіп кесенесіне барды. Сапар барысында білім алушылар Мәшһүр бабанының әруағына тағзым етіп, құран бағыштады. Кесенеден соң мұражайында болып, ғұламаның өмірі мен шығармашылығы жөнінде немересі Қажымұқан Пазылұлының өз аузынан көп мәліметтер алды.

Сапар сонында оқушылар қолдарына күрек ұстап кесене маңында сенбілік жасады, тазалық жұмыстарын жүргізді, ағаштар отырғызды.

Осындай шараларды ережелері стандартқа сай емес, еркін және ерекше қызықты өткізуге болады. Олардың қатарына, әлемдік үрдіске айналған челлендж, плоггинг, флешмоб, акция сияқты заманауи шараларды жатқызамыз.

«Челлендж» ағылшын тілінен енген сөз. «Шақыру» деген мағынаны білдіреді. Әлеуметтік желілердегі табиғатты тазалауға шақырған челленджер әлемнің кез-келген түкпіріндегі қолданушыны жаһандық қозғалысқа араласуға үндейді. Бұл челлендж алғаш рет Instagram емес, қытайлық eibo әлеуметтік желісінде қолданылды. Осы сөз тіркесін арқау еткен флешмоб Қытайда 2018 жылдың қаңтар айында басталды. Қолданушылар бірінен соң бірі челленджді қайталай бастады.

Әлемнің түкпір-түкпірінен адамдар әлеуметтік желілерге фотодерек салуда. Олар өзен-сулардың, жағажайларды, бұлақтарды, тау бөктерін, көшелер, ескерткіштер мен тарихи жерлерді қоқыстан арылтып нәтижесін жариялауды жалғастыруда. Оның қарапайым шарты екі суреттен тұрады. Бірінші суретте қоқысқа толы нысан, екіншісі қоқыстан арылған нысан болуы керек. Қазақстандықтар да жаңа челленджерден қалыс қалмады.

«Плоггинг». Жүгіріп қоқыс жинау. Ол бір мезетте екі істі жасауға бағытталған. Біріншіден, бұл – физикалық белсенділік, екіншіден, қоршаған ортаны қорғау. Мұндай қозғалыс бүкіл әлемде танымалдылыққа ие және әрі пайдалы. Іс-шараға кез-келген азамат қатыса алады.

Олар қолдарына қоқыс қапшық саябақта, ботаникалық бақта, тарихи ескерткіштер маңына жиналған. Плоггинг аясында қоқыс жиналған ең үлкен қапшықты анықтауға бағытталған конкурс өткізілді. Ұйымдастырушылар қаптарды таразыда өлшеп, жеңімпаздарды анықтаған [10].

Жеңімпаздарды анықтау мен марапаттаудың маңызы зор. Еңбек нәтижесіз болса, ол адам бойында еңбекке деген жек көрушілік сезімін туғызады. Ең маңыздысы, мақсатты ұйымдастырған еңбек үрдісінде еңбектің бір түрінен екінші түрі туындап, үздіксіз еңбек ету адам ағзасының күнделікті дағдысына айналады.

Жоғарыда көрсетілген экологиялық акцияларға жеке тұлға, волонтерлік қозғалыс, эко-қозғалыс, эко-клубтар мүшелері мен мектеп оқушылары қатыса алады.

Ескерту, «Плоггингті» – діни және ғұрыптық орындарда өткізуге болмайды. Оның себебі ұлттық таным мен тәрбиеге қайшылығында жатыр.

Қасиетті нысандарға қатысты мектеп өмірінде еңбекке тәрбиелеудің бірнеше түрлерін атауға болады:

- ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштерде сенбілік өткізу. Экологиялық жағдайын жақсарту, тазалықты сақтау, табиғатты күту және қорғау;
- археологиялық ескерткіштер және орта ғасырлық қалалық орталықтарда көшелерді, тротуарларды жөндеуге, қазба жұмыстарына қатысу;

- діни және ғұрыптық орындарда сенбілік өткізу, көгалдандыру, гүлзарларды күтіп-баптау, мәдени-ағарту жұмысын жүргізу.

Қорыта айтқанда, еңбек сабақтарының педагогикалық тиімділігі, олардың білім және тәрбие беру мәнділігінде. Киелі нысандар арқылы оқушыларды еңбекке тәрбиелеу белсенділікке, қоғамшылдыққа тәрбиелеп, олардың әлеуметтік ортамен қарым-қатынасын қалыптастырады. Қоғамдағы пайдалы еңбек - қоғамдағы қажеттілікті қанағаттандыру, жеке адамның жан-жақты дамуына мүмкіндік жасау құралы. Қоғамдық пайдалы еңбек барысында оқушылардың дүниетанымы қалыптасады. Балалар қоғамдық жұмыстарға қатыса отырып, әр түрлі еңбек іс-әрекеттерін орындау тәсілдеріне үйренеді, өздерінің жауапкершілігін сезеді, өзімнің адамгершілік борышым деп есептеп, үлкендер еңбегін бағалайды, олардан үлгі алады.

Сонымен қатар, оқушылардың еңбекке шығармашылық қатынасын қалыптастырады. Олар мамандық таңдау даярлығына жеткілікті дәрежеде әсер ететін болады.

Кейбір мамандықтың түрлерін оның ішінде цифрлы техникалық білімді жетілдіреді. Мамандықты тануда көзқарасы кеңейіп, алғашқы машықтарды меңгереді.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

Егемен еліміз көпұлтты, түрлі діни ағымдар өркендеген мемлекет. 100 ден аса ұлт өкілдері тату тәтті өмір сүріп жатыр. Сондықтан, тәрбиенің негізгі бағыттарының бірі – көпмәдениеттілік. Ұлттар достығы мен ынтымақтастығы басты жетістігіміз. Отансүйгіштік, патриоттық сезімнің диаспора өкілдерінің бойынан көрініс табуы болуы тәрбие міндеттерінің индикаторы деп бағалауымыз керек.

Кез-келген диаспора өкілдері қазақстандық азамат ретінде өзінің білімін, еңбегін елінің өркендеуіне, дамуына қосатынын біледі. Қазақстанды өздерінің жетістіктерімен дүние жүзіне танытып жүрген спорт, өнер жұлдыздары көп. Олардың қатарына спорт әлеміндегі боксшы Г.Головкин, зілтемірші И.Ильин, мәнерлеп сырғанаушы Д.Тен, шаңғышы А.Полторанин, суда жүзуші Д.Баландин және әнші М.Мудрякты жатқызуға болады. Бұл күндері ұлттар бірегейлігі туралы сөз қозғағанда боксшы Геннадий Головкиннің қанатты сөзі еріксіз ойымызға оралады. «Менің әкем-орыс, шешем-кәріс, өзім қазақпын» деген болатын даңқты боксшы Елбасымен кездесу сәтінде. Міне осындай тұлғалардың өскен ортасы, ұлттар достығы туралы түсінігі жас ұрпаққа тәлімді тәрбие береді.

Жоғарыда аталған өлкетануды сипаттайтын ерекшеліктерге сүйене отырып, мұғалімнің алдында тұрған маңызды мақсаттың бірі – баланы дамыту, оған халықаралық аренада өзінің туған мәдениетін таныта білу біліктілігімен негізделген патриоттық тәрбие беру болып табылады. Оқушыларды туған және басқа да мәдениет әлеміне кіргізу, олардың тіл құралы арқылы ойлау қабілеттерінің дамуына ықпал етеді, оқушылар туған халқының менталитетін түсінуге үйренеді. Жеке тұлғаның дүниетанымының қалыптасуы және мәдени дамуы оқушының туған өлкесінің мақтаныштары, киелі орындары, мәдениеті,

әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері, тарихы, тұрмысы туралы білімінің кеңеюі барысында жүзеге асады. Осындай нәтижеге жету өзекті мәселе болып табылады [11].

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

Әр баланың интеллектуалды мүмкіндіктерін, көшбасшылық қабілеті мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетінің дамуын қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Киелі нысандармен жұмыс барысында цифрлық технологияны қолдану дағдыларын дамыту; әлеуметтік белсенділіктің артуы, OnlineLab цифрлық модельдері, интерактивті өзара әрекеттесу, Online Driver Model және т.б.

Үш тілділік қабілетін жетілдіру, өз бетінше білім алу және ақпаратты пайдалана білу; сыни тұрғыдан ойлау, алынған ақпаратты талдау және тиімді пайдалану қабілетін дамыту; зерттеу және жобалау іс-әрекеті, инновацияларға қабілеттілігі дағдыларын меңгеру; пікірталасты жүргізу дағдыларын дамыту; жасампаздық қызмет; командада жұмыс істеу, корпоративтік рухты нығайту; ақпарат көздерін сыни тұрғыдан іріктеу; Интернет-қоғамдастығына қосылу; Интернет-сауаттылықты, сандық және функционалдық сауаттылықты қалыптастыру; ақпараттық қызметтегі этикалық нормалар; жоғары ақпараттық мәдениетті қалыптастырудағы жаңа дағдылар. Киелі жерлерге саяхат барысында үш тілде баяндайтын бейнефильмдер әзірлеу. Дайын материалды монтаждау, интернет желісіне жүктеу, киелі нысандар бойынша қауымдастық ашу, кері байланыс орнату, бейнематериалдарын ішкі және сыртқы бағалауға үйрету.

Киелі орындар бойынша жинаған мәліметтерін зияткерлік байқауларда көрсету. Диспут жарыстарда қолдану. Семинарларға баяндамалар мен рефераттар әзірлеу, эсселер жазу т.б.

Бастауыш сыныпта киелі нысандардағы тазалық сақтау, гүлзарды күтіп-баптау сияқты еңбекті сүю, құрметтеу бағытында жүргізілуі керек.

5-8-сыныптарда білім алушылардың зияткерлік ой-өрісін кеңейту, оларды нысанға қатысты мамандықтың түрлерімен таныстыру керек. Мәселен, кесененің құрылысы мен технологиясын түсіндіру. Бұл балаларға кірпіш дайындау, сырлаушы, сылақшы, қалақшы, зергер, сәулетші сияқты мамандықтар туралы кәсіптік ақпарат алады.

9-11-сыныптардағы киелі орындарға саяхат сабақтардың міндеті мен мақсаты заманауи мамандықты терең білуге, оны меңгеруге алғашқы қадамдар жасауға бағытталуы тиіс. Журналист, тілші, лингвист, аудармашы, археолог, ботаник, географ, кинорежиссер, таспагер, гид сияқты белгілі бір кәсіпке қызықтыруға және қабілеттің дамытуға басым бағыт береміз.

Төртінші өнеркәсіптік революция дәуірінде өмір сүруге қабілетті көптілді, көпмәдениетті, сандық технологияны жетік меңгерген заманауи жастарды даярлау басты мақсатымыз.

Қасиетті нысандарға танымдық жұмыстар аясында оқушылардың ақпараттық-цифрлық технология бойынша теориялық білімдерін көрсетуге мүмкіндік алады. Кері байланыста оқушылар заманауи технологияны пайдалана

отырып бейнебаяндар, үнжариялар дайындайды. Дайын материалды интернет желісі арқылы көпшілікке жариялайды. Пікір білдіргендерге жауап береді. Журналистік, таспагерлік, клипмейкерлік дағдыларын жетілдіреді. Зияткерлік, полиглоттық қасиеттерін көрсетіп өзара бәсекеге түседі. Жамбыл облыстық білім басқармасының жүргізіп отырған жобалары осыған дәлел бола алады [12]:

1. Bestvideo Туған Өлке туған өлкенің тарихи, мәдени құндылықтарын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы оқу-тәрбие үрдісіне енгізуге бағытталған «BestvideoТуған Өлке» жобасы облыстың мектептері іске асырылуда. Жобаға қатысушылар таңдаған бағыты бойынша бейнероликтер түсіріп интернет ресурстарына орналастырады

Жобаны іске асыру барысында өлкенің тарихы, мәдениеті туралы мәліметтер қоры әзірленеді, туристік маршруттар мен экскурсиялардың ақпараттық дайджесттері жарияланады және «Менің туған өлкем» электронды энциклопедиясына фото, бейне материалдар жинақталады.

2. «BILIM анимация» жобасы. Жобаның мақсаты оқушылар мен студенттердің шығармашылық іс-әрекеттер дағдысын қалыптастыру, мультимедиялық компьютерлік бағдарламалармен жұмыс жасау қабілеттерін арттыру, 3 тілді (қазақ, орыс, ағылшын) меңгеруге ықпал ету.

Мектеп оқушылары ұсынылған бағыттар бойынша (*туған өлке, мектеп өмірі, болашақтағы мен, ертегілер әлемі*) тақырып таңдап анимациялық фильм (*қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде*) әзірлейді. Анимациялық фильм басқарманың *zh-bilim.kz* сайтында, *Youtube* каналында, *Facebook* парақшасында жарияланады. Көрсеткіштер электронды дауыс беру арқылы анимациялық фильмді бағалайды. Дауыс беру қорытындысы бойынша жеңімпаз анықталады.

3. «BILIM FM мектеп радиосы» оқушылар мен мектеп ұжымын түрлі жаңалықтармен, соңғы хабарландырулармен қамтамасыз ету мақсатында білім мекемелері арасында өткізіледі. Онда бірнеше *айдарлар* қарастырылған. Оның ішінде тарихи жерлер туралы анықтамалық ақпараттарға арналған «*Туған өлке*» айдары аптасына 2 рет тыңдармандармен қауышады.

Бұл жобалар мектептегі кәсіби өзін-өзі анықтауға негіз болады деп айта аламыз. Сонымен қатар, Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асырудың жарқын көрінісі болмақ.

Кейбір өңірлерде бұл жұмыстарды жергілікті әкімшілік тарапынан жүзеге асырылған. Мәселен, Түркістан облысы киелі орындарға танымдық бейнебаяндар әзірлеп шығарған. «Киелі Қазығұрт», «Жібек жолы бойындағы қалалар», «Отырарды қорғау», «Көне Жетіген», «Қажымұқан» бейнебаяндары дискіге жазылған. Дайын өнім білім беру ұйымдарына қолжетімді. Бұл бейнебаяндарды әзірлеуге оқушыларда қатысып, түрлі мамандықтың алғашқы дағдыларын меңгергенін айта аламыз.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Мақсаты: салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру.

Аталған бағытқа сәйкес «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Саналы азамат» базалық бағытын қарастыру қажет.

Қамтамасыз ету жолдары: білім беру ұйымдарының тәжірибелік-бағытталған тәрбие ортасын құру; белгілі бір артықшылықтар алу арқылы білімді түрлендірудің жеке тәжірибесін жинақтау; өмірлік дағдыларды қалыптастыру, өзін-өзі үздіксіз жетілдіруге, ойын және еңбек іс-әрекеті арқылы салауатты өмір салтына деген қызығушылығын тәрбиелеу.

Бағалау критерийлері: денсаулық жағдайының скринингін; әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерін тілеу және соған дайын болу; теріс әсерлерге қарсы тұрудың тиімді тәсілдерін меңгеру; табиғи алғышарттарды ұтымды пайдалану; денсаулықты сақтау мен нығайту, қауіпсіз және жауапкершілікті мінез-құлық; жаңа өмірлік жағдайларға сабырлы болу; қауіпсіздік пен тіршілік әрекетін қамтамасыз ету; денсаулық сақтау ортасын құру.

Іске асыру тетіктері:

1. Сабақтар, дене шынықтыру сабақтары, оқу пәндері, қосымша білім беру, спорт секциялары мен үйірмелерін өткізу, «Өзін-өзі тану» ҰДО бағдарламасы шеңберінде репродуктивті денсаулық, нашакорлықтың, алкоголизмнің, темекі шегудің алдын алу, адамның иммунитет тапшылығы вирусы және салауатты өмір салтының негіздері бойынша ақпараттық-ағарту курстарын, семинар-тренингтерін өткізу; Денсаулық фестивальдары, спартакиадалар, қауіпсіздік бағыттары; ақпараттық-насихаттау материалдарын әзірлеу және тарату; «сенім қызметтерін» ұйымдастыру.

2. Білім алушыларды спорттық іс-шараларға, спорт клубтарына, бұқаралық, ойын және жастар арасында танымал спорт түрлерін спорт федерацияларымен өзара іс-әрекет арқылы тарту. Білім алушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, оның ішінде тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Көптеген спорт түрлері бойынша мектеп пен студент лигаларын дамыту.

Басты іс-шаралар: 1. Үйірмелер, секциялар, клубтар жұмысының оң тәжірибесін тарату, салауатты өмір салтын, сауықтыру жүйесін насихаттау үшін жобаларды енгізу. 2. Есірткі және басқа да зиянды заттарды пайдаланудың алдын алу, өрт қауіпсіздігі, ЖҚЕ, қауіпсіздік техникасы, суицидтің алдын алу бойынша бағдарламаларды іске асырудың түрлі форматтағы іс-шаралары [8].

Киелі жерлердегі тәрбие жұмыстарының мынадай әдіснамалық негіздері бар.

✓ *Антропологиялық көзқарас* – тәрбие тақырыбы ретінде адам туралы білімнің барлық деректерін және олардың есебін біртұтас педагогикалық процесті құруда және жүзеге асыруда жүйелі қолдану.

✓ *Тұлғалық-бағдарлы көзқарас* – өзара байланысты түсініктер, іс-әрекет идеялары мен тәсілдер жүйесіне сүйену, тұлғаның өзін-өзі тану, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі жүзеге асыру процесін қолдау, оның дербестігін дамыту. Тұлғалық-бағдарлы көзқарас білім алушының оқу процесінде өзінің

өмірлік іс-әрекеттерін және тұлғалық болмысын жүзеге асыратын белсенді субъект ретінде қалыптасуына бағытталған.

✓ *Қызметтік көзқарас* – педагог өз тәрбиеленушілерін мақсат қою және іс-әрекетін жоспарлау, оны ұйымдастыру және реттеу, бақылау, өзіндік талдау және іс-әрекет нәтижелерін бағалауға үйретуі үшін қажет баланың іс-әрекетін қалыптастыру, таным, еңбек және қарым-қатынас субъектісі позициясына ауыстыру бойынша арнайы жұмысты талап етеді.

✓ Сол немесе өзге қызметтің тиімділігі тұлғаның дербестік дәрежесіне, шығармашылық белсенділігіне, қызығушылықтарына, қажеттіліктеріне және өзін-өзі өзгертуге әзірлігіне тәуелді.

✓ *Жүйелілік-тұтастық көзқарас*. Жүйелілік және тұтастық «тұлға өзін басқаларға тұтас феномен ретінде көрсетеді және әр жеке мінез-құлық жағдайында әлемге (қоғамға, басқа адамдарға, өзіне) қатысты өзінің тұлғалық көзқарас жүйесін құрастырады. Әлеуметтік-психологиялық феномен ретіндегі тұлғаның тұтастығы жалпы педагогикалық процесте және оның барлық субъектілерінің (мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар) бағыныштылығын көрсетеді.

✓ *Синергетикалық көзқарас* тәрбиені тура себеп-салдарлы байланыстарға негізделмеген, белгілі бір деңгейде өздігімен ұйымдастырылатын процесс ретінде емес, керісінше бір мағыналы емес, заңды және кездейсоқ, болжанған және стихиялы, ретті және ретсіз сияқты көптеген ішкі және сыртқы ықпалдармен келісілген процесс ретінде қарауға мүмкіндік береді.

✓ *Гуманистік көзқарас (гуманистік бағыт принципі)* – педагогтің тәрбиеленушіге өз дамуына жауапты және дербес субъект ретінде бірізді қарым-қатынасы, оның тәрбие процесінде тұлғамен және ұжыммен ізгілікті қарым-қатынас негізінде өзара әрекет стратегиясы.

✓ *Мәдени сәйкестілік тәсілі*. Тәрбие мәдениеттің жалпыадамзаттық құндылықтарына негізделуі және ұлттық мәдениеттердің жалпыадамзаттық құндылықтары мен ұлттық мәдениет нормаларына сәйкес құрылуы тиіс.

✓ *Аксиологиялық тәсіл*. Аксиологиялық (құндылықты) тәсіл тұлға адамзаттың ең жоғары құндылығы болатын, барлық гуманистік тұжырымдамалардың негізі болып табылады. Аксиологиялық тәсіл – тәрбие рухани-адамгершілік дәстүрлерге, сонымен қатар ұлттық және әлемдік мәдениетке негізделуі тиіс деп бекітеді.

✓ *Этнопедагогикалық тәсіл* тәрбиені ұлттық этникалық сана-сезімді қалыптастыруға бағытталған ұлттық мазмұнмен толықтыруды, барлық азаматтардың ана тілін үйренуге және ана тілінде сөйлеулеріне, өз ұлтының салт-дәстүрлерін зерделеуге жағдай жасауды көздейді.

✓ *Этномәдени тәсіл* ұлттық білім алушы тұлғасының тәрбиесі ретінде (өз халқының тарихын, тілін, мәдениетін, салт-дәстүрлерін зерделеу және меңгеруді этникалық әлеуметтену қажетті шарт ретінде) қарастыруды көздейді. Ол басқа ұлт өкілдерінің мәдениетін білуге қызығушылық тудырумен; жалпыазаматтық құндылықтарды меңгерумен, басқа ұлт өкілдерімен қарым-

қатынас жасау білігін және дағдыларын қалыптастырумен тығыз байланыста болуы тиіс.

✓ *Көпэтникалық, көпмәдениеттілік тәсіл.* Аталған тәсілдің мақсаты: - үйлесімді тәрбиелеу, шынайы-позитивті, рухани-адамгершілік (этносқа қарамастан) қатынастар, әлемдік мәдени мұра мен шетел тілдерін меңгеру, көпмәдениетті білім беруді және этносаралық толеранттылықты дамыту; - көпұлтты және көпмәдениетті ортада әртүрлі ұлт, нәсіл, діни наным-сенімді ұстанатын адамдармен бейбіт әрі келісіммен өмір сүре алатын, жоғары түсінікке ие және басқа мәдениеттерді құрметтей алатын, белсенді және жақсы өмір сүруге қабілетті тұлға тәрбиелеу; - олардың көзқарасына, мінез-құлқына, әдетіне, өзара құрметке ұмтылуда байқалатын әртүрлі қызығушылықтар мен ешбір қысым көрсетпей, түсіндіру мен құрмет көрсету әдісін қолдана отырып көзқарасты түсіну мен келісуде этникалық, ұлттық немесе мәдени қатынасына қарамастан басқа адамдарға шыдамдылық танытумен сипатталатын этносаралық толеранттылықты (тұлғаның моральдық қасиеті) дамыту [12].

Тәрбие жұмыстарын жүргізудің жолдары. Қазақстанның киелі орындарындағы тәрбие жұмыстарын жүргізудің 2 жолы бар.

1. Жалпы білім беру ұйымдары.
2. Қосымша білім беру ұйымдары.

Жалпы білім беру ұйымдарында пәндік бағдарламаға сәйкес өткізіледі. Мәселен тарих, көркем еңбек, әдебиет, музыка, география, биология пәндерінің тақырыптарына сәйкес киелі нысандарда сабақ өткізе аламыз. Мұндай сабақтарды пән мұғалімдері өткізеді. Оларға сынып жетекшісі мен тәлімгерлер немесе киелі нысандағы жауапты адамдар (шырақшы, кешен қызметкері т.б). Мектептегі түрлі үйірме, клуб, студия, ансамбль, топ, театр және басқа да (бұдан әрі - бірлестіктер) маршруттық бағдарлама әзірлеп киелі нысандарға экскурсия жасай алады.

Мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында аталмыш жоба бойынша жұмысты барлық күнтізбелік жыл бойына ұйымдастырылады. Мектептегі каникул уақытында қажеттілігіне қарай белгіленген тәртіппен клубтар, лагерьлер және туристік базалар ашылады, өз базасында немесе балалардың тұрғылықты орны бойынша лагерьлерде (қала сыртында немесе күндізгі болу) балалардың тұрақты және (немесе) ауыспалы құрамымен түрлі топтар құрылады, шеберлік сағаттары өткізіледі.

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының білім беру қызметін педагогтер, әдіскерлер, педагог-ұйымдастырушылар және оларға теңестірілген адамдар тиісті бейіндегі мамандар жүзеге асырады.

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында балалардың қызметі қызығушылықтары бойынша бірыңғай жастағы және түрлі жастағы бірлестіктерде жүзеге асырылады. Қызығушылықтары бойынша бірлестіктерді қалыптастыру балалардың ерікті таңдауына негізделеді [13].

Білім беру ұйымдарындағы қасиетті нысандар бойынша тәрбие жұмыстары экскурсия түрінде жүргізіледі.

«Экскурсия» (excursio) латын тілінен аударғанда «серуендеу» деген

мағынаны білдіреді. Экскурсия дегеніміз – табиғат, қасиетті нысандарға, жергілікті жердің тарихи жерлеріне ұжыммен ұйымдасқан саяхат жасау. саяхат сабақ, жорық сабақ, жанды сабақ, практикалық сабақ, танымдық сабақтарды экскурсияға жатқыза аламыз. Белгілі бір мақсаттары айқындалған мұндай сабақтарға бағдарлама құрылады. Бағдарламада туристік маршруттың желісі көрсетіледі.

Маршруттар бойынша жүргізілген экскурсиялар оқылған материалды тәжірибемен бекіту мақсатын көздейді, ал бағдарламадан тысқары экскурсиялар зерттеушілік сипатқа ие болады. Экскурсияның бірнеше түрлері бар. Олар: тарихи, кәсіптік, табиғи, архитектуралық, әдеби және т.б. Экскурсиялар тақырыптық және кешенді болып бөлінеді, нысанның орналасқан жеріне байланысты жақын және қашық болуы мүмкін. Экскурсия нысаны болып бір оқиғамен байланысты ғимараттар, түрлі құрылыстар, археологиялық ескерткіштер, өнер туындылары саналады.

Туристік маршрутты құруға жорықтың мақсаты (сауықтыру демалысы, танымдық) негіз болады. Ірі және орта масштабты топографиялық карталардан оның ұзындығы мен ұзақтығын, қонатын, тынығатын орындарды анықтайды. Бұл сызбаны *маршруттың желісі* дейміз Дайын маршрут артық күшті, қаржыны жұмсамай, мақсатқа жетуге мүмкіндік береді.

Қасиетті нысандарға саяхатты ұйымдастыруға арнайы мамандар шақырылады. Себебі, осы бағыт бойынша білікті мамандар негізгі заңдарға сүйеніп барлық ережелерді сақтай отырып өткізеді. Олар жоспарлы жұмыстарды тиімді жүргізу үшін қажетті ұйымдармен бірлестікте болады. Бұл мамандар саяхат барысында логистика, тамақтану, қауіпсіздік, медициналық көмек, құтқару, ақпараттандыру жұмыстарына жауапты болады.

Түркістан облысы білім басқармасының облыстық «Жас туристер» станциясы деректерін үлгі ретінде ұсынамыз.

Алдымен, педагогикалық кеңестің кезекті отырысында білім алушыларды экскурсияға жіберу туралы шешім қабылданып, хаттама толтырылады (А Қосымшасы).

Хаттаманың негізінде облыстық білім басқармасы басшының экскурсияға жіберу туралы бұйрығы жарияланады (А1 Қосымшасы).

Осы бұйрыққа сәйкес негізгі немесе қосымша білім беру ұйымы директорының бұйрығы жарияланады (А2 Қосымшасы).

Бұйрыққа қосымша туристік маршрут желісі және экскурсияға баратын балалардың тізімі тіркеледі. Бұйрық бірнеше тармақтардың тұрады.

Бірінші тармақта оқу-танымдық экскурсиясына жіберілетін үйірме мүшелері мен топ жетекшілерінің тізімі және туристік маршрут бекітіледі.

Екінші тармақта үйірме мүшелерінің денсаулығы мен өмір қауіпсіздігі ережелерінің сақталуына жауапты мамандар көрсетіледі.

Үшінші тармақта үйірмешілердің денсаулығын қадағалайтын мекеме медбикесі бекітіледі.

Төртінші тармақта оқушылар мен топ жетекшілерін тасымалдау (автокөліктің мемлекеттік нөмірі) автокөлігінің жүргізушісіне жүктеледі.

Бесінші тармақта жоғарыда аталған қызметкерлердің жұмыс орнындағы жалақылары сақталып, іссапар шығыны жұмыс орнынан төлеу туралы айтылады.

Алтыншы тармақта бұйрықтың орындалуын қадағалау міндеттелетін кәсіпорын маманы көрсетіледі.

Сонымен қатар, осы бұйрыққа қосымша ретінде экскурсияға баратын оқушылар тізімі және туристік маршруттың желісі бекітіледі (А3 және А4 Қосымшалары).

Кешенді жұмыс аяталған соң жауаптылар оқу-танымдық экскурсиясы есебін дайындайды (А5 Қосымшасы).

Экскурсия есебінде қамтылады:

- мақсаты;
- қатысушылар;
- бағыты;
- күнделікті жазбалар;
- жетістігі;
- қорытынды;
- кері байланыс.

Сонымен, өлкенің өмірін, ондағы болған тарихи оқиғаларды, жерлерді, табиғатын толығырақ сипаттау үшін, өлкенің киелі жерлерінен деректер мен материалдарды үздіксіз жинап, оқып, зерттеу қажет. Олар келесі сипатта болуы мүмкін:

- ғылыми еңбектерден және ақпараттан, көркем шығармалардан әдеби материалдар жинақтау;
- археологиялық қазбалар жүргізуге қатысу;
- өлкенің көнекөз қарттарымен кездесу;
- өлкеге қатысты шежірелер мен аңыздар жинау;
- журнал және газеттердің мақалалары;
- географиялық карталар;
- әр түрлі хаттар, жылнамалар және басқа да жазбалар, газет-журналдар беттерінде жарық көрген фотосуреттер;
- мектепте тарихи мұражай ашу.

Мұрағаттарда, әкімшіліктерде, отбасылық мұрағаттарда сақталған құжаттар, өлкеде ұзақ уақыт өмір сүріп жатқан қарт адамдардың естеліктері, сипаттамалар, жиынтықтарды оқу және қорытынды жасау. Туған өлке туралы ақпараттың тағы бір көзі, ол – жергілікті тұрғындардың отбасылық альбомдарындағы фотосуреттер, бұлардың бәрі оқушыға туған өлке туралы ақпарат алуға мүмкіндік тудырады.

Фотосуретке және кинофильмге түсіру – киелі нысандармен тәрбие жұмыстарын жүргізудегі маңызды құралдардың бірі болып табылады.

Кері байланыста оқушылар жинаған материалдарынан бейнебаяндар, альбомдар дайындап жариялайды.

Қасиетті нысан туралы материалды іріктеу өте маңызды болып саналады, өйткені оқушының нысан немесе туралы әңгімелеу қабілеті, әңгімелеудің

мазмұны оқушы үшін қызығушылық тудырған жағдайда және әңгімелеуге негіз болатын жағдай жасалғанда ғана жетілдіріледі. Келесі факторлардың нәтижесінде қасиетті нысан тақырыбы сабақта коммуникативтік белсенділік тудырады:

- оқушылар не туралы айтып тұрғандарын толық түсінген жағдайда;
- оқушылар өздері үшін маңызды әрі қымбат нәрсе туралы әңгімелеген жағдайда.

Сондықтан қасиетті нысан материалын іріктеу барысында келесі себептерді ескерген жөн:

- оқушылар үшін материалдың шынайылығын, яғни оқушылар әңгіменің не туралы екендігін нақты елестете алулары керек;
- ұсынылған материалдың оқушылар үшін қызықты болуы (осы ақпаратты білгім келіп еді деген талаптың болуы);
- берілген материалдың бағдарламалық тақырыпқа сәйкестігін;
- берілген материалдың әлеуметтік құндылығын;
- тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыстың орнауын.

Жоғарыда аталған қасиетті нысанды сипаттайтын ерекшеліктерге сүйене отырып, мұғалімнің алдында тұрған маңызды мақсаттың бірі – баланы қасиетті нысандарды қастерлеуге тәрбиелеу, оған халықаралық аренада өзінің туған мәдениетін таныта білу біліктілігімен негізделген патриоттық тәрбие беру болып табылады. Оқушыларды туған және басқа да мәдениет әлеміне кіргізу, олардың тіл құралы арқылы ойлау қабілеттерінің дамуына ықпал етеді, оқушылар туған халқының менталитетін түсінуге үйренеді. Жеке тұлғаның дүниетанымының қалыптасуы және мәдени дамуы оқушының туған өлкесінің мақтаныштары, киелі орындары, мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері, тарихы, тұрмысы туралы білімінің кеңеюі барысында жүзеге асады. Осындай нәтижеге жету өзекті мәселе болып табылады.

Сонымен, қасиетті нысан жайлы білім беру оқытудың жобалық, коммуникативтік, тәжірибелік әдістерін оңтайлы және тиімді пайдалану арқылы, сыныпта және сыныптан тыс әрекеттердің әр түрлі тәсілдері арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

2 ЖОБА ШЕҢБЕРІНДЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Киелі сөзінің мән-мағынасы өте күрделі. Халқымыз осы ұғыммен зорлық-зомбылыққа, әділетсіздікке қарсылығын, адамның, табиғаттың, қоғам арасындағы жарасымдылық пен үйлесімді сақтауға құштарлығын білдірген. Жүгірген аңның, ұшқан құстың, жер мен судың, ерекше қасиетке ие адамның киесі ұрады деуімен қоғамдық-саяси, рухани, экологиялық, әлеуметтік тұрақтылықты, ынтымақ пен ықпалдастықты бәрінен жоғары қоя алған. Киелі сакралды географияның тұңғышы Қазығұрт тауы десек, еш қателеспейміз. Өйткені таудың басында Нұх пайғамбардың кемесі қалғаны туралы аңызды білмейтін қазақ жоқ, оған тәу етушілер күні бүгінге дейін үзілген емес. Түркілердің отаны – Алтайдағы Берелді, Мысыр пирамидаларымен қатар тұруға лайық Бесшатыр қорғанын қалайша киелі сакралды географияға жатқызбаймыз?! [14].

Тәрбие – үздіксіз процесс, ол жалпы білім беретін мектептердің тәрбие жүйесінің барлық компоненттерімен іске асырылады, оларға: сабақтар, сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие шаралары, сынып ұжымындағы іс-әрекет, қосымша білім беру жатады. Оқу процесінің тәрбие әлеуеті күшті. Заманауи білім беру бағдарламаларының мазмұны елеулі тәрбие мүмкіндіктерінен тұрады, оларды іске асыру оқу процесінің негізгі бірлігі ретінде сабақтың ойластыра ұйымдастырылуына байланысты. Сабақ тек ақпарат көзі болып қана емес, тұлғаның қалыптасуына ықпал етіп, дамытуы, тәрбиелеуі үшін келесі талаптар сақталуы қажет:

- сабақтың мақсаты мен міндеттерінде оқыту, тәрбие және дамыту бірлігі принципін бейнеленуі;

- адамгершілік, руханилық, азаматтық және ізгіліктің жоғары үлгісінен тұратын оқу материалын мақсатты таңдау;

- білім алушылардың жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесінде дұрыс бағдарлануы үшін ізгілендіру және ізгіліктендіру принциптерін, балада қоршаған дүние үшін жауапкершілігін дамытатын экологияландыру принципін, іс-әрекеттің түрлі бағыттарында балалардың бейімі мен шығармашылық қабілеттерін анықтауды және дамытуды көздейтін сыртқы және ішкі саралау принциптерін іске асыру;

- педагогикалық технологиялардың тәрбиелік әлеуетін пайдалану;

- білім берудің түрлі сатылары және оқу бағдарламаларының мазмұндары арасында сабақтастықты жүзеге асыру;

- білім алушылардың өзіндік шығармашылық, зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;

- сабақ мазмұнына білім алушылардың жағымды әлеуметтік-мәдени тәжірибесін кеңейтуді қамтамасыз ететін әлеуметтік рөлдердің ойнатылуын белсенді түрде қосу.

Көрсетілген талаптарды орындау оқу пәндерінің тәрбиелік әлеуетін белсенді іске асыруға ықпал етеді. Сабақты жоспарлауда және өткізуде тек қана

сабақ материалының мазмұны және қолданылатын формалар, әдістер мен технологиялар тәрбие мүмкіндігіне ие емес екенін есте сақтау қажет. Педагогтың тұлғалық қасиеттері (оның сыртқы келбеті, мінез-құлық мәдениеті, сөзі, сенімділігі, сезімділігі), мұғалім мен оқушылар қарым-қатынасының стилі (ақкөңілдік, әділдік, педагогикалық сыпайылық, сабақта іскерлік ахуалын туғызу, оқушының жеке жетістігін қолдау) тәрбиелейді. Сондықтан сабақтың әр кезеңі белгілі бір тәрбиелік мүмкіндіктерге ие.

Тәрбиелей оқыту принципі оқыту мен тәрбие бірлігінің заңдылықтарына негізделеді (Л.С. Выготский). Оқыту процесіндегі тәрбие білім алушыларды интеллектуалды, ең бастысы қызығушылықтарын ескере отырып креативтік, жеке танымдық қабілеттерін дамытумен байланысты. Сонымен қатар, туған жерінің, өлкесінің тарихымен, мәдениетімен байланысты оқу материалын қосымша қамту арқылы меңгеру тек таным аясын дамытып қана қоймайды, сол сияқты ұйымшылдық, дербестік, шыдамдылық, іскерлік, еңбексүйгіштік, тәртіптілік сияқты тұлғалық қасиеттері мен сапаларын, тұлғаның тарихи санасын қалыптастырады [15].

Айналып келгенде, тарихи сана – этностық және жалпы мемлекеттік сананың негізі. Ұлттық ой-сана, этностың мыңдаған жылдық аңыз-әфсанасы, бейне-белгілері, наным-сенімдері халықтың тарихын білу арқылы ғана ерекшеленеді. Туған жердің, онда өмір сүріп отырған халықтардың, бір кездегі жасаған мемлекеттердің шежіресін білу тарихи сабақтастықты, тамыр тереңдігін, талай жылдардан бері іргелес қоныстанған халықтар тағдырының ортақтастығын білдіреді.

Тарихи сананы қалыптастыру – тарихи танымның дұрыс қалыптасуына тәуелді. Ал тарихты тану, қазіргі деректерді білу ғана емес, сол тарихи оқиғалар мен деректерді талдау арқылы ақиқатқа жету болып табылады [16].

Білім алушылардың бойында тарихи сананы қалыптастыру, туған жерінің тарихын, аңыз-әңгімелерін білуге, оқуға деген құштарлығын арттыру мақсатында «Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасының шеңберінде қасиетті нысандар тізіміне енген жерлердің тәрбиелік мәнін жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан тарихы», «География», «Технология» оқу пәндерінің мазмұнына кіріктіруді (1-кесте) ұсынамыз.

1-кесте - Қасиетті нысандар тізіміне енген жерлерді «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан тарихы» оқу пәндерінің мазмұнына кіріктіру

«Қазақ әдебиеті» оқу пәні. 5-сынып	
«Таза, мінсіз асыл сөз» бөлімі.	
«Қобыланды батыр» жыры	Жиренқопадағы «Қобыланды батыр» мемориалдық кешені Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жиренқопа ауылында орналасқан. Қобыланды батыр – шамамен XV ғасырда өмір сүрген

	<p>атақты тарихи тұлға, жоңғар мен қалмақтарға қарсы соғысқан батыр.</p> <p>Мемориалдық кешен Қобыланды батырдың сүйегі қайта жерленген мавзолейден, Даңқ залынан және белгі тастардан тұрады. Төбесінен қарағанда кешен қалқанның үстіне қойылған батырдың дулығасына және жанында жатқан садаққа ұқсайды</p>
«Қазақстан тарихы» оқу пәні. 5-сынып	
«Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі» бөлімі	
«Ботай мәдениеті» тақырыбы	<p>Ботай қорымы жылқы мен адам арасындағы байланыстың жұмбақ күйінде қалған тұстарын ашуға негіз қалады. Расында да, бұл тарихтағы таңғажайып жаңалықтардың бірі еді. Қазақ пен жылқыны бір-бірінен бөліп қарау еш мүмкін емес. Басқа халықтардай емес, қазақтың жылқыны аса қастер тұтатынының да астарында осы жайлар жатқанын аңғарамыз.</p> <p>Ботай біз үшін ежелгі адамдар қонысы ғана емес, төл тарихымыздағы сабақтастықты төрткүл дүниеге жарқыратып шығарған құнды ескерткіш те болып табылады.</p> <p>Осыдан 5-6 мың жыл бұрын бабаларымыздың адамзат өркениетіне тұңғыш көлік құралы – жылқыны әкеліп, бұл түлікті қолға үйреткені шынымен таңқаларлық жағдай. Ендеше, қазақтың қиыр даласының бір төсінде жер-ананың бауырында тұмшаланған ежелгі адамдар қонысы – Ботай қорымы қазақ тарихына осылай даңғыл жол салды [17].</p>
Андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеттері тақырыбы	<p>«Беғазы» Қарағанды облысы Ақтоғай селосынан 40 шақырымдай жерде орналасқан тарихи нысан еліміздің жалпыұлттық қасиетті орындары санатына енген. Сонымен қатар, ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мәдени мұралар тізіміне үміткерлер қатарына қосылды.</p> <p>Қола дәуірінің соңғы кезеңдерінде Орталық Қазақстан жерінде өркендеп, көршілес аумақтарға ықпал етіп, кеңінен тараған атақты Беғазы-Дәндібай мәдениеті белгілі болды. Дәндібай да жер атауы. Осы екі атау біріктіріліп, сол жердегі ежелгі өркениет қонысын «Беғазы-Дәндібай мәдениеті» деп атайды тарих ғылымында.</p> <p>Бүгінде әлемге белгілі болған Беғазы қорымына шетелдік саяхатшылар да көптеп келуде. Жергілікті мамандардың айтуынша 2017 жылы ЕХРО-ға Голландия, Германия, Моңғолия мен Қытайдан келген туристер осы жаққа ат басын бұрып, аралап көріп</p>

	қызықтап қайтқан. Бегазы жауға шапқан батыр қыз болған, таудың аты соның ерлігіне орай қойылған деген аңыз сақталған ел аузында [18].
«Қазақстандағы жартастарға салынған ежелгі суреттер» тақырыбы.	Таңбалы (Тамғалы) археологиялық кешені – бұл ежелгі шығармашалық көрме, оның суреттерінде адамдар мен жануарлар, ежелгі адамдардың өмір қалпы суреттелген. Тамғалы шатқалы Алматы қаласынан солтүстік-батысына қарай 170 км, Алматы облысының Шу-Іле тауларының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Қазақстан тарихында із қалдырған көптеген халықтар үшін Тамғалы шатқалы әулие жер деп саналып, салттық рәсімдер жүргізілді, құдайға табыну, ата-баба рухына тағзым жасалды. Ашық аспан астындағы күн мен ай кезек тамашалайтын табиғи музей сияқты [19].
«Сақтар» бөлімі	
«Берел қорғандары»	Қазақстандағы сақ дәуірінен сақталған тарихи ескерткіш. Қорым б.з.б. V-IV ғасырларда салынған. Берел қорымы Шығыс Қазақстан облысындағы Бұқтырма өзенінің оң жағалауында Берел ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 7 шақырым жерде, таулы аңғарда орналасқан. Қорымның құрамында 30-дан астам оба бар. Обалардың бірінен қалың тақтайдан текшелеп, үсті бөренелер мен бірнеше қабат тоз және бұтамен кезектесіп жабылған там табылған. Оның ішінде апалы-інілі – 35-40 жастар шамасындағы ер адам мен 50 жастағы әйел мүрделері табылған. Олардың аса бай салтанатпен безендірілген киімдері көгілдір ақық моншақтармен, жұқа алтын әшекейлермен сәнделген. Қастарына небір әсем тұрмыстық заттар қойылып, 13 мініс сәйгүлігі жерленген. Ең ғажабы, ұзақ сақталатын арнайы өңдеуден өткізіліп, мәңгілік тоңның астына қойылғандықтан, жылқылардың сүйегі мен жүні ғана емес, етіне дейін сақталған, бұл сол кездердің өзінде-ақ ата-бабамыздың ет сақтау технологиясын меңгергендігінің дәлелі болып табылады [20].
б-сынып	
«X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан» бөлімі	
«Қарахан мемлекеті» тақырыбы	Қазақстанда 11 ғасырдан сақталған сәулет өнері ескерткіші. Қазіргі Тараз қаласының батыс шетінде. Кесене Қарахан әулетінен шыққан белгілі хан Ша-Махмуд Бұғра Қарахан қабірінің басына орнатылған [23].

	<p>Әулие Қарахан өз заманында аса данышпан, құдіретті патша болған. Сол кездегі атақ-абыройы дүниені дүр сілкіндіріп тұрған дейді. Шексіз байлығына қарамастан, қарапайым өмірді місе тұтқан. Аң патшасы арыстанның өзін бағындырып, айтқанын орындатқан. Тіпті, арыстанды атша ерттеп, жол-жотада жорғалап жүрген деседі [22].</p>
<p>«XIII-XV ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан» бөлімі</p>	
<p>«Қазақстандағы моңғол шапқыншылығы» тақырыбы</p>	<p>Отырарды қорғаудағы қала халқының ерлігін сипаттау мақсатын жүзеге асыру барысында Отырар қалашығымен таныстырып өту.</p> <p>Отырар ортағасырлық ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби туған аймақ астанасы ретінде кеңінен танымал. Отырар орнында елді мекеннің пайда болуы біздің дәуіріміздің бірінші ғасырларына сәйкес келеді. Алғаш рет «Отырар» және «Фараб» атаулары жазба деректерде б.д. IX ғ. кездеседі. X-XII ғғ. кезеңі, моңғол шапқыншылығы тамырын шапқан қалалық өмірдің гүлдену кезеңі болды. 1219 жылы Отырар Шыңғысхан әскерінің соққыларынан құлады. Алайда, Отырар қайта түлеп, XIII ғасырдың ортасында Батыс пен шығыс арасындағы жолда ірі сауда орталығына айналды. 1405 жылы Отырар сарайларының бірінде Темірлан қайтыс болады. Отырардағы өмір XVIII ғасырға дейін жалғасты. Қала жұрттың жалпы сипаты Қазақстан мен Орта Азиядағы ортағасырлық ескерткіштердің көпшілігінің сипатына тән [23].</p>
<p>«Моғолстан. Әбілқайыр хандығы» тақырыбы</p>	<p>«Хан моласы» – Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданындағы Толыбай елді мекенінен 90 шақырым қашықтықта орналасқан көне қорым.</p> <p>Ал Әбілқайыр хан сүйегінің осы қорымда жатқанын ел аузындағы деректер ғана емес, орыс зерттеушілерінен қалған жазба деректер де растайды. И. Крафт 1898 жылы «Хан моласының» Торғайдан 80 шақырым жерде екенін, хан қабірінің басында өсіп тұрған ағаш барын жазып қалдырған, сондай-ақ қазақтардың ол жерді қасиетті орын санайтынын да атап көрсеткен.</p> <p>Кешен Әбілқайыр хан кесенесі мен үш бөлікті алып ескерткіштен тұрады. Ескерткіштің биіктігі – 23 метр. Әр бөліктің астыңғы жағында «Әбілқайыр хан» деген жазу бар және Ұлы Даланы жайлаған барлық қазақ руларының таңбалары салынған [24].</p>
<p>«Есім хан билігі кезіндегі Қазақ</p>	<p>Есім хан кесенесі – ХҮІІ ғасырдан сақталған архитектуралық ескерткіш. Қожа Ахмет Иасауи</p>

хандығы бірлігінің нығаюы» тақырыбы	<p>кесенесінің батыс мұнарасынан оңтүстікке қарай 12 м жерде орналасқан. Кесене Қазақ хандығының ханы Есім ханның қабірінің басына тұрғызылған.</p> <p>Кесене күйдірілген кірпіштен төртбұрышты (9x9 м) етіліп өрілген. Негізгі қасбеті портал түрінде болып келеді. Қасбеттері жылтыр қалақтаспен геометриялық ою-өрнектер түрінде әшекейленген. Оңтүстік-шығыс жағында кесенеге кіретін есік бар. Сақталған қабырғасының енінің 1,2 м болуы да биік күмбезді көтеруге шыдайтындығын көрсетеді. Еденіне төртбұрышты күйдірілген кірпіш төселген. Кесененің сақталған бөлігі 2000 жылы қайта жөнделді [25].</p>
Қазақ хандығының XVI - XVII ғасырлардағы дамуы бөлімі	
«Жәңгір хан тұсындағы қазақ-жоңғар қарсылығы» тақырыбы.	<p>Қояндытау мен Қатутау арасындағы Орбұлақ шатқалы (қазіргі Алматы облысы) Орбұлақ шайқасы болған киелі орынға, Жоңғар Алатауының ең биік шыңында белгітас қойылды.</p> <p>Қазақстандық тарихшы Виль Галиевтың «Жәңгір хан және Орбұлақ шайқасы» кітабында: «Орбұлақ шайқасы Жетісу Алатауының батыс бөлігіндегі Сатылы тауынан басталатын Кескентерек өзенінің оң жақ саласы Орбұлақта (Тасбұлақ) болды», – деп көрсетілген.</p> <p>Халық тағдыры таразыға түскенде жауынгерлердің аузынан «қаракұрым жауға шамамыз келмейді» деген сөз шыққан жоқ. Бабалар намысы батырлыққа бастады. Ол үшін ар тазалығы мен жүрек керек. Ұлы шайқастар қашан да ұлы оқиғаларды тудырады. Ендеше, Орбұлақ өнегесі – қастерлі өнеге [26].</p>
7-сынып	
«Қазақ-жоңғар соғыстары» бөлімі. «Қазақ-жоңғар шайқастары» тақырыбы.	<p>Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданындағы Ордасабасы тауында әр қыры Қазақстанның әр шетіне бағытталған «Бірлік» монументі.</p> <p>Стеланың әр қырында үш ұлы бидің айтқан сөздері жазылған тақтайшалар бар. Бұл жер қазақ халқының тарихи, мәдени және рухани көрікті жері ретінде белгілі тиіс.</p> <p>Ордабасы тауы – қазақ елі үшін береке-бірліктің бастауы іспетті. Бұл тауға зиярат етушілер Жаратушы Құдіреттен: «Еліме, жұртыма, әулетіме, отбасыма береке-бірлік бер, заманымыз тыныш болсын, өміріміз бейбіт болсын», – деген тілек тілеп барады [27].</p>
«Біртұтас халық жасағының ұйымдастырылуы»	<p>Аңырақай шайқасы болған жер</p> <p>Саяси және әскери бірлікке қол жеткізген үш жүз жасақтары 1728 жылы шешуші шайқас алдында</p>

тақырыбы.	Хантауында, Сұңқар тауында (кейін бұл жер Әбілқайыр тауы аталды) жиналды. Шайқас солтүстігі Балқаш, оңтүстігі Отар даласы, батысы Шу, шығысы Күртіге дейінгі аралықтағы жерлерде өткендігін осы өңірлерде жиі кездесетін қазақ, қалмақ қорымдары дәлелдейді. Аңырақай аталатын да осы өңір. Бұл шайқаста (40—45 күн) қазақтар ірі жеңіске жеткен [28].
«XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы» бөлімі. «Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты» тақырыбы.	Абылай хан алаңы – Көкшетау тауының етегінде орналасқан табиғаттың бірегей ескерткіші. Оның басты ерекшелігі – қайталанбас микроклиматы (күн сәулесінің ұзақтылығы, биологиялық белсенді ультракүлгін сәулелердің мол түсуі). «Абылай хан алаңы» аталатын табиғи көрінісі тамаша жерде ашылған мұражайдың аумағы 288 шаршы метрді құрайды. Онда қазақ ханы Абылайдың Ресей, Қытай, Бұхара хандықтарының елшілерін қабылдауы көрініс тапқан. Ұлы ханның қолбасшылығымен болған жорықта тарихта «Шаңды жорық» деген атаумен қалған оқиға барысы мұражайдың бір қабырғасына толығымен безендірілген. Ал дәл ортада Ұлы мемлекет қайраткерінің қолбасшылығымен сап түзеген сарбаздардың бейнесі негізінде «Әскери кеңес» атты мүсіндік композиция сомдалған [29].
«Отарлау және ұлт-азаттық күрес» бөлімі. «1836-1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі» тақырыбы.	Ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру мақсатын жүзеге асыру барысында Атырау қаласының оң жағалауында орналасқан Махамбет Өтемісұлының кесенесімен таныстыру. Мемориалды кешен қаланың екі діни орталығы – «Иман» жаңа мешіті және Успен шіркеуімен бірге бір құрылыс жиынтығын құрайды. Монументтің қозғалатын жағында «Қорған» сферасы ескеріліп, «Қорғанның» кесілген жерінде «Еділ-Жайық» бедері орналасып, халықтың Исатай мен Махамбеттің бірлігін білдіреді.
«1836-1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі» тақырыбы.	«Бөкей Ордасы» тарихи кешені Батыс Қазақстан облысы орталығынан 550 шақырымдай шалғайда жатқан Орда ауылында орналасқан. Еділ мен Жайықтың ортасындағы ен далада жартылай тәуелді мемлекеттік құрылым – Ішкі Орда құрылып, Бөкей 1812 жылы хан сайланады. Хан Сарайы (1828 ж.), Казначейство (1867 ж.), Тарғын учаскелік мектебі (1868 ж.), қыздар мектебі (1883 ж.) сынды тарихи-архитектуралық ғимараттардан және 1835 жылы салынған хан мешітінің негізінде қалпына келтірілген мешіт ғимаратынан құралған.

<p>«XIX ғасыр -XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті» бөлімі. «Шоқан Уәлиханов – алғашқы қазақ ғалымы» тақырыбы.</p>	<p>1985 ж. Алтынемел баурайында (Кербұлақ ауданы) ұлы ғалымның туғанына 150 жыл толу құрметіне ашылды. Мемориалдық кешен ғалымның бейітіне қойылған құлпытастан, ескерткіштен, музейден, қонақүйден және хауызды алаңнан тұрады. Ансамбльдің басты ғимараты – Ш.Уәлихановтың ғылыми-шығармашылық мұрасын бейнелейтін музей үйі. Музей үйінің сыртқы пішіні қазақ халқының мемориалды архитекторның дәстүрінен («төрт құлақ») туындаса, ішкі кеңістігі киіз үйді, жолаушының шатырын елестетеді. 30 орындық кинозал мен келушілерге қызмет көрсететін жайлар бөлек орналасқан. Уәлихановтың мемориалдық кешеніне Алматы-Шеңгелді-Қоянкөз-Матай-Жаркент және Семей-Аякөз-Қапал-Алтынемел маршруты бойынша сапар шегуге болады [30].</p>
<p>«Қазақ әдебиеті» (5, 6-сынып), «Қазақстан тарихы» (7-сынып)</p>	
<p>«Тәрбиенің қайнар бұлағы» (5-сынып) «Ы. Алтынсарин – жаңашыл-педагог» тақырыбы</p>	<p>Қазақтың кемеңгер ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің кесенесі Қостанай қаласынан жеті шақырым жерде, Тобыл өзенінің бір иінінде тұр. Кешенге кіреберісте ағартушы ашқан мектептердің картасы көрсетілген, мектептер тізімі ойып жазылған мәрмәр тақта бар, осы жерде тек Ыбырайдың бейіті ғана емес, атасы Балғожа, әкесі Алтынсары жатқан үлкен қорымның болғаны жөніндегі ақпарат жазылған қара гранит тас оның халқымыздың қасиетті орнының бірі екендігін айғақтай түседі [31].</p>
<p>«Абайды оқы, таңырқа!» (6-сынып) «XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Қазақтардың ауызша тарихи дәстүрлерінің дамуы» тақырыбы</p>	<p>Дала кеңістігінде жолаушы көзіне ақшаңқан қос күмбез көрінісі шалынады. Биікке, көгілдір аспанның шыңырау көгіне ұмтылған бұл күмбездер адам рухының өршіл күш қуатын көрсеткендей. Абай-Шәкәрім мавзолейі Жидебай жерінде орналасқан. Бүгінде Жидебай – әдеби Меккеге айналған, үлкен тағзым етер орын. Сәулетші өз идеясында, тұтас кесене Сарыарқаның кең даласының төсінде поэзия айдыныда баяу жүзіп бара жатқан Абай мен Шәкәрімнің қос желкенді кемесі сынды болып көрінуі керек деген шешімге келген болатын. Бұл кесененің кеме сияқты жақсы көрініс беретіні, күн қатты ысыған кезде далада сағым көтеріледі. Көрген адамға осы сағымда алыстан теңіз толқығандай болып тұрған заматта, Абай-Шәкәрім кесенесі сол сағым-теңіздің үстінде үлкен бір ой құшағында қалықтап тұрған, ойдың алып кемесі сияқты</p>

	<p>әсер етеді [32].</p> <p>Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кесенесі зиратхана және көрхана атты екі бөліктен тұрады. Көрханада әулие бабамыз жатыр, сондай-ақ сандықтасы, құлпытасы қойылып, шамшырағы орнатылған.</p> <p>Мәшһүр Жүсіп атамыздың кесенесінің асты – ғұламаның мәңгілік мекені. Екінші қабатында жиһаз-мүлікі және кітапханасы орныққан [33].</p>
«Қазақ әдебиеті» оқу пәні. 7-сынып	
«Толғауы тоқсан қызыл тіл» бөлімі	<p>Ж.Жабаев мұражайы Алматы облысы Жамбыл ауданы Жамбыл ауылында ұлы ақынның тұрған үйінде ұйымдастырылған. Ақынның көзі тірісінде егілген алма мен алмұрт бағының арасында 1946 жылы салынған кесене тұр. Кесененің дәл ортасына ұлы жыршыға құлпытас қойылған. 1996 жылы кесененің сол жақ босағасына ақынның киесі – қызыл шұбар жолбарыс мүсіні орнатылды.</p> <p>Мұражай бөлмелері Жамбыл өмір сүрген кезіндегі қалпында сақталған. Он екі бөлмедегі тарихи жәдігерлердің әрқайсысы – ақын өмірінің тікелей куәгері болып табылады. Жамбыл кесенесінің жанында қазақтың біртуар композиторы, дирижері, ұлы ақынның інісі Нұрғиса Тілендиевтің бейіті мен ескерткіш-құлпытасы бар. Бір ғасыр өмір кешкен ұлы таланттың туып-өскен мекені – қазақстандықтардың зиярат ететін қасиетті орындарының бірі.</p>
«Қазақстан тарихы». 8-сынып	
«Қазақстан тоталитарлық жүйе кезеңінде» бөлімі. «Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы индустрияландыру» тақырыбы.	<p>Ақмола облысы Целиноград ауданының орталығы Ақмол ауылындағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды кешені» 1937-ші жылы ПХК-ның арнайы бұйрығымен салынған.</p> <p>Алжир лагері 30 мың гектар жерді алып жатқан. Оның Қарағанды, Ақмола өңірінде бірнеше бөлімшелері болған. Алжир тұтқындары егін екті, мал бақты, құрылыс жұмыстарымен айналысты.</p> <p>Лагерьде қазақ зиялы азаматтары С. Сейфуллиннің, Б.Майлиннің, Т.Рысқұловтың, С.Мендешовтың, Т.Жүргеновтың, С.Асфендияровтың т.б. әйелдері азап шекті.</p>
«Қазақ әдебиеті» (5-сынып), «Қазақстан тарихы» (8-сынып) оқу пәндері	
«Адамгершілік - асыл қасиет» бөлімі	<p>Ахмет Байтұрсынұлының Алматы қаласындағы мұражай үйі 1993 жылы ұйымдастырылған. Бұл музейдің ашылуының ерекше тарихы бар. 1988 жылы 4 қарашада Қазақ ССР Жоғарғы соты 51 жыл «халық</p>
«Кенестік Қазақстанның	

<p>мәдениеті: білім мен ғылым» бөлімі. «Ахмет Байтұрсынов – «ұлт ұстазы» тақырыбы.</p>	<p>жауы» деп қара күйе жағылып келген Ахмет Байтұрсынұлының іс-қимылынан қылмыстық әрекеттер табылмағандықтан тергеу барысы тоқтатылсын деген шешім шығарып, тарихи тұлғаның есімі ресми түрде ақталды.</p> <p>Музей үй 1,5 қабатты, төрт бөлме және бір бөлмелі жертөледен тұрады. Үшеуі – көрме залы, бір бөлме – ахметтану дәрісханасы. Жертөле – музей мен қоғамдық қор қызметкерлерінің кеңсесі. Музей үйдің қорында ғалым өмірі мен шығармашылығына қатысты 500-ге жуық деректі ресми құжаттар, 300-і мемлекеттік мұрағаттан алынған телнұсқалық құжаттар, 12 жеке суреті, 27 ұжымдық деректі суреттер бар [34].</p>
<p>«Қазақ әдебиеті» оқу пәні. 8-сынып</p>	
<p>«Дананың сөзі – ақылдың көзі» бөлімі</p>	<p>Сәулет өнерінің айрықша үлгісі «Қорқыт ата» мемориалдық кешені Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы ауылынан 18 шақырым жерде Қорқыт разъезінің түбіне 1980 жылы салынған.</p> <p>Қобыздың үні сарнаған баба кесенесі рухани дүниенің есігі іспетті</p> <p>Қорқыт ата кесенесі адамзатқа күйбең тірліктің шеңберінен шығуды, әрбір сәттің құнды екенін бағалай білуді еске салып тұрғандай. Қорқыттың мәңгілік өмір дегені де қайталанбас уақытты қадірлеп, келешекке өнер, руханият арқылы өшпес із қалдыру болса керекті [35].</p> <p>Ахмет Ясауи кесене-кешені – Түркістан қаласында XIV ғасырдың соңында тұрғызылған орта ғасырлық сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші.</p> <p>Кесене-кешен Үлкен қылуат (жер асты мешіті, XII ғ.), Сегіз қырлы кесене (XIV-XVI ғғ.), Рабиға Сұлтан Бегім кесенесі (XV ғ.), Шығыс моншасы (XVI-XVII ғ.), Есімхан кесенесі, Жұма мешіті т.б. археологиялық, тарихи, сәулет және бейнелеу өнерінің үздік ескерткіштерін қамтиды.</p> <p>Қожа Ахмет Ясауи кесенесі талай ғасырдан бері мұсылманшылықтың алтын бесігі болып келеді. Оны бүкіл қазақ жұрты, түркі әлемі ерекше қасиет тұтады. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – түркі әлемінің рухани орталығы [36].</p>
<p>«Махаббат және абырой» бөлімі</p>	<p>Міржақып Дулатов кесенесі туған жері – Торғай уезі Сарақопа болысының үшінші ауылы, қазіргі Қостанай облысының Жангелді ауданына қарасты Қызбел ауылында орналасқан.</p>

	<p>Мұражай мен кесененің арақашықтығы – 70-80 метр. Мемориалды мұражайда ақынның қызы тапсырған суреттер, жол сөмкесі, күміспен қапталған белбеу, т.б. заттар бар.</p> <p>Міржақыптың басына зиярат етушілер шетелдерден арнайы келіп жатады. Олар кесене маңындағы мұражайға соқпай кетпейді [37].</p>
--	---

Көп мәдениет иесіне тән тағы бір ерекшелік – географиялық сана болуға тиіс. Шын мәнінде зияткер, мәдениетті адам болу үшін планеталық, ғаламдық, экологиялық саналар деңгейіне самғаумен бірге кіндік кескен жер, туған өлке, Отан, өз шаңырағын қастерлеу сезімімен қатар тыныстау парыз. Халық «Жеріңнің аты – тарихтың хаты» деп тегін айтпаған. «Ұлытау», «Ордабасы», «Орбұлақ», «Қазығұрт», «Бектау ата тауы», «Хан Тәңірі» шыңы, Алтайдағы «Мұзтау шыңы», «Шарын каньоны» сөздерге селт етпейтін, оларды тек жер-су атаулары ретінде ғана қабылдайтын қазақты, тіпті ол Ниагара сарқырамасының биіктігін, Панама каналының ұзындығы мен енін, Оймяконның ең төменгі температурасын жатқа айтып тұрса да, қалай ғана мәдениет иесі дерсің?

Жұмыр жердегі еліңнің, ел ортасындағы туған жеріңнің орнын, қасиетін, шежіресін білу – географиялық сана ұғымының негізі болмақ. Географиялық сана елтану, этнография, экология пәндері арқылы да дариды. Аталған пәндер этнос пен мәдениет проблемаларымен өрістес болғандықтан, мәдени-этностық оқыту мен тәлім-тәрбие ісінде ерекше маңызға ие.

Зияткер, рухани әлемі бай адам ғаламдық экология мен Қазақстан экологиясын табиғи ұштастыруға бейімді. Әрбір отандасымызға туған жерді – ортақ үй, Қазақ елін ортақ Отан ретінде сезіну, атамекен мен ел табиғатын аялап, қызғыштай қорғау қасиеттерін дарыту мақсатында жаратылыстану ғылымдарын оқыту мәселесіне көңіл бөлу керек. Бұл пәндерден дәріс беруде елімізге қатысты құбылыстарға баса назар аударып, осы ғылым салаларын дамытудағы қазақстандық ғалымдардың үлесіне ерекше тоқталудың пайдасы айтарлықтай. Шынайы ұлтжандылық, халық үшін мақтаныш сезімдері осыдан туындайды [40].

Сондықтан негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «География» оқу пәнінен жаңартылған мазмұнындағы оқу бағдарламасының мақсаттарын жүзеге асыру барысында «Қазақ оронимдері», «Қазақ гидронимдері», «Табиғи хоронимдердің (ерекше қорғауға алынған аумақтар) мағынасы», «Қазақстандағы ойконимдер» тақырыптарында Қазақстанның жалпыұлттық маңызы бар сакралды нысандардың, өңірлік қасиетті нысандардың атауларының шығу тарихы туралы материалдарды кіріктіруді ұсынамыз. Мысалы, 9-сыныпта «Физикалық география» бөлімі «Гидросфера» бөлімшесінің «Қазақ гидронимдері» тақырыбында «Ерекше қорғалатын табиғи мұра ескерткіштері» санатындағы «Шарын каньоны» туралы мағлұмат беруге болады.

Шарын – Алматы облысының шығысындағы өзен және шатқал, түрік

тілінен аударғанда «бұзу, күйрету, талқандау» (екі бөлікке бөлу) мағынасын береді, сонымен қатар гидронимнің екінші нұсқасы көне түркі немесе көне ұйғыр тіліндегі «чарун» – реликті шаған ағашының атауынан шығуы мүмкін. Бұл ағаш Шарын шатқалында қазіргі кезде де өседі, яғни ағаштың чарун немесе жарун атауы гидронимнің негізін қалағаны туралы нық сеніммен айтуға болады.

«Литосфера» бөлімшесінің «Қазақ оронимдері» тақырыбында жобаға енген Алтайдағы Мұзтау шыңы туралы келесідей деректерді ұсынуға болады: хакас тілінен аударғанда алтай – «биік таулар», «таулы өлке» деген мағынаны, алтай терминінің келесі нұсқасы алағ тау – «ала таулар» тіркесін, сонымен қатар ежелгі түрік тілінде Алтын-йыш – «алтын тобыр» деген мағынаны білдіреді.

Жалпы білім беретін мектептердің тәрбие жұмысы Қазақстанның түрлі аймақтарына өлкетану-зерттеушілік экспедициялар, әлеуметтік, зияткерлік бастамаларға және мұғалімдердің ата-аналармен ынтымақтастық тәжірибесіне ресурстық қолдау көрсетуді, әртүрлі жастағы білім алушыларды өзін-өзі басқаруға тартуды ұйымдастыру арқылы әлеуметтік-педагогикалық орта құру бойынша тәжірибесін тарату көрініс тапты. Сонымен бірге білім беру-тәрбие процесіне тартылған мұғалімдердің педагогикалық құзіреттілігін, кәсіби шеберлігін арттырудың инновациялық каскадты әдісі белсенді пайдаланылады.

Білім алушылардың рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарын сақтау мен үстемелеу: «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет», «Қазақстанның 100 жаңа есімі», «Жаңа адамгершілік білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобалары арқылы жүзеге асырылады.

«Қазақстанның киелі орындарының географиясы» жобасы шеңберінде мектептегі тәрбие жұмысын жүргізудің келесі бағытын «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің басым бағыттарымен байланыстыру арқылы жүзеге асырудың үлгісін ұсынамыз:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу

Жүзеге асыру механизмі: оқу пәндерінің тақырыптарына байланысты сабақтар; сыныптан тыс іс-шаралар: әңгімелер, лекциялар, семинарлар, тренингтер, дебаттар мен пікірталастар, конкурстар; Қазақстанның мәдени мұраларын, салт-дәстүрлерін зерттеуге арналған тарихи экспедициялар, саяхат-сабақтар, семинар-экскурсиялар, онлайн-экскурсиялар; әр түрлі сала өкілдерімен, соғыс және еңбек ардагерлерімен, қоғам қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастыру [8].

- Семинар (теориялық конференция) (9-11-сыныптар).

Семинардың мақсаты – тарихи оқиғаның желісімен таныстыру арқылы ұлтжанды азамат қалыптастыру.

Алдын-ала берілген тапсырма бойынша әзірленген баяндамаларды немесе рефераттарды талқылауға арналған семинарды/теориялық конференцияны

«Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті» оқу пәндерінің мазмұнымен байланыстыруға да болады. Баяндамалардың ұзақтығы 5-8 минуттан аспауы тиіс. Баяндамаға берілген уақытқа қарағанда ұзағырақ болатын қызықты және қызу талқылау жұмысы семинардың тиімділігінің көрсеткіші болып табылады.

Семинар тақырыптары «Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты киелі орындар» санатына жататын жерлерге байланысты төмендегідей болуы мүмкін:

- «Елдік пен ерлік сынға түскен – Орбұлақ шайқасы»;
- «Қалмаққырған – Бұланты шайқасы»;
- «Қазақ елінің тұтастығын дәлелдеген – Аңырақай шайқасы»;
- «Қазақ халқының рухын көтерген, болашаққа сенімін бекіткен – Аңырақай шайқасы» және т.б.

«Елдік пен ерлік сынға түскен – Орбұлақ шайқасы» баяндамасының бір нұсқасын ұсынамыз (Ә Қосымшасы).

Шайқас болған жердегі ескерткішті, төңірегіндегі табиғатты слайдтар арқылы көрсетіп, таныстыру.

- Мұражайға немесе тарихи орындарға онлайн-экскурсия (5-9-сыныптар).

Іс-шараның бұл түрін жүргізу жалпы білім беретін мектептердің барлық деңгейлері үшін тиімді болып табылады. Бастауыш сыныптарда саяхат-сабақтар, 5-9-сыныптарда онлайн-саяхаттар, экскурсиялар, жоғары сыныптарда семинар-экскурсиялар, пікірталастар өткізуге болады.

Мақсаты: киелі орындарға сырттай саяхат жасау барысында еліміздің тарихымен таныстыру арқылы білім алушылардың тарихты білуге, оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру және ұлтжанды азамат тәрбиелеу.

Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары шеңберінде тәрбие жұмысын жүргізу бойынша онлайн-саяхаттар ұйымдастырудың бірнеше бағытын, қасиетті жерлер туралы қысқаша мәліметтер және материалдарды алуға болатын сайттар мен әдебиеттер тізімін ұсынамыз. Алдын-ала әзірленген слайдтарды, Қазақстанның картасын қолдану арқылы киелі жерлермен таныстыру қажетті қысқаша мәліметтер (Ә1 Қосымшасы).

Елордадағы «Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары» жобасына енген «Астана-Бәйтерек» монументі, «Қазақ елі» монументі, «Мәңгілік Ел» салтанатты монументі, «Отан қорғаушылар» монументі және «Ашаршылық құрбандарына ескерткіш» монументі туралы білімдерін кеңейту мақсатында келесі іс-шара түрін ұсынамыз.

Мақсаты: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында білім алушылардың белсенді азаматтық ұстанымын және патриоттық сезімін тәрбиелеу.

Бағалау критерийлері: еліміздің мәдени даму саласындағын жетістіктерін, мәдени және тарихи өмірі туралы білуге қызығушылықтарын арттыру, тарихи құндылықтарға құрметпен қарау мақтаныш пен жауапкершілік сезімін кеңейту.

Жүзеге асыру механизмдері: сынып сағаттары, онлайн-экскурсиялар, саяхаттар, баяндамалар, мәнерлеп оқу сайыстары, сайыс-викториналар (Ә2 Қосымшасы) және т.б.

2. Рухани-танымдық тәрбие.

Жүзеге асыру механизмдері: тақырыптарға байланысты оқу пәндері мазмұнының құндылықтарын біріктіру; сыныптан тыс іс-шаралар: кітапханашы сағаты, әңгімелер, лекциялар; Қазақстанның мәдени мұраларын білуге/зерттеуге арналған тарихи-танымдық экспедициялар, саяхат-сабақтар, семинар-экскурсиялар, онлайн-экскурсиялар; мұражайдағы жәдігерлер туралы ақпарат жинау сайысы; виртуалды тарихи-өлкетану көрмелерін құру; өңірлік оқулар, сағаттар; тарихи, сәулет және естелік орындарға экскурсияларды; білім алушылармен «Мұражайдағы бір күн» жобасы аясында өздері мұражайдың экскурсия жетекшісі ретінде мұражай қызметкерлерімен кездесулерді; өңірдегі археологиялық қазба орындарына, табиғат ескерткіштеріне саяхат ұйымдастыру.

Бұл бағытты «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы «Рухани қазына» шағын бағдарламасына сәйкес қарастыру қажет. Ішкі бағдарламаның мақсаты: өз жерінің тарихи және мәдени мұрасын білуге деген қызығушылығын жаңарту, өз халқының салт-дәстүрлерін білу мен қатар біріктіріп, байланыстыра алатын тұлға қалыптастыру.

Рухани-танымдық тәрбие бойынша нәтижеге қол жеткізу үшін «Оқы және өзгеге ұсын», «Жақсы кітап – жан азығы», «Ұлы Дала елі», «Жергілікті туризм», «Бір жәдігер» т.б. жобаларды жүзеге асыруды ұсынамыз:

- «Оқы және өзгеге ұсын» буккроссинг ұйымдастыру». Мақсаты: кітап пен оқырман арасын жақындатудың тиімді жолы ретінде, білім алушылардың арасында өзара әдеби шығармалармен алмасу үшін білім беру ұйымында «Буккроссинг» орындары ұйымдастыру. «Оқы және өзгеге ұсын» жобасы аясында Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары туралы оқуға ұсынылатын әдебиеттер тізімін Б қосымшасында берілген;

- «Жергілікті туризм». Мақсаты: туған өлкенің өңірлік қасиетті нысандарына саяхат жасау арқылы ішкі туризмді жүйелі дамыту (Б Қосымшасы);

- «Ұлы Дала елі» тарихи-танымдық экспедициясы. Мақсаты: туған жердің тарихы мен рухани құндылықтарын насихаттау мақсатында, өңірдің, көршілес облыстардың және Қазақстанның киелі жерлеріне саяхат ұйымдастыру (Б1 және Б2 Қосымшалары);

- «Бір жәдігер». Мақсаты: өлкенің немесе мектеп мұражайы қорындағы жәдігерлерге толық ақпарат беру арқылы, тарихты білуге деген қызығушылықты арттыру.

- «Жақсы кітап – жан азығы» жобасының мақсаты: туған өлкенің тарихы, мәдениеті және дәстүріне деген құрметі мен қызығушылығын ояту;

3. Ұлттық тәрбие.

Жүзеге асыру механизмдері: киелі жерлер тізіміне енген орындар туралы ақпаратты оқу пәндеріне, сабақтан тыс іс-шараларға кіріктіру. Қазақстан тарихы, жергілікті тарих және т.б. туралы фестивальдар мен байқаулар өткізу.

«Ұлы дала тұлғалары». Өлкенің тарихын, маңызды оқиғаларын, белгілі тұлғалардың тарихын білу бойынша зияткерлік іс-шаралар өткізу.

«Адам тәрбиенің нәтижесі. Ол өмірге пешенесіне не жазылса, сонымен келмейді, оның тағдыры туысынан белгіленбейді. Адамдық қасиетінің қалыптасатын жер – өмір талқысы, әрекет етуі, тәрбиесі. Күн мен Ай бәрімізге ортақ, бәріміз де адамның баласымыз, ешкімді біріңнен бірің артықсын деп айыруға болмайды», – дейді, Ыбырай.

Тұлғаның психологиясының қалыптасуындағы саяси-әлеуметтік, қоғамдық-тарихи факторлардың шешуші ролін жете түсінді. Ы.Алтынсариннің ойынша адамның сана-сезімін негізінен тәрбие билейді де, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» болып қалыптасуын материалдық өмір жағдайларымен емес, идеологиялық факторлармен, ағартушылық әрекетпен тәуелді еткісі келеді. Ыбырай жеке адамның даму жолын қоғам дамуымен байланыстырып, оның адам туралы түсінігі жеке адам «барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы» дейтін қағидаға сәйкес келді [39].

Ұлттық тәрбие бағытының «Ұлы дала тұлғалары» жобасын Ахмет Байтұрсыновтың Алматыдағы үйі, Шоқан Уәлихановтың Алтынемелдегі мемориалдық кешені, «Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешені, Ыбырай Алтынсарин кесенесі, Жамбыл Жабаев кесенесі, Міржақып Дулатов кесенесі (тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы) туралы іс-шара өткізу арқылы жүзеге асыруға болады.

Мұражай – өткеннің естелігін бүгінге жеткізетін киелі орын. Онда құнды жәдігерлер өзіндік тарихымен кім-кімді болмасын қызықтырмай қоймайды. Өткеннің тарихын білу – әр ұрпаққа аманат етілген парыз. Ізденгенге ілімі мол, сұрағанға сырын шерткен дүние.

Мұражай кешенінде өткізуге болатын квест-ойынның үлгісін ұсынамыз (В қосымшасы).

Квест (ағылшын тілінде quest) немесе оқиғалы ойын (ағылшын тілінде adventure game) – басты кейіпкермен интерактивті тарихты суреттейтін, компьютерлік ойын санатына жатады және ойынды дене (қозғалысымен) шынықтырумен де байланыстыруға, яғни ойынды компьютердің алдында отырмай ғимараттың ішінде ұйымдастыруға да болады. Өзіндік баяндау және әлемді зерттеу квест жанрындағы ойынның маңызды элементтері болып табылады, сонымен қатар ойын барысында қатысушыдан ақыл-ой күш-жігерін талап ететін түрлі ойжұмбақтар мен есептер шығару маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ ойыншы іс-әрекетін жоспарлауы, жылдам шешім қабылдауы және жауап беруі де тиіс. ойынның бірнеше түрі бар:

- мәтіндік оқиға;
- графикалық квестер;
- ойжұмбақ-квестер;
- визуалды романдар;
- жүру симуляторы (кез-келген процесті, көлікті немесе аппаратты басқару).

«Ұлы дала тұлғалары» жобасын іске асыру барысында жүргізуге ұсынылатын іс-шараның келесі түрі «Жұлдызды сәт» ойыны. Мақсаты: білім алушыларды ұлы тұлғалардың өмірімен, шығармашылығымен таныстыра

отырып, бұрын алған білімдерін толықтыру, қорытындылау; сөйлеу тілін, өз ойларын жеткізе білу дағдыларын, әдебиетке қызығушылықтарын дамыту. Ойынды қорытынды сабақ немесе сыныптан тыс іс-шара түрінде де өткізуге болады (В1 қосымшасы).

«Туған өлке тарихы». Факультатив сабақтарын, арнайы курстарды, үйірмелерді мұражайларда, өлкенің мәдени-тарихи орындарында өткізу.

«Мақтанышым – Астанам». Астана қаласына сапарлар ұйымдастыру.

«Туған өлке соқпақтары». Туристік-өлкетану маршруттары мен сайысы.

Сыныптан тыс өткізілетін іс-шаралар: «Ұлттық тарихтағы уақыт пен кеңістік», экскурсиялық (сырттай, он-лайн) «Ботай» мәдени мұра бағдарламасы.

4. Отбасылық тәрбие.

Жүзеге асыру механизмдері: білім беру ұйымдарында Қамқоршылар кеңесімен, ата-аналар комитеттерімен бірлескен отбасылық іс-шаралар; білім беру ұйымдарының қызметіне ата-аналардың қатысуы; әкелердің, әжелердің клубтары; ақсақалдар кеңесі; отбасы құндылықтары туралы кітап көрмелерін және кітап өнімдеріне қоғамдық шолу, отбасылық оқуға арналған кітаптар, альбомдар, буклеттер, фильмдер, бейнематериалдар және т.б. ұйымдастыру.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында аталған бағытқа сәйкесінше «Отбасы әлемі» жобасын қарастырған жөн.

Мақсаты: білім алушылардың бойында ата-анаға, бауырларына, жақындарына деген сүйіспеншілік тәрбиелеу. Ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастың өзара құрметке, ынтымақтастықта, сүйіспеншілікке негізделіп құрылуына назар аудару.

Білім беру ұйымдарындағы «Ата мектебі», «Әжелер мектебі», «Әкелер кеңесі», «Аналар мектебі», «Жеңгелер мектебі» жұмысының жоспарына «Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары» жобасының «Діни және ғибадат орындары» болып табылатын Қарашаш ана кесенесі, Домалақ ана кесенесі, Айша бибі кесенесі мен Бабажы Хатун мазары, Бегім ана мұнарасы тағы басқа киелі орындармен таныстыруды енгізуді және отбасылық тәрбие бағытында мейірімділік, татулық, отбасылық құндылықтар тақырыбындығы іс-шаралармен ұштастыруды ұсынамыз (Г қосымшасы).

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

Жүзеге асыру механизмдері: «Технология» оқу пәні сабақтарында, сыныптан тыс, сабақтан тыс қызметтегі еңбек тәрбиесінде, «Ұлы даладағы ежелгі металлургия» (Қазақ жеріндегі металдарды өндіру әдістерінің өнертабысы жаңа тарихи дәуірді ашып, адам дамуының даму жолын түбегейлі өзгертті), «Алтын Қазына» (көркем және декоративті-қолданбалы өнерді дамыту), «Дарындылардың елі» (театрлық қызмет және музыкаға кіріспе), «Кітап – білім бұлағы» (кітаптың мәртебесін көтеру, «кітап оқуды сәнге айналдыру», өмір бойы өзін-өзі жетілдіруді және білім беруді қолдау), «Business» (кәсіпкерлік ойлауды қалыптастыру), «Отбасы әлемі» (отбасылық құндылықтарды сақтау, отбасылық ғибадатты сақтау)

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға, адамның экономикалық ой-өрісін және экологиялық мәдениетін дамытуға деген саналы қатынасты қалыптастыру.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің «Еңбек, экономика және экологиялық тәрбие» бағыты бойынша технология сабақтарын «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің тақырыптарымен байланыстырып өткізуді ұсынамыз (2-кесте).

2-кесте – «Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары» жобасының нысандарын «Технология» оқу пәні сабақтарында «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің тақырыптарымен байланыстыру жолдары

Технология	Қазақстан тарихы	Киелі орындар
Сәндік-қолданбалы өнер, негізгі пішіндер мен ерекшеліктері. Қазақстан халқының сәндік-қолданбалы өнері	Қазақстан аумағында темірдің игерілуі	«Ірі орта ғасырлық қалалық орталықтар және қазақ хандығының астаналары» санатындағы орындар:
Сәндік-қолданбалы өнердегі заманауи және дәстүрлі емес материалдар. Материалдар мен құрал-жабдықтармен танысу	Үйсіндер мен қаңлылардың материалдық және рухани мәдениеті.	Қойлық қалашығы Жанкент қалашығы «Жент» қалашығы Ежелгі Тараз қалашығы Сығанақ қалашығы «Шірік-Рабат» қалашығы
Дәстүрлі емес материалдардан сәндік бұйым. Бұйым дайындау	Ортағасырлық Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуына Ұлы Жібек жолының ықпалы.	Сарайшық қалашығы Сауран қалашығы Отырар қалашығы Созақ қалашығы Сайрам (Исфиджаб)
Өру өнері. Өру түрлері. Материалдар және құрал-жабдықтармен танысу	XIII - XV ғасырлардағы Қазақстанның мәдениеті.	қалашығы Ақкөл-Жайылма қалашығы «Жайық» (Теке)
Қазақстан халықтарының зергерлік өнерімен танысу	Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы.	қалашығы
Пирография өнерімен танысу. Көркемдеп күйдіру техникасы мен тәсілдері	XVIII ғасырдағы қазақтардың материалдық мәдениеті.	

6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

Жүзеге асыру механизмдері: сабақтар, үйірмелер, әдеби клубтар; экскурсиялар, театрлар, мұражайлар, көркемөнер көрмелері, галереялар, тарихи орындарда шығармашылық кештер, балалар мен жасөспірімдер

шығармаларының көрмесі, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде аталған бағытқа сәйкес «Қазіргі кездегі қазақ мәдениеті» атты арнайы жобасында қарастыру.

Мақсаты: жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның көпмәдениетті тәрбиеге дайындығын дамыту, меңгеру, өнердегі эстетикалық нысандардың бағасы, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті ортаны құру.

Білім беру ұйымдарында көпмәдениеттілікке тәрбиелеуде киелі орындардың маңызы зор. Төменде берілген нысандар тәрбиенің осы бағытын беруге ықпалы зор:

- Ф.М.Достоевскийдің әдеби-мемориалды үйі;
- Т.Г.Шевченко мемориалды кешені;
- Христос Спаситель шіркеуі;
- Вознесенск кафедралы шіркеуі;
- Георгий Победоносец шіркеуі;
- Қасиетті бұлақ;
- Аблайкит – бекініс-ғибадатханасы.

Тарихи тұлғаларға қатысты киелі орындардың бірі болып саналатын Ф.М.Достоевскийдің әдеби-мемориалды үйі туралы ақпарат кіріктірілген «Ұлы адам өмірінің тарихы» тақырыбындағы әдеби кештің әдістемелік әзірлемені ұсынамыз (Д Қосымшасы).

Форт Шевченко қаласындағы Т.Г.Шевченконың мемориалды кешеніне саяхат жасау немесе сырттай саяхат барысында білім алушылармен жүргізілетін іс-шараның мақсаты – Новоперовск бекінісінде айдауда болған украин халқының ұлы ақыны, прозашы, драматург, этнограф, суретші, саяси және қоғам қайраткері, ұлы кобзарь атанған тұлға – Тарас Шевченконың өмірімен таныстыру.

Міндеттері:

- білім алушылардың назарын Т.Г.Шевченконың шығармашылығына аудару;
- Т.Г.Шевченконың қазақ жерінде болған кездегі өмір тарихымен таныстыру;
- украин халқының мәдениетіне деген құрмет пен қызығушылықтарын тәрбиелеу;
- Маңғыстаудың тарихи ескерткіштерінің ішінде өте маңызды орынды алатын «Тарихи тұлғаларға қатысты киелі орын» санатындағы Т.Г.Шевченконың мемориалды кешенімен таныстыру (Д1 Қосымшасы).

Сонымен қатар, жалпы білім беретін мектептердің 8-сыныбына арналған «Қоғам және дін» оқу пәнінің сабақтарының мазмұнын Қазақстанның «Діни және ғибадат орындары» болып табылатын Христос Спаситель шіркеуі, Вознесенск кафедралы және Георгий Победоносец шіркеулері туралы ақпаратпен толықтыруды ұсынамыз (Д2 қосымшасы).

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

Іске асыру механизмдері: оқу пәндерінің сабақтарында, дебаттық турнирлер, жобалық жұмыстар; «Тарих пәнінің адамгершілік туралы сабақтары», зияткерлік ойындар, конкурстар, тренингтер, викториналар, олимпиадалар, ғылыми-практикалық конференциялар, презентация сабақтар, онлайн режимінде өлкетану жобалары.

Мақсаты: әр адамның интеллектуалды мүмкіндіктерін, көшбасшылық қабілеті мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетінің дамуын қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру [8].

Жалпы білім беретін мектептердің «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «География» т.б. оқу пәндерінен және сабақтан тыс іс-шара түрінде білім беру тренингтері оқытудың тиімді түрлерінің бірі болып табылады. Оқытудың бұл жаңа формасы қазіргі кезде мектептерде өте сирек қолданылады. Сабақ барысындағы тренинг жұмысы ең алдымен білім алушылардың түрлі біліктерін, дағдыларын қалыптастыруға және танымдық қабілеттерін белсендендіруге бағытталған. Ол: сөйлеу тілін, танымдық процестерін, яғни ойлау, қиялдау, есте сақтау, назар аудару т.б. дамыту. Сонымен қатар, пәндік және бейнелі көрнекіліктерден қажетті ақпаратты табу, жеке бөлшектері арқылы пән не көрнекілік қандай ақпарат бере алатынын анықтау, пәндік интуициялар, эмпатиялар (эмпатия (грек тілінен аударғанда – «әуесқойлық», «бейнет көру», «сезім» мағынасын білдіреді) – уайымдаудың сыртқы жағдайын сезінуді жоғалтпай, басқа адамның эмоционалдық жағдайын түсініп уайымдау) (тарихи/әдеби тұлғаларды, географиялық құбылыстарды сезіну және түсіну, сол оқиға немесе жағдайға жақындау, болған жағдаяттарды ой елегінен өткізу, ол өмір сүрген жағдайға, атмосфераға жақындауға тырысу) тәрізді жалпы білімдік және арнайы біліктерді дамыту. Бұндай жұмыс нақты дидактикалық міндеттерді орындауға бағытталағн, біртұтас кешенге жинақталған түрлі ойындардың, жаттығулардың көмегімен жүзеге асырылады – бұндай комплексті біз тренинг деп атаймыз.

Тренинг тарихи, әдеби, географиялық, яғни пәндік дереккөздермен (ерте заманның заттарымен, картиналармен, фотосуреттермен және т.б.) жұмыс істеу зерттеушілік ізденіс жағдайын модельдеуге жағдай жасайды, білім алушылар ізденістерінің нәтижесінде тапқан жан-жақты деректен, тарихшы немесе археолог тәрізді жеке көріністер арқылы өздеріне қажетті ақпаратты алып шығады.

Бұндай ақпарат мектеп оқушыларының тарихи, әдеби, географиялық (пәндік) көзқарастарын кеңейтуге, талдап тексеруге және нақтылауға мүмкіндік береді және оларды өткенді зерттеудің қызықты процесімен таныстырады.

Сонымен, киелі жер тақырыптарына сабақтарда немесе сабақтан тыс іс-шаралар барысында қолдануға болатын тренингтер өткізудің жолдары мен түрлерін ұсынамыз (Е қосымшасы).

Ақпараттық технологиялардың қарқанды дамуы және оларды оқу процесіне кіріктіру қазіргі кездің балаларының дамуына үлкен үлепс қосып отыр. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, заманауи мектепті, ондағы білім беру және тәрбие жұмысын ұйымдастыруды жаңа ақпараттық технологияларсыз

көзге елестету мүмкін емес. Дәстүрлі «мұғалім – оқушы – оқулық» схемасына енді жаңа буын – компьютер, ал оқу-тәрбие жұмысына – компьютерлік оқыту ұғымы қосылып отыр. Алайда, сабақ оқу процесінің негізгі құрамдас бөлігі болды және болып қала береді. Білім алушылардың оқу іс-әрекеті негізінен сабаққа шоғырландырылған. Білім алушылардың дайындығының сапасы білім мазмұнымен, сабақ беру технологияларымен, оны ұйымдастыру және практикалық бағыттылығымен, сабақтағы ахуалмен анықталады, сондықтан педагогикалық жаңа технологияларды білім және тәрбие беру процесінде қолдану қажеттілік болып табылады.

Сабақ барысында жаңа технологияларды пайдалану білім алушылардың оқуға деген ынтасы күшейтеді, танымдық қабілеттерін белсендіреді.

Презентация (латын тілінен аударғанда – ұсыну деген мағынаны білдіреді) – таныстыруға ұсынылатын жобаның, өнімнің т.б. құжаты немесе құжаттарының жиынтығы.

Сабақ тақырыбына байланысты әзірленетін презентация – бұл түрлі-түсті суреттерден және анықтамалық мәтіннен тұратын слайд-суреттер. Әр слайдта ерікті түрде әзірленген мәтіндік және графикалық ақпарат орналастыруға болады. Слайдтың өзіне тән динамикасы, дыбысы және кескіні, яғни баланың есінде неғұрлым ұзақ сақталатын факторлары болады.

Презентацияның мақсаты – тыңдаушыларға презентацияның нысаны бойынша неғұрлым қажетті ақпаратты ыңғайлы формада жеткізу.

Презентация жасау барысында мұғалім өзін сценарист ретінде де, режиссер ретінде де, суретші ретінде де, сонымен қатар орындаушы ретінде де көрсете алады. Бұл оған:

- слайдтарды көрсету ретін, олардың санын өзгерту (материалды тереңдетіп оқуға арналған материалды жасыру), сабақты өткізу барысында білім алушылардың дайындық деңгейіне байланысты материалды саралау арқылы сабақты құрастыруына;

- әр слайдты қосымша визуалды әсермен толықтыру (слайдтың құрылымы, келесі слайдқа өту т.б.), көрсету ұзақтығын қою слайдты көрсету барысында оны жандандыруға мүмкіндік береді.

Пән сабақтарында немесе сынып сағаттарында «Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары» тақырыбында презентациялардың үлгілерін ұсынамыз (Е1 қосымшасы).

Сонымен, «Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша тәрбие жұмысының үлгілері қазіргі заманның талабына сай құралдарға формалар, әдістер арқылы жүзеге асырылуы тиіс. тәрбие жұмысының тиімді үлгілері білім алушылардың өзін-өзі жетілдіруіне, дамытуына, Қазақстанның тарихына деген қызығушылықтарын оятуға ықпал етеді.

Қорытынды

Қазіргі кездегі елдің жаһандану, экономикалық және саяси дамуының жаңа сын-қатерлері идеологиялық құрамдастың, ұлттық сана-сезімнің шекараларын кеңейтуді, рухани жаңғыруды дамытуды талап етеді. Бұл міндетті шешудегі маңызды жауапкершілік білім беру жүйесіне тиесілі болып отыр. Өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік бағытта тәрбиелеу оның басты мақсаттарының бірі болып табылады. Халықтың қайнар көзіне, бай мәдениетке және тарихқа үнілу ұзақ тарихи жолда көптеген адамдар сақтап келген рухани құндылықтарға негізделген патриоттық сезімді қалыптастыруға жағдай жасайды.

Рухани құндылықтар революциялық жолмен жасалмайды, олар қоғам дамуының барлық кезеңдерінде, оның барлық қажеттіліктеріне сәйкес пайда болады, кез келген кезеңнің өмірін бейнелейді және қоғамның өзгеруіне байланысты жоғалып кетпейді, керісінше болашақ ұрпаққа мұра болып қалады. Әр ұрпақ руханиятты қайта жасамайды, ол сол кездегі мұраға сүйенеді, алайда оны көзін жұмып қабылдай бермейді, жасампаздық, ізгілік, әділеттілік тұрғыдан қабылдайды және дамытады.

Осыған орай, сакралды тарихи нысандарды сақтау және насихаттау негізгі мақсаты болып табылатын «Қазақстанның сакралды географиясы» жобасы, Қазақстанның білім беру ұйымдарының тәрбие процесінің құрамдас бөлігінің бірі рухани-адамгершілік тәрбиені күшейтуге мүмкіндік береді.

Бұл бағыттағы тәрбие жұмысының үлгісі сабақтағы және сабақтан тыс уақыттағы іс-әрекетті қамтуы тиіс. Мұғалімдер үшін сакралды географияны, өңірлік киелі жерлерді зерттеудің бағыттары, тәсілдері мен құралдары, яғни барлық мүмкіндіктері берілген. Сонымен қатар, мұғалім сакралды жерлерді зерделеудің тарихи, жүйелі, географиялық, синергетикалық тәрізді тәсілдерін меңгеруі қажет.

Бұл бағытта жұмыс істеу үшін сандық технологияларды қолдану, ғылыми-зерттеушілік жұмыстар ерекше маңыздылыққа ие. Сонымен қатар, сакралды-географиялық білімді конференциялардың жинақтарынан, географиялық және тарихи журналдардан, жинақтардан, әр түрлі әдебиеттерден алуға болады. Сакралды географияға байланысты іс-шаралар: тақырыптық және әдеби кештер, дөңгелек үстелдер, семинарлар, квест ойындар, пікірталастар т.б.

Сонымен, «Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша тәрбие жұмысының үлгілері қазіргі кездегі құралдарға, формаларға, тәсілдерге, сонымен қатар педагогиканың, психологияның, философияның әдіснамалық негіздеріне сүйенуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы // Егемен Қазақстан. – 15 тамыз. – 2007. – 5-8 бб.
2. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақала. 12 сәуір, 2017. <http://online.zakon.kz/>
3. https://kk.wikipedia.org/wiki/Халықаралық_ескерткіштер_мен_тарихи_орындар_күні
4. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақала. 12 сәуір, 2017. <http://online.zakon.kz/>
5. Қасиетті Қазақстан. Бірінші том. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2017. – 480 б.
6. http://gildiya-avtorov.ru/sakralnajageo/Sakralnaya_geografiya.html
7. http://old.baq.kz/kk/news/ruhani_zhangiru/kasietti_kazakstan_kartasina_engen_orindar_men_nisandardin_tolik_tizimi
8. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы
9. Куликова Т.А. Семейная педагогика и домашнее воспитание.-М.: Учебник, 1999.
10. <https://www.inform.kz/kz/elordadagy-tungysh-plogging-turgyndar-zhugirip-kokys-zhinady>.
11. «Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары». «Фолиант» баспасы Астана-2017ж. – 504 б.
12. zh-bilim.kz сайты.
13. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014605/history>
14. <https://aikyn.kz/2018/02/10/42213.html>
15. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен педагогтердің жаңашыл тәсілдері негізінде тәрбие жүйесін жаңарту жолдары. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 64 б.
16. Оқушылардың жалпықазақстандық мәдениетін қалыптастыру әдістемесі. Әдістемелік құрал – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2014. – 64 б.
17. <https://abai.kz/post/48422>
18. http://old.baq.kz/kk/news/ruhani_zhangiru/begazi_arheologiyalik_kesheninde_etnoturizmdi
19. https://kk.wikipedia.org/wiki/Тамғалы_петроглифтері
20. <https://www.uniface.kz/interfacts/index.php?id=125&post=article>
21. https://kk.wikipedia.org/wiki/Қарахан_кесенесі
22. <https://e-history.kz/kz/publications/view/1218> © e-history.kz
23. https://www.inform.kz/kz/kazakstandagy-ezhelgi-kalalar-otyrar-kalasy_a2739860

24. <http://www.aktobegazeti.kz/?p=57311>
25. https://kk.wikipedia.org/wiki/Есім_хан
26. <https://inbusiness.kz/kz/news/zhetisulyktar-orbulak-shajkasy-bolgan-kieli-orynga-belgitas>
27. <http://bilim-all.kz/article/2712-Ordabasy---ush-zhuzdin-basyn-qosqan-tau>
28. https://kk.wikipedia.org/wiki/Аңырақай_шайқасы
29. https://kk.wikipedia.org/wiki/Абылай_хан_алаңы
30. https://kk.wikipedia.org/wiki/Уәлиханов_мемориалдық_кешені
31. <https://egemen.kz/article/159269-ybyray-altynsarinninh-memorialdyq-kesheni-dganhartyldy>
32. <http://kray.pushkinlibrary.kz/kz/altaj-a-yzdary/9-uncategorised/2072-abaj-sh-k-rim-memorialdy-kesheni.html>
33. https://el.kz/kz/news/sakral_nii_kazahstan_/mashhur_zhusip_kopeev_kesenesi
34. <https://e-history.kz/kz/publications/view/741>
35. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005
36. https://kk.wikipedia.org/wiki/Қожа_Ахмет_Ясауи_кесенесі
37. <http://zhangeldy.kostanay.gov.kz/kz/o-rayone/dostoprimichatelnosti/mavzoley-mirzhakypa-dulatova/>
38. <http://kazorta.org/zhalpy-aza-standy-m-denietti-m-ni-men-mazm-ny/>
39. Ыбырай Алтынсариннің қоғамдық-әлеуметтік көзқарасы. Ғылыми-зерттеу мақалалар / бас ред. А. Нухұлы.— Павлодар: ПМПИ, 2017. — 4 том.— 266 б.
40. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005 ISBN 9965-26-095-8

ҚОСЫМШАЛАР

А Қосымшасы

Облыстық жас туристер станциясы

Хаттама №

Шымкент қаласы

18.06.2018 жыл

Қатысқандар:

1. _____ – директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары.
2. _____ – экскурсия бөлімінің меңгерушісі.
3. _____ – өлкетану бөлімінің әдіскері.
4. _____ – туристік-спорттық бөлімнің әдіскері.
5. _____ – туристік-спорттық бөлімінің қосымша білім беру педагогы.
6. _____ – экскурсия бөлімінің қосымша білім беру педагогы.
7. _____ – экскурсия бөлімінің қосымша білім беру педагогы.

Күн тәртібі

1. Облыстық жас туристер станциясының үйірмешілерін 2018 жылғы 25-27-маусым аралығында «Ұлы Жібек жолы» экскурсиясына жіберу.

Күн тәртібіндегі I мәселе бойынша директордың оқу-әдістемелік іс жөніндегі орынбасары 2018-жылғы 25-27-маусым аралығында Облыстық жас туристер станциясы үйірмешілері арасынан үйірмелерге қатысатын әлеуметтік жағынан көмек қажет ететін отбасы балалары және байқаулардың жүлдегерлері арасынан «Ұлы Жібек жолы» экскурсиясына жіберу үшін ұйымдастырып өткізілген түрлі деңгейдегі іс-шараларда жеңімпаз болған, сонымен бірге белсенді қатысатын оқушылар арасынан үйірмешілерді іріктеп алу туралы ұсыныс жасады, бұл ұсынысты жиналысқа қатысушы топ жетекшілері бірауыздан қолдады. Жалпы саны – 21 үйірмеші қамтылады.

Әр баланың денсаулығына байланысты мекеме медбикесіне әр баланың денсаулығына баса аударып, түрлі жұқпалы аурулардың алдын алу, жеке бас гигиенасын сақтау, көпшілік орындарға барғанда балаларды арнайы бір реттік маскамен қамтамасыз ету, экскурсия кезінде техника қауіпсіздігін сақтау, әр баланың жеке бас қауіпсіздігі, уақтылы тамақтануы, белгіленген тарихи-мәдени орындарға бару кезіндегі жауапкершілік жетекшілерге айтып түсіндірілді.

Қаулы қабылдады:

1. Облыстық жас туристер станциясының үйірмешілері арасынан әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы балалары және мекеме тарапынан ұйымдастырып өткізген түрлі деңгейдегі іс шаралар мен байқаулардың

жүлдегерлері болған оқушылар арасынан «Ұлы Жібек жолы» экскурсиясына 21 үйірмеші тізімі іріктеліп алынсын.

Төраға
Хатшы

А1 Қосымшасы

Облыстық білім басқармасы басшысының бұйрығы

ҚР «Білім туралы» Заңының 6-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН

1. 2018 жылғы 25-27-маусым күндері «Облыстық жас туристер станциясы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі - Кәсіпорын) үйірмелеріне қатысатын әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы балалары және байқаулардың жүлдегерлері (№1 қосымша) мен жетекшілері Бәйдібек ауданы Домалақ ана кесенесі – Ақмешіт үңгірі – Шәуілдір селосы, Көне Отырар қалашығы, Арыстанбаб кесенесі – Түркістан қаласы – Ежелгі Сауран қалашығының орны бойынша «Ұлы Жібек жолы» оқу-танымдық экскурсияға жіберілсін.

2. Үйірмешілердің экскурсия кезіндегі денсаулығы мен өмір қауіпсіздігі жауапкершілігі кәсіпорын директоры _____ тапсырылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары _____ жүктелсін.

Басшы

_____.

А2 Қосымшасы

Экскурсияға жіберу туралы

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 6 бабына, Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының 05.06.2018 жылғы № 183 бұйрығы негізінде, «Облыстық жас туристер станциясы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының 2017-2018 оқу жылына арналған жоспарына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. 2018 жылғы 25 - 27 маусым күндері «Облыстық жас туристер станциясы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының үйірмелеріне қатысатын әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балалары және жарыстар мен байқаулардың жүлдегерлері 21 үйірмеші мен топ жетекшілері Бәйдібек ауданы Домалақ ана кесенесі – Ақмешіт үңгірі – Отырар ауданы, Көне Отырар қалашығы, Арыстанбаб кесенесі – Түркістан қаласы - Ахмет Яссауи кесенесі – Ежелгі Сауран қаласы бойынша «Ұлы Жібек жолы» атты оқу-танымдық экскурсиясына жіберілсін.

2. Жолда және экскурсия кезінде үйірмешілердің денсаулығы мен өмір қауіпсіздігі ережелерінің сақталуы топ жетекшілері туристік-спорттық бөлімнің қосымша білім беру педагогы _____ пен экскурсия бөлімінің қосымша білім беру педагогтары _____ жүктелсін.

3. Жолда және экскурсия кезінде үйірмешілердің денсаулығын қадағалау мекеме медбикесі _____ міндеттелсін.

4. Үйірмешілер мен топ жетекшілерін тасымалдау KZ 107 АЕ ПАЗ автокөлігінің жүргізушісі _____ жүктелсін.

5. Жоғарыда аталған қызметкерлердің жұмыс орнындағы жалақылары сақталып, іссапар шығыны жұмыс орнынан төленсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары _____ жүктелсін.

Облыстық жас туристер станциясының директорының қолы.

А3 Қосымшасы

«Ұлы Жібек жолы» оқу-танымдық экскурсиясына баратын оқушылар тізімі

Рет саны	Білім алушының аты-жөні	Туған жылы, айы, күні	Мектебі, сыныбы	Әлеуметтік жағдайы	Жетекшісі
1					
2					
3					

А4 Қосымшасы

«Ұлы Жібек жолы» атты экскурсиясының маршруты мен бағдарламасы

«Ұлы Жібек жолы» бойында орналасқан тарихи-мәдени нысандар және табиғат орындарымен таныстыру. Ақмешіт үңгірі, отырар музейі, Арыстанбаб кесенесі – Көне Отырар қалашығы – Қожа Ахмет Яссауи тарихи-мәдени ұлттық қорығы – Түркістан қаласы – Ежелгі Сауран қалашығы.

Туристік маршрут

№	Атқарылатын жұмыстар	Уақыты	Жауапты
25-маусым			
1	Станцияда жиналу, тіркелу	08.00 - 09.00	
2	Бәйдібек ауданына жолға шығу	09.00 – 11.00	
3	Домалақ ана, «Ақмешіт үңгірі» ғажайып табиғат орнымен таныстыру	11.00-13.00	
4	Түскі ас (Ақмешіт үңгірінің аумағында)	13.00 – 14.00	

5	Отырар ауданына жолға шығу	14.30 – 17.00	
6	Отырар аудандық жас туристер станциясы аумағына орналасу	17.00 – 18.00	
7	Кешкі ас (Отырар жас туристер станциясы аумағында)	19.00 – 20.00	
8	Демалыс уақыты: 1. Экскурсия күнделігі 2. Экскурсияның маршруттық картасы бойынша ертеңгі күнді жоспарлау, қатысушыларды хабардар ету. 3. Палатка құру бойынша жарыс	20.00 – 22.00	
9	Ұйқыға жату	22.00	
26-маусым			
1	Таңғы ұйқыдан ояну	07.30	
2	Жуыну	07.30 – 08.30	
3	Таңғы ас	08.30 - 09.00	
4	«Руханият» музейімен танысу	09.30 – 10.30	
5	Көне Отырар қалашығының орнына саяхат	10.30 – 13.00	
6	Түскі ас (Отырар станциясының аумағында)	13.00 – 14.00	
7	Арыстанбаб кесенесімен танысу	14.00 – 15.00	
8	Түркістан қаласына жолға шығу	15.30 – 16.30	
9	Түркістан қалалық жас туристер станциясы аумағына орналасу	16.30 – 17.00	
10	Қожа Ахмет Яссауи тарихи-мәдени қорығымен танысу	17.00 – 18.30	
11	Кешкі ас (Түркістан қалалық жас туристер станциясының аумағында)	19.00 – 20.00	
12	Түркістан қаласына серуен	20.00 – 21.30	
13	Түйіндерді байлау бойынша «Кім жылдам» ойыны	21.30 – 22.30	
14	Ұйқыға жату	22.30	
27-маусым			
1	Ұйқыдан ояну	07.30	
2	Жуыну	07.30 – 08.30	
3	Таңғы ас ішу (Түркістан қалалық жас туристер станциясының аумағында)	08.30 – 09.00	
4	Түркістан қаласынан Сауран қалашығына қарай жолға шығу	09.30 – 10.30	
5	Сауран қалашығының орнымен танысу	10.30 – 12.00	
6	Сауран қалашығынан Түркістан қаласына жолға шығу	12.00	
7	Түскі ас (Түркістан қалалық жас туристер станциясының аумағында)	13.00 – 14.00	

8	Шымкент қаласына жолға шығуға дайындық	14.00 – 15.00	
9	Түркістан қаласынан Шымкент қаласына қарай бағыт алу	15.00 – 18.00	
10	ОЖТС мекемесінде қатысушыларды үйірме жетекшілері мен ата-аналардың күтіп алуы және шығарып салуы	18.00 – 19.00	

А5 Қосымшасы

ОҚО білім басқармасы, «Облыстық жас туристер станциясы» МКҚК-ның жылдық жоспарына сәйкес, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында
2018 жылғы 25-27 маусым аралығында
«Ұлы Жібек жолы - 2018» оқу-танымдық экскурсиясы өтті

Мақсаты: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында туған өлкенің тарихын терең зерттеп, тарихи деректер жинау іскерлігін дамыту, туристік-өлкетану жұмыстарын жандандыру, өскелең ұрпақты азаматтық пен патриотизмге тәрбиелеу, ұлттың рухани жаңарудың жаңашыл әдістерін меңгеруге баулу, балалар мен жасөспірімдердің туризмге деген қызығушылығын арттыру.

Қатысушылар: «Облыстық жас туристер станциясы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының үйірмелеріне қатысатын әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балалары және жарыстар мен байқаулардың жүлдегерлерінен – 21 үйірмеші, 3 жетекші және 1 медбике.

Бағыты: Шымкент қаласы – Бәйдібек ауданы Домалақ ана кесенесі – Ақмешіт үңгірі – Отырар ауданы, Көне Отырар қалашығы, Арыстанбаб кесенесі – Түркістан қаласы – Ахмет Яссауи кесенесі – Ежелгі Сауран қаласы – Шымкент қаласы.

Үйірмешілер оқу-танымдық экскурсия бағдарламасы бойынша **1-күні** Бәйдібек ауданының территориясында орналасқан «Домалақ ана» кесенесімен, Ақмешіт үңгірімен танысты. Кесене туралы, оның өткен тарихымен танысып, Домалақ ана, Ақмешіт үңгірі туралы мәлімет алды, олардың орналасқан жері, географиялық орны, климаты туралы мәлімет алды. Бәйдібек ауданы үшін ғана емес бүкіл Қазақстан Республикасы үшін маңызды орындар қатарына енген тарихи-мәдени ескерткіштер, олардың ерекшелігі, кесене, үңгір туралы ел аузында айтылып, бүгінгі күнге жеткен әңгімелер желісінде аңыз-әңгімелермен танысты.

Экскурсияның **2-күні** қатысушылар көне Отырар өңіріне келіп, «Руханият» музейін тамашалап, Отырар өлкесінің географиясымен, тарихымен,

флора, фаунасымен, бүгінгі Отырар ауданының тынысымен танысты. Көне Отырар қалашығының орнына саяхат жасап, Көне Отырар қалашығының орны, оның тарихымен, бүгінгі күні мемлекет тарапынан қорғауға алынып, жөндеу жүргізіліп жатқаны, төбе аумағындағы өзге төбелер, олардың атаулары туралы көп мәлімет алды. Отырар өңірінің атақты «Арыстанбаб» кесенесін аралап, Арыстанбаб кітапханасын тамашалап, сол жердің шырақшысынан Арыстанбаб кім, бұл өңірге қалай келгені, ол кісі қай дінді насихаттағаны, Қожа Ахмет Ясауиймен байланысы туралы құнды мәліметтер білді.

2-күннің 2-жартысында оқу танымдық экскурсия қатысушылары күллі түркі еліне екінші Мекке аталған - Түркістан қаласына келді. 2018 жылдың 19 маусымынан Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен ресми облыс орталығына айналған қала бойынша кешкі серуен жасалды. Серуен барысында Орталық алаң, оның Есімхан атымен аталатынын жайында, ол кісінің кім болғанын, «Есімханның ескі жолы» тіркесінің қалай шыққанын туралы мағлұмат берілді.

Экскурсия қатысушылары Қожа Ахмет Яссауи тарихи-мәдени қорығымен танысты. Сәулет өнерінің төл туындысын облысымызға ерте заманда кім салдырғаны, құрылыс қалай, құрылысшылар қай өңірлерден келгені, ерекшелігі туралы білді. Мәдени қорық аумағында жерленген белгілі тұлғалар, олардың өмір жолы, Қазақ елі үшін атқарған істері туралы, қылуы, ол не, оны кім, қандай мақсатта салдырылғаны туралы мәліметтермен танысты.

Оқу-танымдық экскурсияның **3-күнінде** үйірмешілер Түркістанның солтүстік-батыс жағындағы 45 шақырым жерде орналасқан орта ғасырдағы қалалардың бірі – Сауран қалашығымен танысты. Қала бүгінде аспан астындағы мұражай ретінде, мемлекет қарауына алынғаны, жөндеу, қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатқанын өз көздерімен көрді. Қала орта ғасырларда пайда болса да сол кезде қалада кәріз жүйесі, суландыру жүйесінің болғаны, сол кезде де адам өміріне қажетті жағдайды жасай алғаны, ғылым адаммен бірге дамып бүгінде шарықтау шегіне жеткені туралы да өз ойларын ортаға салды.

Өз заманында қала Әмір Темірдің әскери дайындық жасауына арналған орын болғаны, сауда орталығы болғанын білді. Басында Отырар билеушісі Сауран қаласын шекара бекеті етіп, оғыздар мен қыпшақтардан қорғану мақсатында салынғаны, қала ішінде шайқалып тұратын мұнарасы бар болғанын, қала туралы алғашқы деректер X ғасырға тәуелді екенін, қаланы қоршаған қорған үстімен ат арбасымен шауып өткенде ат еркін қозғала алғанын, оны бүгінгі қала орнынан анық байқауға болатыны айтылды.

Жетістігі: оқу-танымдық экскурсиясы Отырар өңірі, Көне Отырар қалашығының орны, құдық, сынған қыш заттардың сынықтарын қолмен ұстап

көруге, оның тарихын, Отырар қалашығында болған үлкен кітапхана жайында, Шыңғысханның шабуылы туралы, достық пен сатқындық туралы да өз ойларын ортаға салуға мүмкіндік берді. Оның құрылған жылы, тарихы, географиясы, ауданнан шыққан атақты кісілер туралы, экономикасы, аудан орталығы, оның бүгінгі тыныс-тіршілігі туралы мәлімет алды. Тек тарих оқулығынан, мектеп бағдарламасы бойынша кітаптан оқыған мәліметтерін шынайы өмірде қосымша білім беру ұйымының ұйымдастырған оқу-танымдық экскурсиясы арқылы білді.

Көне тарихқа толы Түркістан қаласының тарихымен, Қожа Ахмет Ясауий кесенесінің тарихымен, бүгінде облыс орталығына айналған қаланың өмірімен танысты. Көне қорған мен сәулет өнерінің туындысын көріп өздерін көне заманға барып келгендей сезімде болуына, тақтатасқа жазылған Қ.А.Ясауийдің хикметтерін оқып, Қ.А. Ясауийдің ғұламалығына тәнті болды. Көне Сауран қаласының орнымен танысты.

Оқу-танымдық экскурсия үйірмешілерге ұмытылмас көңіл-күй сыйлады. Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштері бойынша ұйымдастырылып өткен экскурсияға қатысушы үйірмешілер мен ата-аналары Облыстық жас туристер станциясының директоры С.Омирбаева мен экскурсияны жүргізген жетекшілерге алғыстарын білдіріп, осындай оқу-танымдық экскурсиялар қоғамда үрдіс алып, көптеп өткізілуі жас ұрпақ пен қоғам үшін пайдасы ұшан-теңіз екенін айтып тарқасты.

Орбұлақ шайқасы

Орбұлақ шайқасының қазақ тарихында алатын орны ерекше. Бұл – қазақ жасақтарының жоңғар басқыншыларына ымыралықпен, бірлесе отырып тосқауыл берген алғашқы нәтижелі ұрыстарының бірі. Шайқас ұзақ жылдар бойы жоңғарларды жер бетінен құртуды армандаған хандардың бірі – Есім ханның ұлы хан Жәңгір мен жоңғарлардың Батыр қоңтайшысы арасында өтеді. Жазық жазирада тыныш, момақан ғана ғұмыр кешіп жатқан көшпелі халықты қанап, қасқыр тартқан қойша қырған жоңғарлардың қарқынының белең алып бара жатқанын сезген Жәңгір хан қол астына жаужүрек батырларын жинап, жауына қарсы ұмтылады. Небәрі 600 ғана адам қолымен жоңғардың 10 мың әскерін қырып салады. Орбұлақ шайқасын ұйымдастырушы Жәңгір ханға тек Жалаңтөс батыр ғана емес, қазақтың ержүрек, дарабоз батыр-жыраулары да қатынасты. Арғын Ағынтай, Қомпай, найман Көксерек, Бөдес, шапырашты Қарасай, тана Жиёмбет жырау, қаңлы Сарбұқа, суан Елтінді, дулат Жақсығұл, қырғыз Көтен мен Табай, т.б. батырлардың үлесі жеңіске жетуге өз септігін тигізді. Орбұлақ шайқасының маңыздылығы сонда, ол қазақтарды жоңғарлардың ғана емес, бүкіл әлемнің мойындауын туғызған ұлы шайқас болды. Сонымен қатар, қазақ даласындағы шайқастарды ұзақ жылдарға толастатып, жоңғарларды қайтадан қазақ сахарасына басып кіруіне кедергі жасап, жүрек шайлықтырар теріс әсер қалдырды.

Дереккөз: «Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары». «Фолиант» баспасы Астана-2017ж. – 504 б.

Ә1 Қосымшасы

1. «Ұлы даланың – Ұлытауы» бағыты: Ақмешіт Әулие биігі, Алаша хан кесенесі, Жошы хан кесенесі, Домбауыл кесенесі, Теректі әулие

Ақмешіт әулие – ескі қамалдың орны, қасиетті жер. Қарағанды облысы Ұлытау тауының биік шоқысында орналасқан. 1946 жылы академик Ә.Х.Марғұлан зерттеген. Тік төртбұрышты жобамен салынған, көлемі 42x42 м. Іргесінің қалыңдығы 30-40 см, граниттен қаланған. Жанында тас обалар бар. Зерттеулер Ақмешіт әулие көшпелі халық мекенінің орны екенін дәлелдеді [38].

Алаша хан кесенесі халық шеберлерінің қолымен XI-XII ғасырларда Алаша ханның құрметіне салынған. Оның есімі қазақтың үш жүзінің пайда болуымен тікелей байланысты. Қазақстандық әйгілі кесенелердің бірі Қаракеңгір өзенінің аңғарында, оң жағалаудан 2 км қашықтықта, Малшыбай ауылынан алшақ емес жерде орналасқан. Сарыкеңгір өзенінің құярлық саласында биік жотаның үстінде тұр. Күмбезде сақталған таңбаларға қарағанда, оны салуға Жошыға бағынған тайпалардың бәрі (оғыз, арғын, қыпшақ, керей, найман, қоңырат, қаңлы, т.б.) қатысқан.

Дереккөз: <https://e-history.kz/kz/publications/view/766> © e-history.kz

Қазақ аңыздарында Алаша хан түркі тайпаларының басын қосқан хан ретінде танымал. Ғалым Шоқан Уәлихановтың жазбаларында мынадай жолдар кездеседі. «Түркістанның Қызыл Арслан деген ханы баласы алапес болып туылғандықтан, оны ұнатпай «Алаша» деген ат беріп, Сыр бойынан Арқаға жер аударып жібереді. Бала өсіп ержеткен соң, оның қасына жігіттер жиналып, елде беделі артады. Алаша білімпаз, кемеңгер кісі болғандықтан, жұрт оны қадірлеп хан көтереді».

Дереккөз: <http://bilim-all.kz/article/8589-Alasha-han-kesenesi>

Жошы хан күмбезі Жезқазған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 50 шақырым жерде, Кеңгір өзенінің жағасында орналасқан көне архитектуралық ескерткіш.

Әлемді тітіреткен Шыңғыс ханның төрт ұлының үлкені, «Ақсақ құлан» күйінің дүниеге келуіне түрткі болған тұлға. Шыңғыс хан ұлдарына билеуге жер бөліп бергенде, Қазақ даласында билік құрған. Моңғол билеушілерінің ішінде жергілікті халықтың тілі мен мәдениетіне оң көзқараспен қарап, қол астындағыларға деген жақсы қарым-қатынасымен ерекшеленген.

Домбауыл кесенесі – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. Жезқазған қаласынан солтүстік-батысқа қарай 58 шақырым жерде, Қаракеңгір өзенінің сол жағасында орналасқан. Ғалымдардың пікірінше Орталық Қазақстандағы ең көне құрылыс болып саналады.

Кесене ғұндар билеген кезде салынған деп саналады. Аңыз бойынша бұл кесене ұлы сазгер және жауынгер Домбауыл құрметіне салынған. Ескерткіштің биіктігі бес метрден асатын конус тәрізді төртбұрышты негізге қойылған, тас плиталарынан тұрады.

Жезқазған-Қарағанды тасжолы бойындағы Теректі елді мекенінен он шақты шақырымдай жердегі «Теректі әулие» аталатын мекен қызыл қоңыр тасты аласа ғана 5-6 төбешік. Төбенің үстінде тас бетіне қашалып салынған суреттер мол. Олар ертедегі адамдардың тіршілік тынысынан хабар береді.

Бір сурет өте ерекше. Жұмсақ жерге немесе сазға түскендей адамның маңдайы мен мұ-нының, екі алақанының, тізелері мен табандарының ізі қалған тасқа ойылып салынған. Құбылаға бағытталған осы із жөнінде Теректі әулиенің мінә-жат еткен орны деген аңыз бар. Төбенің оңтүстік жақ көлбеу беткейінде жоғарыдан төмен қарай бағытталған жолақ таңба алыстан ағарып көрінеді. Маңындағы ел мұны «Әулие сырғанағы» деп атайды, «сырғанақтың» беті таңбалы суреттерге толы.

2. «Хан тәңірі – көк аспанның тірегі» және «Табиғаттың таңғажайып сыйы – Шарын шатқалы» бағыты: «Хан Тәңірі» шыңы, Шарын каньоны. Бұл бағыт бойынша сабақты «География» оқу пәнімен байланыстырып: табиғи мұра ескерткіштерінің орналасқан жерімен, табиғатымен, жер бедерімен, климатымен таныстыру арқылы өткізуге болады.

Хан-Тәңірі шыңы – Қырғызстан мен Қазақстан (Алматы облысына таудың солтүстік-батыс бөлігі қарайды) және Қытай шекарасында орналасқан Шығыс Тянь-Шаньдағы шың. Солтүстік жарты шарының ең биік нүктесі.

Жергілікті қазақ пен қырғыздар бұл тауды кешке күн батарда қызарып кететін өңіне қарап «Қантау», «қантоо» деп те атаған.

Шарын каньоны – Шатқал Шарын өзені бойымен солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай 154 км созылып жатыр. Бұл аймақтың рельефі әртүрлі. Шарын өзеніне Теріскей және Күнгей Алатау жоталарының солтүстік баурайынан бастау алатын көптеген өзен сулары қосылып, суы мол өзенге айналады да, Жалаңаш ойпаты мен Торайғыр тауын шығысынан қақ жара өтіп орасан зор шатқал жасайды

3. «Алтай – ер түріктің алтын бесігі» бағыты. Алтайдағы Мұзтау шыңы – Ресей мен Қазақстан шекарасында, сонымен қатар Қытай мен Моңғолия шекарасында бір-біріне бетпе-бет бой көтерген Белуха-Қатын таулар тізбегінде орналасқан Алтайдың ең биік шыңы.

Мұзтаудың бірнеше атауы бар. Алтайдың байырғы тұрғындары оны Уч-Сумер (Үш Сүмер) деп таниды. «Үш» сөзі түсінікті болса, «Сүмер» деген моңғол тілінде, буддизмдегі «Меру» – «Киелі тау» деген мағынаны береді, яғни «Үш Сүмер» - «Үш басты киелі тау» деген атаудан шыққан. Кезінде Алтайдың екі жағын қатар қоныстанған елдердің арасындағы маңызды сауда-экономикалық рөл атқарған Үкік жазығынан қарағанда Мұзтаудың әппақ тәж киген үш басы анық көрінеді.

Екінші атауы – «Қатын Бажы». «Қатын» сөзі ертедегі түркілер тілінде «Ханшайым, жоғары тектен шыққан әйел» деген мағына берген, ал «Бажы» кейіннен трансформацияға ұшыраған «Басы», яғни «Бас» немесе «Шың» сөздеріне келеді. «Қатын Бажы» сөзі қазіргі тілмен айтқанда «Әппақ тәж киген Ханшайым» мағынасына ие, сонымен қатар Көк Тәңгірге табынған ежелгі елдер арасында «Құдайлар тауы» деген де түсінікке ие.

Алтайдың теріскейін мекендеген ежелгі славяндар Мұзтауды «Белуха» деп атайды. Бұл «Белый» сөзінен шыққан, басындағы мұздықтар мен ерімейтін қарларға қарай қойылған деген қате ұғым бар. Негізі Белуха атауы таудан ағатын мөлдір суларға байланысты «Беловодье» сөзінің қысқартуынан шыққан-мыс. Алтайға қоныс аударған алғашқы ортодоксальды христиан өкілдері (староверы) жұмақтың жердегі бөлшегі – «Беловодье» осы Мұзтаудың ішінде жасырылған деп сенген. Бажовтың ертегілерінде жазылған «таудан аққан сүт тәрізді өзендер» осы Мұзтаудың тау бұлақтарына қарап шыққан екен.

Азияның бұл бөлігіне ислам келгенге дейін Көк Тәңгірге табыну кезеңінде Мұзтау «Ұмай ананың отаны» саналған. Ұмай ана – өмірдің бастауы, Тәңірі жаратқан тіршілік иелерінің жарылқаушысы бейнесінде. Ананың сүтін басқадан жоғары қойған түркілер Ұмай ана бейнесін Құдайдың өкілі санаған. Мұзтаудың әппақ шыңдары ана кеудесі, одан аққан мөлдір су тіршілік сыйлаушы ана сүті деп есептеген. Тәңір – өмірдің бастауы болса, Мұзтау Тәңірінің жерге тіршілік берген бастауы болып саналған.

Мұзтаудың қойнауы аңызға толы өлке. «Жердегі жұмақ – Шамбала» да, ғарыштан келген қонақтар да осында деген бір-бірінен өтетін аңыздар қаншама. Ал жанына сая, көңіліне сабыр іздеп келгендер мүлгіген тастар мен аспанмен

таласқан шыңдар арасынан адам әлі табиғаттың бір кішкене бөлшегі екенін түсініп қайтады.

Шынымен Азияда кең таралған аңыздарға сенсек Мұзтау адамзаттың болашағы саналады. Соның бірінде болашақта жер бетінен адамдар жойылады, сол кезде суға жан берер мұздығы, адамға пана болар орманы, қазынаға толы алаңы бар Мұзтау ғана соңғы арал болып қалмақ. Сол себепті Мұзтау киелі орын саналады. Тәу етеді. Мұзтау «жер кіндігі» дегенге сенеді. Ғарыштың энергиясымен тікелей байланысы бар Алтай адамға денсаулық пен шымырлық береді, киесіне бас ұрған адамға жаңа мүмкіндіктер ашады деген наным әлі күнге дейін бар.

Алтайдан мыңдаған шақырым алыстағы Үндістанда кеңінен таралған аңыз бар. Онда теріскейге қарай ұзақ жүрсең Қатын өзенінің жағасында шыңдары аспанмен таласқан Сумеру тауы бар деп айтылады. Үндінің қасиетті ведаларында Мұзтауды «төрт мұхиттың кіндігі» деп сипаттайды. Расымен де жағрапиялық жағдайы бойынша Мұзтау үш мұхиттың – Солтүстік мұзды, Тынық және Үнді, тура ортасында орналасқан, сондықтан да ежелгі жазбаларда «Жер кіндігі» деген атқа ие болуы да тегін емес.

1926 жылы танымал орыс ғалымы Николай Константинович Рерих Мұзтаудың етегіне, таулы Алтайға барып қайтуға экспедиция жинайды. Алтын таулар (Алтай атауы түркі тіліндегі «Алтын» сөзінің қысқартылуынан шыққан) Орталық Азия мен Сібірді байланыстырып тұрған күре жол ретінде қатты қызықтырған. Ол өзі философияға, археологияға қызығушы адам ретінде жергілікті мәдениетпен етене таныса бастайды. «Алтайды бәрі мақтайды! – деп жазады Рерих сапарының алдында – Тауы да биік, шөбі де шүйгін, суы да мол. Алтайды көктем шыға ешкім көрмеген гүлдер де пайда болады дейді. Шынымен де оның сондай кереметі бар екен?». Ал Алтайды өз көзімен көргенде осыған дейінгі скептикалық ойларынан түк қалмаған Рерих, енді Алтайға ғашық болып зерттеуді толықтай қолына алады. Алтын таудың бай табиғаты, ежелгі адамдар өмір сүрген үңгірлер, түркі заманынан қалған ескерткіштер таң қалдырған ол «Алтай мен Гималай, екі полюс, екі магнит» деп таң қалысын жасырмайды.

Алтайдан мыңдаған шақырым жерде, адам аяғы әрең жететін, Гималайдың солтүстігіндегі тақуа- йогтар өмір сүретін Тибеттегі Ладакхада Меру, бізше Мұзтау туралы өте жақсы біледі. Осы жерден Рерих алғаш рет Ақ Бұрхан (будда дініндегі табынатын пұт) Алтай аңызын естиді. Жергілікті ламаның айтуынша «Тымық күндері Мұзтаудың үстінен қараған адам құм тастың астында қалған ежелгі қала Аюши Ханды көруіне болады. Қаланың қабырғалары мен шіркеулер тіпті қол жететін жерде тұрған сияқты» дейді. Аңызға сенсек халық арасында Ақ Бұрхан атанып кеткен Алтайдың ежелгі билеушісі Ойрот өз жауларымен болған бір соғыста жеңіліс тауып, шегінуге мәжбүр болады. Сарбаздарымен бас сауғалаған ол бейтаныс өлкені паналап, болашақта қайтып келемін, Ұлы Алтай мемлекетін қайта құрамын деп уәде береді. Оның оралуының қандай белгілері болады деген сұраққа Ойрот: «Белгіні Қатынбаштың басынан шыққан Күн береді» деп айтқан екен.

Қатынбашымыз сол Мұзтау. Жиырмамыншы ғасырдың басында болған қатты жер сілкінісінен соң Мұзтаудың сырт бейнесі сәл өзгеріске ұшырайды, оның үш басының бірі мүжіліп түсіп, енді алыстан қарағанда екі басты тәжге айналады. Таң қалған халық күннен белгі іздейді. Және дәл сол уақытта таудың ішінен беймәлім адамды жолықтырып келген бір қыз «Оның жүріс тұрысы Ойротқа келеді екен!» деп халықты одан сайын сендіреді, барлығы күте бастайды. Бірақ Бұрхан оралмайды.

Бұрхан хан (Ойротқа халықтың берген атағы) әлі де оралады. Алтай халқы күтеді. Ал Николай Рерихтың пайымдауынша Бұрхан – ол кәдімгі ұлы Будда. Бұл шаманизм мен буддизмнің араласып кетуінен туған аңыз.

Міне осы оқиғалардан соң Алтайда бурханизм деп аталатын жергілікті дін пайда болып, кеңінен етек ала бастайды. Олар Дерен үңгіріне жиналып, мінажат жасап, жер сілкінген сәтті жіберіп алмайық деп, Күннен белгі күтетін болды. Жергілікті билік күшпен таратса да бурханизм Алтайда көпке дейін сақталып келді. Әлі де бірен саран өкілдері бар.

Мұзтаудың етегінде Қатын өзенінің жағалауында «Патшалар алқабы» бар. Берелдің бел ортасында орналасқан. Терең мұздықтарға жерленген, тастармен басылып тасталған қорымдар бертінге дейін «белгісіз халықтар моласы» атанып келген. «Марал қорымы» деген атауы жергілікті халыққа етене таныс. Кейіннен Ұлы Түркі қағанатына тікелей қатысы бар, Қағандардың жерленетін орны екені белгілі болған бұл алқаппен де байланысты аңыз өте көп. Соның бірінде былай дейді: «Осы өңірді мекендеген ілімі мен байлығы басқалардан екі бас жоғары тайпа өмір сүріпті. Жаугершілік заманда ел басына күн туып, тайпа адамдары үңгірлер арқылы белгісіз жаққа кетуге мәжбүр болған. Аңыз бойынша басына балбал тас орнатылған тас қорымдар тайпаның жер астына кету жолдары екен-мыс. Рерих осы жерде Тибетте естіген «Жер астынан шыққан білімді адамдар туралы аңызды» еске алады, бұл арада қандай бір байланыс табу қиын. Бірақ Тибеттегі монахтардың Алтай туралы білімін еске алсақ, мүмкін алып елген «жер астынан шыққан адамдар» ма екен? Алтайдың аңызы бойынша «жер астына кеткендер әлі оралады. Ол үшін елде қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман орнауы тиіс», сонымен қатар бұл тас қорымдардың Орион шоқжұлдызына сәкес орналасқанын байқаған ғалымдар Мұзтаудың бір қойнауында ежелгі астрономиялық обсерватория болуы мүмкін екенін де естен шығармайды.

Дереккөз: <http://kray.pushkinlibrary.kz/kz/kieli-oryndar/m-ztau.html>

Таудың беткі бөлігінің 27 шақырым аумағын алып жатқан шағын мұздықтар бар. Берел ең ірі мұздық, оның биіктігі – 1950 метр. Алтайдың алғашқы карталарындағы Оңтүстік-Шу Альпісі және Катун Альпісі деген жазбалар осы өңірдің көне атаулары болып табылады.

4. «Адамзаттың тал бесігі – Қазығұрт тауы» бағыты. Тянь-Шань тауларының сілемдері болып табылатын, басында кеме қалған Қазығұрт тауы Шымкент қаласынан 40 километр жерде, Ташкент – Шымкент – Самара тас жолының бойындағы орналасқан. Пайғамбардың кемесі қалған, түркі әлеміне

ортақ киелі Қазығұрттай қасиетті тау әлемде санаулы ғана, яғни Палестинада – Синай тауы, Араб Әмірлігінде – Аль-Жуди, Арменияда – Арарат (Қосымша Ә).

5. «Адай ата – Отпан тау» бағыты. Маңғыстау облысы аймағындағы Батыс Қаратаудың ең биік нүктесі (биіктігі – 532 м) болып табылады. Ақтау – Таушық – Шетпе тас жолы бойындағы Жыңғылды ауылы менен Тұщыбек санаторийінің орта жерінде, жолдан 5-6 км сол жақ қапталында орналасқан.

Тау бөктерінде көптеген сырқаттарға ем киелі шипа шөптердің 15 түрі, сонымен қатар бал тәрізді қара қоңыр мумия өседі. Аң-құстардан: арқар, түлкі мен көкжал қасқыр, тау бүркіті мен сұңқар, ителгі, қаршыға мен күйкентай кездеседі.

Ақсарай. Адай атамның Ақордасы. Ақсарай Адай атаның сегіз немересінің құрметіне арналған сегіз бөлмеден тұрады. Бұл бөлмелерде елдің елдігін ұлықтайтын ас-жиын, елдің елдік, ұлттық мүдделеріне байланысты салиқалы кеңестер өткізіледі және бұл сарайда өлкенің өткен өмір тіршілігін бейнелейтін тарихи мұражай бар.

Орталық залда Қазақстан мемлекетінің даму тарихына арналған тұрақты көрме (қазақ хандықтары, хандар шежіресі, ұлт қаһармандары, қазіргі заман бейнелері, ұлттық рәміздер, тәуелсіздік көріністері, тұңғыш президент – Елбасы туралы деректі көріністер) ұлттық мәнермен безендірілген.

«Маңғыстау және жеті жұрт» тақырыбындағы көрме залы Маңғыстау тарихына арналып, ол жердің археологиялық сараптамасы, картасы, макеттер, артефакттер аңыз-әңгімелермен айқындалып, тас дәуірінен осы күнге дейін мекендеген халықтар мен тайпалардың тарихы, мәдениеті бойынша жинақталған мәліметтер жүйеленіп жасақталған. Мысалы: Қазақстан жеріндегі тайпалық одақтастар картасы, және біздің эрамызға дейінгі Y-111 ғасырдағы ежелгі сақ тайпалары жауынгерлері суреттері ілінген. 552-744 жылдары билік құрған Түрік қағанаты туралы деректер (Түрік империясы картасы, Ноғай ордасы картасы, «Қырымның қырық батыры» кітабы) көрсетілген.

«Маңғыстау және Маңғыстаулықтар» көрмесі Маңғыстаудан әртүрлі себептермен шет асып кеткен маңғыстаудың байырғы тұрғындарына және Маңғыстау зиялыларына арналып жасақталды. Бұл көрмеде өткен және жаңа тарихтағы өнегелі істермен өлкеге, республикаға белгілі маңғыстаулықтардың өмір тарихы айқындалды.

«Қол өнер көрме залы» бұл зал қазақ қолөнерінің соңғы ғасырдағы даму сатылары мен бүгінгі күнге арналған. Бұл залдағы витринада өлке жерінде өте ертеде салынып, күні бүгінге дейін сақталған көне тарихи-архитектуралық ескерткіштерді салған есімі елге кеңінен мәлім маңғыстаулық тамшы шеберлер туралы деректер көрсетілген.

Өлке жеріндегі ислам көрме залы. Маңғыстау еліміздегі тарихи ескерткіштердің 70 пайызы орналасқан Қазақстан Республикасына белгілі әулиелі – киелі мекен. Бұл жерде әсіресе жер асты мешіттері көптеп кездеседі. Бұл көрме залы Маңғыстаудағы ислам дінінің таралу тарихына арналған. Осыған байланысты бұл көрмеде дін тарату орталығы болған жер асты мешіттер картасы, артефакттар, діни қайраткерлер туралы мәліметтер және

соңғы ғылыми-зерттеу жұмыстар нәтижелеріне негізделген тарихи тұжырымдар орын алды.

«Ана келбет» ескерткіші. Адай Атаның жұбайы барлық аналардың образы. Жүзінде айдың, жүрегінде күннің суреті өрнектелген. Бұл ананың жүзі айдай жарқын, жүрегі күндей ыстық деген мағынаны білдіреді. Көкірегінің тұсында ұшып бара жатқан екі қыран құстың суреті бейнеленген. Бұл ананың құрсағынан шыққан екі баласы Құдайке мен Келімберді. Аналар үйдің иесі. Сол себепті «Ана келбеті» ескерткіші Адай атамыздың Ақордасы – Ақсарайдың жанына орналасқан. Биіктігі 15 метр.

362 баспалдақ. Киелі Маңғыстауда мекен еткен 362 әулиенің рухына арналған 362 баспалдақ Ақсарай мен Адай Ата кесенесін жалғастырады. Жер-Ананың қойнауына тән жерленген әулиелердің рухы Отпан таудың басына келіп, осы баспалдақпен жүріп өткен жанға шапағаты тиеді деген тілекпен ырымдап салынған.

Адай Ата кесенесі. Адай Ата кесенесі Қаратау жоталарының ең биік шоқысы (Балтық теңізі деңгейінен 532 метр биік) Отпан тауда орналасқан. Кесененің биіктігі күмбез найзасының ұшына дейін 37 метр. Ресей республикасында жасалған күмбездер арқауы алтынмен шайылған. Адай Атаның екі қапталындағы-екі баласы Құдайке мен Келімберді атамыздың құрметіне арналған кесенесі.

Адай Ата елінің Ел таңбасы. Қалқанның фондында айқастырылып салынған. Найза мен қылыш, ортасында бүкіл ел білетін атауы «Жебе» делінетін Адай таңба. Бұл таңба ұштары біріккен үш сызықшалардан тұрады және ол садақ оғының ұшын бейнелейді. Бұл Ерліктің, Елдіктің, Бірліктің белгісі. Адай таңба Үш жүздің басының біріккен күшімен, көк найзаның ұшымен ғана жауынды жеңіп жерінді қорғай аласың, «үш жүздің басы біріксе алынбайтын қамал жоқ, тәуелсіздіктің тірегі-үш жүздің басының бірлігі» деген мағынаны білдіреді.

Адайдың Жебе таңбасы (стрела, стрелка) бағыт-бағдар, жол көрсетіп бүкіл әлем елдерінің кез-келген жерінде тұр. Бұл Атам Қазақтың қарашаңырағының иесі Адайлардың «авторлық» құқы.

Көкбөрі. Түркі халықтарының символы. Ерте заманда аталарымыз көкжал қасқырды пір тұтқан. Себебі ол қандай қиыншылыққа да төзімді, өзінің жауларынан да, табиғаттың дүлей күшінен де қорғана алатын күшті, қолға үйретуге көнбейтін, туған жерінен басы ауған жаққа кетпейтін және өз ұяластарын сыртқы жауға бермейтін, қызыл кітапқа енбеген, саны көбеймесе, азаймаған, ержүрек ақылды да айлакер, киелі аң. Аталарымыз Көкбөрінің бойындағы осы қасиеттерін өз ұрпағының болмысында болуын қалап, балаларына үлгі тұтқан. Сол себепті ол бүгін де халқымызға символ бола алады. Күні кеше тәуелсіздік алған халқымыз батысымызда Ресей, шығысымызда Қытай, басқа да алпауыт елдердің ықпалында кетпей, ғасырдан ғасырға сақталған тілін, ұлттық ата салт-дәстүрін, өз болмысын, намысын, мәдениетін сақтай білуі үшін аталарымыз пір тұтқан осы Көкбөрінің рухынан нәр алсын деген мақсатта салынған.

Ұран оты. Ерте заманда елге жау шапқанда, кең байтақ Маңғыстауды ру-ру болып жайлап жатқан халықтың басын жинау үшін Отпан таудың басында Ұран отын жаққан. Сүйтіп Адай халқы бірігіп елін, жерін жаудан қорғап қалған. Отпан таудың басынан жаққан алау от сонау Үстірттің үстінен көрінеді екен. Қазір бұл жерде жыл сайын Маңғыстау халқының ежелден келе жатқан жыл басы 14 наурыз-Амал күні садақа беріліп, наурыздың 13-нен 14-іне қараған түні бірліктің, достықтың, тірлігіміз бен намысымыздың, ұлттық тәуелсіздігіміз жолындағы әр жылғы жеңісіміздің мәңгілік оты жағылады. От жағу рәсіміне өлкеде еңбек етіп өмір сүріп жатқан он екі ата Байұлының (Кіші жүз) өкілдері, Ұлы Жүз бен Орта Жүздің де өлкемізге белгілі зиялы ақсақалдары қатысады. Солардың қолынан өткен факел ең соңында Адай Атаның сегіз немересінің ұрпақтарының қолымен жағылады. 2008 жылы Құдайке атаның үлкен ұлы Қосай атаның, 2009 жылы Тәзіке ата ұрпақтарының ақсақалына Ұран отын жағу рәсімі берілсе, 2010 жылы Келімберді атаның үлкен баласы Құнанорыс атаның, 2011 жылы Ақпан атаның ұрпақтарына жүктелді. Тағы да есте сақтайтын нәрсе, Отпан таудың басында қорған болған. Сол қорғанда жыл он екі ай бойы сарбаздар өмір сүріп, күзетте болған. Қажетті уақытында от жағу үшін қорғандардың бірінде құрғақ ағаш-отын (сексеуіл, т.б.) сақталған. Бұған куә Адай Ата іргетасының тереңдігі 7 метрлік іргетасты қазу кезінде астынан өте ескіріп, жіңішкерген аттың сулығы, т.б. шыққан.

Батырлар алаңы. Көкбөрі, Батырлар алаңы, Баһадур батыр ескерткіші, Ту төбе аралығына салынған арнайы баспалдақ жолдың екі жағына Маңғыстау жерін қорғаған Адай тайпасы батырларының, Кіші жүз, Ұлы жүз бен Орта жүздің тарихта қалған атақты халық батырларының ескерткіш мүсіні немесе аты-жөні және өмір сүрген уақыты көрсетілген ескерткіш тақталары орнатылады деп жоспарланған. Мақсат Каспийден Алтайға, Орал тауынан Аралға дейін созылған ұлан байтақ Қазақ жерін қорғаған батыр аталарымыздың аспан астындағы мұражайын ашып, жастарымызды патриоттық сезімге, ұлтжандылыққа, имандылыққа, батырлыққа, ерлікке тәрбиелеу.

Ту төбе. Тәуелсіздігіміздің көрінісі. Ресми саяси-мәдени шаралар ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасының туы ілінетін арнайы орын. Ту тұғырдың биіктігі 20 метр шамасында. Сонымен қатар болашақта Баһадур батыр ескерткішін орнату жоспарланған. Бұл – қазақтың жерін қорғаған, Алатауға дейін барып, Сайрамды үш айналған Адай ата ұрпағы батырларына арналған ескерткіш статуя.

Дереккөз: <https://abai.kz/post/40223>

6. «Көне дүние күмбірі» бағыты: Жұмбақы тауындағы және Абай ауданындағы «Қоңыр әулие» үңгірлері, «Бектау ата» тауы мен үңгірі және Жылаған-ата үңгірі.

Қоңыр әулие Сарыарқаның солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан Баянауыл тауының жан-жаққа тараған сілімдерінің бірі Жамбақы жеріндегі Қыран Баянтаудың ұшар басын, Құлан Қызылтауды мекендегені туралы аңыздар бар.

Екінші үңгір Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы аумағында Шыңғыстау, Ақтас тауының етегінде, Шаған өзенінің жарқабақты оң жағалауында орналасқан.

Төңірегінде түрлі шатқалдары мен құздары бар, ертедегі ғұрыпқа тән тауға сиынуға байланысты «Әулиетау» деп аталған «Бектау ата» тауы мен үңгірі Балқаш қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Мұнда өсетін өсімдіктердің жүзге тарта түрінің 45-і сирек кездесетін және 8-і «Қызыл кітапқа» енгізілген. Сонымен қатар, тауда киелі саналатын тұщы су көзі бар «Әулие» үңгірі орналасқан.

Аңыз бен ақиқатқа толы Жылаған-ата үңгірі Түркістан облысы Кентау маңында Қаратаудың етегінде орналасқан. Геологиялық тұрғыдан қарасақ, қарт Қаратаудың бауыры химиялық элементтерге бай. Кеңестік кезеңде мұнда, болат та, қорғасын да, мырыш та, алтын да өндірілді (Қосымша В).

7. «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени кешені бағыты. Ақын, ислам дінінің көрнекті жаршысы, «Түркістан пірі» атанған ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің құрметіне арнап Әмір Темір салдырған кесене (хакана) негізінде Түркістан қаласында 1991 жылы ашылған. Бүкіл түркі жұртының, мұсылман қауымының қадір тұтатын киелі орны. Қорық-мұражай Қожа Ахмет Ясауи кесенесімен бірге Үлкен қылуат (жерасты мешіті, XII ғасыр), Әулие Құмшық Ата қылуәті (XII ғасыр), Сегіз қырлы кесене (XIV-XVI ғасырлар), Ұлықбектің қызы, Әбілқайыр ханның зайыбы Рабиға Сұлтан Бегім кесенесі (XV ғасыр), Шығыс моншасы (XVI-XVII ғасырлар), Есім хан кесенесі (XVII ғасыр), т.б. археологиялық, тарихи сәулет және бейнелеу өнерінің үздік ескерткіштерін қамтиды.

Сонымен қатар бұл қорымда қазақ халқының ардақ тұтқан кемеңгер адамдары, мемлекет қайраткерлері, елі үшін ерлік өмір сүрген қас батырлар жерленген.

Дереккөз: «Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары». «Фолиант» баспасы Астана-2017ж. – 504 б.

8. «Қазақ хандығы» монументі бағыты. Тараз қаласының батыс бөлігінде Қазақ хандығының қалыптасуының тарихи маңызын ашатын 30 метрлік ескерткіш орнатылған. Мүсіндік композиция алыс қашықтықтан анық көрінеді және ландшафттық панорама басым болып табылады.

550 жыл бұрын Қозыбасы жерінде Талас пен Шу өзендерінің арасындағы Керей мен Жәнібек сұлтандар қазақ хандығын құрды. Соңғы жылдары ғылыми айналымға енген аңыз бойынша, Керей хан мен Жәнібек хан қол астындағы ру-тайпалармен 1457 жылдың күзінде Шу өңіріне көшіп келген. Ал 1458 жылдың көктемінде Керейді хан етіп көтерді. Керей хан мен Жәнібек ханның бөлінуімен Көшпелі өзбектер мемлекетінде ыдырау процесі басталады. Әбілхайырханға наразы сұлтандар, әмірлер, ру-тайпа басылары Керей хан мен Жәнібекке келіп қосылады. Аз уақыт ішінде Қазақ хандығындағы халықтың саны 200 мыңнан асып кетеді.

Алғашында Қазақ хандығының территориясы батыс Жетісу жері, Шу өзені мен Талас өзенінің алабы еді. Ежелден осы алапты мекендеген тайпалар Дешті-Қыпшақтан қоныс аударған қазақ тайпаларымен етене араласып кетті.

Ұмытпай, келер ұрпаққа жеткізу мақсатында 2015 жылы Тараз қаласында «Қазақ хандығы» ескерткіші орнатылды.

Дереккөз: «Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары». «Фолиант» баспасы Астана-2017ж. – 504 б.

Ә2 Қосымшасы

Бейбітшілік ұялаған «Бәйтерек» викторинасы

«Астана-Бәйтерек» монументі туралы қысқаша мағлұмат.

Ежелгі таным бойынша бәйтерек – тылсым қасиетке ие ағаш. Жердің дәл кіндігінде өсетін, тамыры жерасты, діңі адам әлемі, басы рухтар мекені болып табылатын көк тіреген алып ағаш. Ежелгі түркі сөзінен айдарғанда «бәй» – үлкен, алғашқы деген ұғымдарды, ал терек (парсы тілінде – дарак) «ағаш» деген мағынаны білдіреді. Яғни, екі сөздің бірігуінен жасалып, «зәулім ағаш» дегенді танытады.

Монументтің идеясында қанатымен аспанды жауып тұрған «Самұрық» қасиетті құсы туралы ежелгі қазақ аңызы жатыр. Бәйтерек тіршілік тірегіне қарай ұшып келеді. Бәйтеректің ортасында өмір мен үміт беретін алтын жұмыртқа Күнге негіз салуда. Ал астында, тамырында айдаһар орналасып, түн мен қысты шақыруда.

Панорамалық залда әлемнің 17 түрлі діндерінің уәкілдері қолы қойылған 17 жапырақтан тұратын ағаш глобус орналасқан.

Ағаштың негізгі функциясы: негізгі үш ел мекемесінің деңгейін біріктіру – төменгі (жер асты), ортаңғы (жердегі) және үстіңгі (аспандағы).

Дереккөз: <https://massaget.kz/layfstayl/alemтанu/Qazaqstanым/9851/>.

Викторина сұрақтары:

Есіл өзенінің сол жағалауында бой көтерген «Бәйтерек» монументінің биіктігі (97 м).

Биіктігінің таңдалуының себебі (Астана қаласының елорда статусына ие болған жылға байланысты).

Күннің түсуіне қарай түсін «хамелеон» болып өзгертіп тұрады (Әйнектері).

Әлемдегі ең үлкен шардың ең биікке көтерілуі бойынша ... ие болды (Рекордка).

«Бәйтерек» нысаны неше бөліктен тұрады? (Үш).

Жер асты бөлігі нені білдіреді? (Ұлттың тамыр жаюы).

Металл конструкциялардан құрылған екінші бөлігі (Бәйтеректің діңгегі).

Ең жоғарғы жағында орналасқан композиция («Аялы алақан»).

Ұшар басында не орналасқан? (Алтын шар)

Шарының диаметрі (27 м).

«Оқы және өзгеге ұсын» буккроссингі

Төмендегі кестеде Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары бойынша оқуға ұсынылатын әдебиеттер мен бұқаралық ақпараттық құралдардағы мақалалардың қысқаша тізімі берілген (-кесте) .

-кесте - Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары туралы оқуға ұсынылатын әдебиеттер

Р/с	Өңірлік қасиетті нысандар	Оқуға ұсынылатын әдебиеттер мен мақалалар (авторы, атауы)
<i>Астана қаласы</i>		
1	Күйгенжар мекені – Өз Тәуке ханның ордасы	Артықбаев Ж. Өз Тәуке ханның Күйгенжардағы ордасы // «Астана ақшамы», 29.11.2017. Дубицкий А.Ф. Где течет Ишим. – Алма-Ата: Казахстан, 1962. Дубицкий А.Ф. Проїдемся по улицам Целинограда. – Целиноград, 1990. Кабульдинов З.Е. История Астаны. – Алматы, 2007. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Оразбаев А.М., Кадырбаев М.К. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1996.
2	Бұрынғы мұсылман мектебі.	
3	Мұсылман жастарына арналған Баймұхамбет Қосшығұловтың мектебі	
4	Константин-Елена шіркеуі	
5	«Жасыл» мешіт қоршауы	
6	Қалалық басқарма ғимараты (М.Горький атындағы орыс драма театрының әкімшілік ғимараты	
7	Көпес Матвей Кубриннің үйі	
<i>Алматы қаласы</i>		
1	Медеу шатқалы	Қойгелдиев М. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы, 1993. Алматы тарихы / И.Н.Тасмағамбетов, К.М. Байпаков, М.Қ. Әбусейтова, А.К. Ақышев, Н.А. Атығаев, Е.К. Әуезов, Е.Ж. Уәлиханов, А.А. Ғалиев, А.А. Горячев, А.М. Камышев. – Алматы: Толағай, 2006. Шойбеков Ү. Жұт. – Алматы: Жалын. 1990. https://alashainasy.kz/society/medeu-pusyirmanulyinyin-esm-el-esnde-106202/ Думан Анаш. Алматы, Медеу бай һәм оның ұрпақтары // «Алматы ақшамы», №129, 25-қазан, 2012 ж.
2	Көктөбе	
3	Шымбұлақ	
4	Верный бөбектер үйінің ғимараты (қазіргі Алматы музейі)	
5	1931-1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіш	
6	Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ғимараты	
7	Орталық және Кенсай зираты – көрнекті қоғам қайраткерлері мен танымал тұлғалар жерленген жер	

8	Кеңсай зираты	
9	Мұхтар Әуезовтың музей-үйі	
10	Дінмұхамед Қонаевтың музей-үйі	
<i>Ақмола облысы</i>		
1	Бөгенбай батырдың атымен байланысты кешен «жерленген жері, стелласы, тарихи музейі	Алпысбес М. Әздембай сал. Бұқар жырау. Энциклопедия. – Алматы, 2013.
2	Үмбетей жырау жерленген жер	Бағысов Б. Монтай батырдың жетінші ұрпағы Тоғай және Айдос Әбутәліповтің жазған деректері.
3	Саққұлақ би кесенесі	Байбосын С. Ерейментау. 1-том. – Астана: Фолиант, 2009.
4	Абылай ханның Қызыл ағашы	Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1989.
5	Уәли хан кесенесі	Бектұров Ж. Енеден ерте айрылған төл секілді. – Алматы: Қазақстан. 2002.
6	Қаныкей мазары	Бөкешев М. Дала мен қала ескерткіштері. – Астана: Дәме, 2017.
7	Әліптомар қажы мазары	Жансүгіров І. Құлагер. Поэмалар мен өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1994.
8	Ақ Еділ қажы мазары	Кенесарыұлы А. Кенесары және Сыздық сұлтандар. – Алматы: Жалын, 1992.
9	Біржан сал кешені	Құтпанов И. Ай, заман-ай, заман-ай... бес ғасыр жырлайды. 2-т. – Алматы, 1991.
10	Балуан Шолақ кешені	Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу: тарихи-мемуарлық роман. 4-басылым. – Алматы: Жазушы, 1977.
11	Иманжүсіп Құтпанұлына орнатылған белгі	Қажыбаев Т. Қазыналы қарттарым // «Көкшетау» газеті, 13.01.1994.
12	Батыр Киікбай Байғараұлы жерленген жер	Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
13	Бөгенбай би кесенесі	Жубанов А. Соловей столетий: Очерки о народных композиторах и певцах. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002.
14	Батыр Қосағалы Төлекұлы кесенесі	Ақмола. Энциклопедия. – А.: Атамұра, 1995. – 400 б.
15	Бектемір сопы кесенесі	Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы, 1987.
16	Паң Нұрмағанбет кесенесі	Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – А.: Жазушы, 1985. – 367 б.
17	Қызылтам (Ахмет) кесенесі	Мұқанов С. Халық мұрасы (таризтық
18	Балқадиша жерленген жер	
19	Ақансерінің ғашығы Ақтоты жерленген жер	
20	Дүйсен би жерленген жер	
21	Монтай батыр жерленген жер	
22	Асат би Алпысұлы жерленген жер	
23	Қылышбай әулие жерленген жер	
24	«Қос бейіт» кесенесі	
25	Қазы батыр жерленген жер	
26	Өрес ханым жерленген жер	
27	Қалақ батыр жерленген жер	
28	Тіржан қажы жерленген жер	
29	«Айдаһар үңгірі» тауы	
30	Әздембай сал Көтербайұлы	

	жерленген жер	және этнографиялық шолу). А.: Қазақстан, 1974. – 235 б.
31	Мария Жагорқызы жерленген жер	
32	Нияз би кесенесі	
33	Едіге би Төлебайұлы мазары	
Алматы облысы		
1	Қора шатқалы	Алшабаев Ә. Ата қонысым – құт мекенім. – Талдықорған: Офсет, 2002.
2	Жаманты (Арасан) бұлағы	Андас Қ. Жерұйық менек. Алматы облысының мәдениеті мен өнері. – Алматы: Таймс, 2014.
3	Тұздықөл көлі (Рай апа)	Ахмет Ә., Қабышева У. Базарбай Мәметов – Алашорда министрі. – Алматы: Самара-Принт, 2013.
4	Шыңғысханның тұрағы	Ахмет Ә. Уәйс. – Талдықорған: Офсет. 2007.
5	Ешкіөлмес петроглифтері	Ахметов Ә., Жансеңгіров Т., Мейірбеков М. тыңда, тарих, бізді. – Алматы: Самара-Принт, 2013.
6	«Бесшатыр» қорымы	Әлдібаев Н. Айтыстың алдаспаны – ақын Сара // «Егемен Қазақстан» газеті. 02.03.2017.
7	Талғар қалашығы	Әлдібаев Н. Асыл туған нәсілдің үлгі тұтар ісі бар // «Егемен Қазақстан» газеті. 17.10.2015.
8	Қарамерген қалашығы	Байжұманова З. Киелі, қасиетті «Найзатапқан» // «Парасат», №11, 2015.
9	Әулиеағаш	Бегалин С. Жамбыл. Өмірбаяндық хикаят. – Алматы: Жалын, 1996.
10	Найзатапқан бұлағы	Бейсенбекұлы Д. Кереметі көп киелі ағаш // on.kz. 08.08.2011.
11	Көтен әулие кесенесі	Бектемірова Н. Көгілдір Көксу – атамекенім // «Қазақстан-заман» газеті, 22.08.2017.
12	Түктібай әулие кесенесі	Биболов С. Ескелді би – даналақтың дариясы // «Қазақстан-заман» газеті, 30.08.2017.
13	Құлжабай әулие Тайсарыұлы мазары	Дарабоз ана. Қазақ тарихындағы әйелдер // bilimdiler.kz/
14	Смағұл қажы жерленген жер	Достоевскиймен еркін сөйлескен Тезек төре // «Қазақ әдебиеті» газеті, 06.11.2015.
15	Үлпілдек Дарабоз ана жерленген жер	Зиялыларды баптаған Мамания мектебі
16	Қарымбай әулие кесенесі	
17	Әбіш ата мен Әлжан ана кесенесі	
18	Байтулақ батыр кесенесі	
19	Ескелді би кесенесі	
20	Балпық би кесенесі	
21	Жолбарыс батыр кесенесі	
22	Айту би кесенесі	
23	Мықтыбек батыр кесенесі	
24	Тәнеке батыр жерленген жер	
25	Әлмерек баба кесенесі	
26	Есім Төре кесенесі	
27	Сарыбай би жерленген жер	
28	Қараш би кесенесі	
29	Қоғыл әулие, «Сөк төре» кесенелері	
30	Батыр Бөлек Тасыбайұлы кесенесі	
31	Жәлменде би Байшығаұлы жерленген жер	

32	Ақын Сүйінбайұлы Аронұлы кесенесі	// baq.kz, 03.02.2012.
33	Ақын Бақтыбай Жолбарысұлы жерленген жер	Қараман Қ. Қаратал – әулие, би, батырлар мекені. – Алматы: Таймас, 2014.
34	Тезек Төре қонысы	Мұхаметшин С. Туған елім – тұғырым. – Алматы: Арсы, 2006.
35	Ақын Сара кесенесі	Тауасарұлы Қ. Түп тұқияңнан өзіме шейін. – Алматы: Жалын, 1993.
36	Мамания мектебі	Юсупов Ғ. Қарымбай әулиенің қасиеті өзенді теріс ағызумен шектелмейді // Alashainasy.kz. 24.12.2015.
37	Орыс православиелік шіркеуі	
38	Алаш зиялысы барлыбек Сыртанов жерленген жер	
39	Алаш зиялысы Базарбай Мәметов кесенесі	
Ақтөбе облысы		
1	Бекқұл би кесенесі	Құлтаев Б. Бекқұл баба бүгінгі ұрпақ жадында // «Ақтөбе» газеті, 2011.
2	1930-1950жж. саяси қуғын-сүргін құрбандарына орнатылған «Түйетөбедегі» ескерткіш	Төреханов Т. Қанмен жазылған тағдырлар. – Алматы. 1999. Төреханов Т. Кісенделген дала. – Алматы, 2003.
3	Шәкен ишан мешіті	Алматы, 2003.
4	Былшық би кесенесі	Былшық би билігі // «Ақтөбе» газеті, 2015.
5	Асан қожа әулие жерленген жер	Абдолла хазірет және Көк мешіт // «Ақтөбе» газеті, 2011.
6	Абдолла хазіреттің Көк мешіті	Абдолла хазіреттің Көк мешіті // «Алтын орда» газеті, 2005.
7	Батыр Бақтыбай Төлесұлы кесенесі	Әлдібаев О. Ұран Бақтыбай. – Шалқар, 2015.
8	Дәуімшар батыр жерленген жер	Самашев З., Оңғар А., Қиясбек Ғ. Қызылүйік археологиялық аймағындағы зерттеулердің қысқаша есебі. – Алматы, 2009.
9	Қазалүйік ғибадатханасы	Самашев З., Оңғар А., Қиясбек Ғ., Оралбай Е. Қызылүйік ғибадатханасы. – Алматы, 2011.
10	Сүндет кесенесі	Бисен хазірет // «Ана тілі» газеті, 2002.
11	Қызылтам мазары	Бисен хазіреттен қалған жазба // «Ақтөбе» газеті, 2014.
12	Нұрпейіс хазірет мешіті	Алмат сардар және оның ұрпақтары // «Ақтөбе» газеті, 2012.
13	Бисен хазірет мешіті	Әжіғали С. Ескерткіш – ел тарихы. – Ақтөбе, 1992.
14	Батыр Дербісәлі Қиғылықұлы кесенесі	Бақтыгерейұлы С. Ойыл. – Ақтөбе, 2009.
15	Батыр Көтібар Бәсенұлы кесенесі	
16	Жәлімбет батыр кесенесі	
17	Қарағұл би кесенесі	
18	Көк мешіт	
19	Төлеубұлақ петроглифтері	
20	Керуен сарай	
21	Ойыл мешіті	
22	Ботакөз батыр мешіті	
23	Темір мешіті	

24	Мәулімберді әулие мешіті	Жәрмеңкесі Ойылдың аз ғана күн... // «Ақтөбе» газеті, 2017.
25	Айдарлыаша геологиялық қимасы	Ілиясова Р. Арулар – аналар, даналар. – Алматы, 2003.
26	Балғасын мешіті	Райымбергенов А. Қазанғап Ақжелең. – Алматы, 1984.
27	Күйші Қазанғап Тілепбергенұлы мазары	Төлепбергени Т. Аянбай жаумен алысқан. – Ақтөбе, 2005.
28	Алмат Сардар Тобабергенұлы мазары	Жау бүйректен жан қалмас // «Аа тілі» газеті, 2011.
29	Дүйсенбі ахун мешіті	Кемешов М. Тарихы терең темір. – Ақтөбе, 2010.
30	Жаныс би кесенесі	Шалқар энциклопедиясы. – Шалқар, 2009.
31	Исатай хазірет мешіті	
32	Мәні әулие қорымы	
33	Сәмет батыр кесенесі	
34	Батыр Арыстан Тінәліұлы кесенесі	
Атырау облысы		
1	Индер тұзды көлі	Дияров М.Д., Калочева В.П., Мещеряков С.В. Природные богатства Индера и их использование. – Алма-Ата, 1981.
2	Кененбай үңгірі	Нартайұлы Қ. Дүйсеке ата мешіті // «Кең Жылой», №9, 2009.
3	Ақтөбе-Лаэти қалашығы	Атырау: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 2000.
4	Қорғанша қалашығы	Атырау өңірінің археологиялық ескерткіштері. Жауапты Ғ.А. Исаков.- Атырау, 2010.
5	Алып ана қорымы	Атырау облысы тарихи-өлкетану археологиялық және этнографиялық коллекциясы. Атырау: «Ағатай» баспасы.- 2009.
6	Мәтенқожа әулие мазары	Қазбек Құттымұратұлы. Жұбан молла. – «Арыс» баспасы.
7	Бөкен би кесенесі	Әлімгерейұлы Ө. Үстірт пен Үйшік, Азау арасы: өлкетанушы жазбалары – Алматы: «Абзал Ай» баспасы, 2018.
8	Ақын Шернияз Жарылғасұлы кесенесі	Байбақты әулие [Мәтін]/ Ұзақбаев Б. // Ана тілі. – 2011.
9	Байбақты әулие Қармысұлы кесенесі	С.Е.Ажигали. «Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии»: Алматы, 2002.
10	Ақын Бала Ораз Өтебайұлы мазары	Бәйтеректің бір бұтағы Бөкен би. // baq.kz, 06.09.2012.
11	Ақын Мұрат Мөңкеұлы кесенесі	
12	Сұлтануәйс әулие Ыбырайұлы мазары	
13	Әулие Сары ата (Есмағамбет Тулымұлы Досмағамбетов) мазары	
14	Ақын Ығылман Шөреков жерленген жер	
15	Әулие Зейнеден Құрасұлы кесенесі	
16	Алтын қорымы	
17	Дүйсеке ата қорымы	

18	Жұбан кесенесі	
19	Әжібай би Болпашұлы кесенесі	
20	Оңай ата кесенесі	
Батыс Қазақстан облысы		
1	Ешкі тауы	Батыс Қазақстан облысы.
2	Шалқар көлі	Энциклопедия. — Алматы: «Арыс»
3	Аққұм кешені	баспасы, 2010 жыл.
4	Торатбасы тауы	Шалқар көлі өзімізге шағалалы көк
5	Қыземшек тауы	теңіз ... // «Ақтөбе» газеті, 22.05.2014.
6	Шоқай батырдың Шоқайтерегі	Ақбай Ж. Ерен Ер Сырым. – 2002.
7	Қыз әулие сарқырамасы	Әбілқайыр С. Құныскерейдің соңғы сәті
8	Құныскерей үңгірі	// Dana.kaz. №8(9). 2013.
9	Айдар сор	Ноктаға басы сыймаған Құныскерей //
10	Айдана қыраты	Dana.kaz. №8(9). 2013.
11	«Қырық оба» кешені	Спан А. Құныскерейдің соңғы сәті //
12	Сегізсай (Лебедевка) қорған кешені	Dana.kaz. №8(9). 2013.
13	Жалпақтал қалашығы	Аллааярұлы Ж. Үкі би және оның
14	Қожантай қажы мешіті	заманы // Dana.kaz. №1. 2016.
15	Жарман хазірет мешіті	Ғайсағали С. Сүгір жыраудың
16	Батыр Дәуқара Қарақожаұлы жерленген жер	құлпытасы табылды // Dana.kaz. №6(29). 2016.
17	Батыр Байбарақ Құдайқұлұлы кесенесі	Ғайнеденұлы З. Тастөбе соғысы. – Орал, 2004.
18	Батыр Тіленші Бөкенбайұлы жерленген жер	Есмағамбетов К. Исатай батыр бейіті: аңыз бен ақиқат // «Қазақ әдебиеті» газеті, 27.01.2012.
19	Батыр Тайлақ Мәметайұлы жерленген жер	Жеңіске жер алған Жетпіс палуан // Dana.kaz. №7(8). 2013.
20	Үкі би кесенесі	Кежебекқызы А. Қолбасшы Қоске әулие. – Алматы, 2006.
21	Айшуақ хан жерленген жер	Рабаева Я. Жолбарыс батыр туралы деректер бар // Бөрлі жаршысы. №23(2119). 2017.
22	Жантөре хан жерленген жер	
23	Батыр Қоске кесенесі	Сатай батыр Кенжеғараұлы // Dana.kaz. №9(10). 2013.
24	Саудабай би Көккөзұлы жерленген жер	
25	Қаратау би Өмірзақұлы кесенесі	Исмурзин Ж.А. Мінді Науша атына-ай... // Dana.kaz. №10(11). 2013.
26	Қазы би Сырымұлы жерленген жер	Құттымұратұлы Қ. Байбақтыда Наушадай батыр өткен // Dana.kaz. №6(7). 2013.
27	Батыр Сатай Кенжеғараұлы жерленген жер	Хасанов Қ. Қос батырдың хикаясы. – Алматы: Зерде, 2000.
28	Батыр Науша Қаржауұлы жерленген жер	Хасанов Қ. Ескірмейтін есімдер. – Орал:
29	Омар би Қазыұлы жерленген	

	жер	Полиграфсервис, 2008.
30	Батыр Жолбарыс Торыұлы жерленген жер	Менің кіші Отаным: Сырым ауданының жер-су атаулары және тарихи орындары жайлы анықтамалық кітап. – Орал: Шұғыла Принт, 2015.
31	Ұзақ күйші кесенесі	Құттымұратұлы Қ. Тарихың терең неткен, туған өлкем! // «Айна» газеті. №22, 03.05.2010.
32	Малтахан би кесенесі	Нұрымбетов Е.Ш., Мәулетова С.А., Сертеков Н.О. Ақжайық өңірінің музыкалық фольклоры III томдық. I том. (Қаратөбе Сырым аудандары) -- Алматы: Исламнур, 2005. – 184 б.
33	Сүгір жырау Мырзалыұлы жерленген жер	
34	Күйші Мұхит Мерәліұлы кесенесі	
35	Ақын Шәңгерей Бөкеев жерленген жер	
36	Күйші Мәмен Мұратұлы кесенесі	
37	Сырым шыққан төбе	
38	Тастөбе шайқасы болған жер	
39	Хан тоғайы	
Жамбыл облысы		
1	Әулиебастау қалашығы мен бұлағы	Нұржекеев Б. Өзендер өрнектеген өлке. – Алматы: Жалын, 1987. – 228 бет
2	Қарасай петроглифтері	Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы. Байзақ ауданы. – Алматы, 2010. – 204 б.
3	Жетітөбе қорымы	Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы. Жамбыл ауданы. – Алматы, 2010. – 212 б.
4	Ерте ислам дәуірінің мешіті және оған қосалқы салынған керуен сарайы	Самашев З. Петроглифы Казахстана. - Алматы:Өнер, 2006. - 200 с.
5	Ақкесене бекінісі	Лерх И.П. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 г. – СПб., 1870. – С. 10, 28-29.
6	«Қазақ хандығы» монументі	Әбдіров М. Кенесары және қазақтар. – Алматы, 1993.
7	Қозыбасы – Қазақ хандығының туы тігілген жер	Бекмаханов Е. Кенесары Қасымов бастаған азаттық қозғалысы. Кенесары көтерілісінің қозғаушы күштері // Е. Бекмаханов, Қазақстан XIX ғасырдың 20-40-жылдарында. – Алматы, 1994.
8	Қостөбе қалашығы	Елеуов М. Шу мен Талас өңірлерінің тарихи-мекендік аңыздары // ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы. №9, 1998.
9	Меркі қалашығы	Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы. Тараз қаласы. – Алматы, 2014.
10	Аспара қалашығы	
11	Құлан қалашығы	
12	Өрнек қалашығы	
13	Ақтөбе (Степнинское) қалашығы	
14	Бектөбе қалашығы	
15	Құралай сұлу кесенесі	
16	Абдолла ишан мешіті	
17	Қарақожа мешіті	
18	Кенесары хан мемориалы	
19	Шоқай датқа кесенесі	
20	Сыпатай батыр кесенесі	
21	Ықылас Дүкенұлы жерленген	

	жері және мемориалы	Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиналғысы. – Алматы, 2011.
22	Саңырақ батыр кесенесі	Т.Рысқұлов ауданы. – Алматы, 2011.
23	Биназар батыр кесенесі	Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиналғысы. Шу ауданы. – Алматы, 2012.
24	«Момыш бұлағы» (Б.Момышұлының туған жері)	Абдуалы А.Б., Серікбаев Е.Қ., Өтепбергенова Г.С., Тобаджанов Р. Әулиеата өңірі киелі орындарының тарихи аңыздары: Оқу құралы. – Тараз: Тараз университеті, 2018. – 104 бет.
25	Бөлтірік шешен кесенесі	
26	Өтеген батыр кесенесі	
27	Көшек батыр кесенесі	
Қарағанды облысы		
1	Қарқаралы тауы	Айбын. Энциклопедия / Бас ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011.
2	Үш үңгір тауы	Аршабеков Т.Т., Жакин М.С., Жұмабеков Ж.А. Қарқаралы-Ақтоғай елді мекендерінің жер-су атаулары. – Қарағанды: Арко, 2002.
3	Едірей таулары, Мәдидің қара үңгірі	Аршабеков Т.Т., Қожахмет М., Ісләмұлы І. Жер жаннаты – Жаңаарқа. – Қарағанды: Гласир, 2010.
4	Қараағаш ормандары	Аршабеков Т.Т., Жұмабеков Ж.А., Толеуов Т.С. Ұлытау-Нұра тарихи-мәдени ескерткіштері. – Қарағанды: Гласир, 2007.
5	Арғанаты тауында орналасқан тас мүсіндер және Балбұлақ бұлағы	Аршабеков Т.Т., Жакин М.С., Жұмабеков Ж.А. Қарағанды облысының топонимикалық картасы: Ақтоғай, Қарқаралы аудандарындағы елді мекендер мен жер-су атауларының тарихи негіздемесі. – Қарағанды: АРКО, 2005.
6	Талды II қорымы	Аршабеков Т.Т. Қарқаралы күмбездері. – Қарағанды, 1998.
7	Қаражартас қорымы	Аршабеков Т.Т., Ісләмұлы І. Ақтау бекінісі. – Қарағанды: Гласир, 2007.
8	Ақсу-Аюлы II қорымы	Ахметов К. Ұлытау. – Астана: Фолиант, 2006.
9	Байқоңыр петроглифтері	Исабай І. Шоң би. – Алматы: Жазушы, 1993.
10	Ұлытаудағы хан ордасы	Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. – Алматы: Атамұра, 2010.
11	Ақтау бекінісі	
12	Кент қалашығы	
13	Тайатқан-Шұнақ петроглифтері	
14	Желтау петроглифтері	
15	Тасарал қорымы	
16	Бесқамыр қалашығы	
17	Қос ұйтас, Қара дың – Едіге және Байқоңыр жерлеріндегі ғұрыптық кешен	
18	Қызылкеніш сарайы	
19	Дулығалы мешіті	
20	Батыр Сеңкібай Оразғұлұлы кесенесі	
21	Ерден Сандыбайұлы кесенесі	
22	Болған ана кесенесі	
23	Құлан қатын кесенесі	
24	Аяққамыр кесенесі	
25	Мәди ақын жерленген жер	
26	Шөже ақын жерленген жер	

27	Алшынбай би жерленген жер	Марғұлан Ә.Х. Сарыарқа петроглифтері. Бөрі тотемі бейнеленген гравюралар. – Алматы, 2003. Марғұлан Ә. Қазақтағы Қазақ бақсы-балгерлері: Қорқыт аңызын дәстүр етіп сақтаушылар. – Алматы: Ана тілі, 1993. Мәкенбаев Қ. Сеңкібай батыр – Би ата. – Қарағанды: Қарағанды Полиграфиясы ААҚ, 2003. Омарбеков М. Қарқаралының тарихи ескерткіштері және саяхат маршруттары // Орталық Қазақстан, 3.05.2000. Орманбетұлы Н. Шығармалары. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 1998. Попов Ю.Г. Қарқаралы. – Алматы, 1981. Тоғжанов Е., Аршабеков Т. атамекен. – Қарағанды, 2002. Уәлиханов Ш. Қазақ бақсы-балгерлері: Тәңірі (Құдай). – Алматы: Ана тілі, 1993. Новоженев В.А. Петроглифы Сарыарқи. – Алматы, 2002. Сембин М.К. Мавзолей Аяқ-Камыр. Архив НИПМ, 1977.
28	Байдалы би кесенесі	
29	Матақ батыр мазары	
30	Жекежал қыстағы (Әлихан Бөкейханның туған жері)	
31	Талдыбейіт (Бөкейхан әулетінің қорымы)	
32	Нарманбет ақын кесенесі	
33	Шабанбай би кесенесі	
34	Сана би кесенесі	
35	Қойлыбай әулие кесенесі	
36	Мейрам Жанайдарұлы кесенесі және Жанайдар батыр сәулеттік кешені	
37	Ақын Шортанбай Қанайұлы кесенесі	
38	Күйші Тоқа Шоңманұлы жерленген жер	
39	Кейкі батыр үңгірі	
40	Бекметовтар үйі (Абай тоқтаған үй)	
41	Мақат сағанасы	
42	Қара төбе (Мамочкино) қорымы	
43	Қоянды жәрмеңкесі	
Қостанай облысы		
1	Қазыбай әулие Ақпанұлының жерленген жері	Абдуллин Ә. Қитаба қыпшақ Қазыбай әулие // «Қостанай таңы», 09.04.2016.
2	Құтан әулие Аталықұлы кесенесі	Қабденұлы Ә. Арғын, Таз (Алдияр) руының шежіресі. – Қостанай, 2007.
3	Баймырза әулие Мергенұлы кесенесі	Әнесұлы Ж.А. Байтұрсыновтың туыстары – өткен тарихтың куәгерлері.
4	Қоянақ әулие Жолшарақызы кесенесі	Мақтанышы елімнің, Ұлтына ғұмырын арнаған ұлы тұлға. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2010.
5	Түркібай әулие Ақанұлы жерленген жер	Батырбеков Ә. Хан Кене мен Шоқай би. – 2017.
6	Сатыбалды ишан Ғабдоллаұлы кесенесі	Ғазиз М. Тобыл өңіріндегі қасиетті орындар // «Қостанай» газеті, 13.08.2017.
7	Әулие Никольский шіркеуі	Даланың дара ділмарлары. – Алматы: Қазақстан баспа үйі. 2001.
8	Ақмешіт мешіті	Ертайқажы Б. Ел анасы Қоянақ әулие //
9	Батыр Маңдай Байдәулетұлы жерленген жер	
10	Батыр Жабағы Ипанұлы жерленген жер	

11	Жазы би Жанұлы кесенесі	«Қостанай таңы» газеті, 22.09.2010.
12	Шоқай би Балқанұлының жерленген жері	Жәлелов Ө. Жүрегінің түгі бар Құттымбет батыр. «Сыры Сарқылмаған Ұлытау» АҚИҚАТ (ұлттық қоғамдық-саяси журнал) №8, 2007 ж. 30-34 б.
13	Қобызшы Тілеп Аспанайұлы жерленген жері	Ш.Уәлиханов. Таңдамалы шығармалардың бес томдығы. Т.1. — Алматы, 1984. — 432 б. — 9-796б.
14	Күнтимес – Шоқан Уәлихановтың туған жері	Есмурзин К. Мұны да бір ескерсек...: Алты алаштың ардағы // Ана тілі. – 2005. – 3 қараша. – Б.13
15	Омар құдығы (Ыбырай Алтынсариннің туған жері)	Шүкірұлы, С. Барын халқына берген жан // Жас алаш. – 2006. – 21 қыркүйек.
16	Сарытүбек ауылы (Ахмет Байтұрсыновтың туған жері)	Нұрмағамбетов Ә. Албарбөгет. – Алматы: Мерей, 1993.
17	Мұхамеджан Сералиннің жерленген жері	
18	Албарбөгет (Айса бөгеті)	
19	Татыр шайқасы болған жер	
Қызылорда облысы		
1	Әбжали ишан мешіті	Әбсаттар қажы Дербісәлі. Сунақ ата // «Егемен Қазақстан» газеті, 24.02.2010.
2	Айқожа ишан кесенесі	Артықбаев Ж. Әулие Белең ана – қалашық тарихы қадым замандарға кетеді, - 2017.
3	Асанас қалашығы	Артықбаев Ж. Сарысу бойындағы Ала тағы әулие – беймәлім ескерткіш, 2017.
4	Ақтас мешіті	Әбдуов Қ. Байқоңыр ғарыш айлағы жайлы // «Дала мен қала» газеті, №29. 18.07.2013.
5	Асанас ата кесенесі	Бейкенова Ш., Бектасов Г., Жарылқасынов А. Сыр еліндегі ескерткіштер, 2013.
6	Ноғай мешіті	Сыр еліндегі діни-ағартушылық ой-сана // «Ана тілі» газеті, 2009.
7	Ғанибай мешіті	Елеуов Е.А. Бірінші әділ халифа Әбу Бәкір Сыдық ұрпағы – Хусамаддин Сунақ ата // Ақ мешіт апталығы, 1.10.2009.
8	Ғанибай керуен сарайы	Елеуов Е.А. сауысқандық петроглифтері туралы не білеміз? // «Сыр бойы» газеті, 2017.
9	Күйіккескен қалашығы	Еңсепов Б. Мүсірәлі Сопы және оның әулеті // Әлімсақ. №10. 2014.
10	Қосым қожа мазары	Ержанов Ж.Е. Сунақтар мен Сунақ қаласы. – Алматы: Ғылым, 1996.
11	Қожаназар ишан мешіті	Есіркепов Ж. Түмен әулие кесенесі //
12	Мүсірәлі әулие кесенесі	
13	Байқоңыр ғарыш айлағы	
14	Бәбіш-Мола қалашығы	
15	Баланды II кесенесі	
16	Жетіасар мәдениетінің кешенді ескерткіші	
17	Қалқай ишан кесенесі	
18	Марал ишан кесенесі	
19	Иманқұл мешіті	
20	Түмен әулие кесенесі	
21	Қалжан ахун мешіт-медресесі	
22	Қожан қожа кесенесі	
23	Құлболды ишан кесенесі	
24	Мүлкәлан әулие кесенесі	
25	Асан ата кесенесі	
26	Ахмет ишан кесенесі	

27	Есабыз әулие кесенесі	«Сыр ардагері» газеті, 13.01.2010.
28	Оразай ишан кесенесі	Кеніштайқызы Г. Мүсірәлі баба – қазақ елінің рухани қайраткері // Қазақ тарихы. №4. 2005.
29	Сауысқандық петроглифтері	
30	Қарасопы кесенесі	Құрманқұлов Ж., Утубаев Ж. Баланды антикалық ескерткіші. – Алматы, 2013.
31	Сунақ ата кесенесі	Құрманқұлов Ж., Байпақов К., Елеуов М. Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы. – Алматы, 2011.
32	Қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалды ескерткіш	Құдайбергенов Қ., Сыдықова Ж., Біләлов С., Мыңжасаров Н. Сыр елінің тарихи-мәдени мұралары. – 3-том, 2010.
33	Өшпеш Даңқ мемориалы	
34	Әулие Белең ана жерленген жер	
35	Ала тағы әулие жерленген жер	
Маңғыстау облысы		
1	Шерқала тауы	Аманиязов К.Н., Задерецкая Н.Ю., Игібай К.Ж. «Отый край». Маңғыстау облысының географиялық және этномәдени тарихы. – Алматы, 2003.
2	Бозжыра тауы	
3	Айрақты тауындағы петроглифтер	Мұхамбеткәрім Қожырбайұлы «Маңғыстау һәм қазақтың құпия шежіресі» Алматы - 2013 ж.
4	Саура сайы	Бронислав Залесский «Қазақ сахарасына саяхат» Париж 1865, Алматы 1991 ж.
5	Самал сайы	Қондыбай С. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. – Алматы, 2000.
6	Тамшалы сайы	Ажигали С.Е. Архитектура кочевников. Феномен истории и культуры Евразии. – Алматы, 2002.
7	Ұлыкіндікті кешені	Әбдірахманов Б. Бекет-атаның сұпылық жолы. – Алматы, 2010.
8	Ман ата кесенесі	Жылқышыұлы Ж. Сегіз арыс адайым. 3-том. – Астана, 2015.
9	Махтум баба мешіті	Жалғасова Э. Тарихы терең, тағылымы мол –Түпқараған. - Global
10	Есен ата жерленген жер	«Белгілі ерден Бегей бар (Бегей ата шежіресі)» – Алматы: Дәуір, 2007.
11	Темір баба кесенесі	Жылқышыұлы Ж. Адай шежіресі. 1-том. – Алматы, 2014.
12	Күйеу там кесенесі	
13	Кенті баба кесенесі	Қырымның қырық батыры. - Алматы, «Арыс» баспасы, 2005.
14	Оғыланды ата жерленген жер	Сәкен С. «Қырымның қырық батыры» және Ноғай Ордасының тарихы туралы шежіре деректері/ Абай. - 2011. - №3.-
15	Қошқар атадағы қошқар мүсіні	
16	Есмамбет әулие жерленген жер	
17	Хатам ишан кесенесі	
18	Бекбаулы ата мазары	
19	Тобықты жеріндегі Бекет ата жерасты мешіті	
20	Мыңкісі ата кешені	
21	Көркембай ахун мешіті	
22	Қыдырша ата жерленген жер	
23	Қыз әулие мазары	
24	Батыр Атақозы жерленген жер	
25	Батыр Бердалы жерленген жер	
26	Құлбарақ батыр кесенесі	
27	Мұрын жырау кешені	

28	Ержан хазірет жерленген жер	53-59 бет.
Оңтүстік Қазақстан облысы		
1	Қаншайым аралы	Қазыналы Оңтүстік. Оңтүстік Қазақстан облысы. 22-том, 3-кітап. – Алматы: Нұрлы әлем, 2011. Қазыналы Оңтүстік. Оңтүстік Қазақстан облысы. 22-том, 4-кітап. – Алматы: Нұрлы әлем, 2011. Қазыналы Оңтүстік. Оңтүстік Қазақстан облысы. 22-том, 6-кітап. – Алматы: Нұрлы әлем, 2011. Оңтүстік Қазақстан облысындағы жер-су, елді мекен атауларының қысқаша тарихы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2009. Байбатша Ә. Қазақ даласының ежелгі тарихы. – Алматы: Санат, 1998. Ахмет С.З., Исабеков З.Қ., Есжан Е.Ә. Отырар ескерткіштері. – Шымкент: Жебе, 2006. Байпақов К.М., Марьяшев А.Н., Байтанаев Б.А. Қаратаудың жаңа петроглифтері. – Алматы: Күмбез, 2007. Бейсенұлы Б. Халық арасында қасиетті орын ретінде тараған Ыстық әулие зираты // Айқын. 02.08.2013. Көктен ата бұлағының және Есенаман қалпе бабаның тылсым сыры... // «Көп жаса» газеті, №11. 2012. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005. Тәбризұлы С. Созақ өңірі. Толықтырылған 2-басылым. – Алматы, 2007. Көшербай Е. Ақсүмбе мұнарасы / Алтын қазына. – 2013. №15(41). Олжабай С. Махаббат маздаған немесе Ақсүмбе-Ақбикеш аңызы // Жалын. – 2001. -№1. Артықбаев, Ж. Ақсүмбе мұнарасы [Текст] / Ж. Артықбаев // Мәдени мұра = Культурное наследие. - 2016. - № 2. -
2	Хантағы жартасы	
3	Қырық қыз	
4	«Көзді ата» әулие бұлағы	
5	Тамшы әулие	
6	Дастарбасы кешені (Дастарбасы петроглифтері, Дастарбасы үңгірлері)	
7	Боралдай петроглифтері	
8	Қаратау петроглифтері	
9	Қасқабұлақ петроглифтері	
10	Орда қонған тарихи орны (Атбұлақ)	
11	Оқсыз қалашығы	
12	Жуантөбе қалашығы	
13	Ханқорған қалашығы	
14	Мәртөбе қалашығы	
15	Шымкент қалашығы	
16	Қосым ишан кесенесі	
17	Шамет ишан сәулет кешені	
18	Ишанбазар (Ақмешіт) мешіті	
19	Ысқақ баб (Баба ата) кесенесі	
20	Ақсүмбе мұнарасы	
21	Ноғай ишан мешіті	
22	Георгий Победоносец шіркеуі	
23	«Жәми» Шыңғысбай қажы мешіті	
24	Никольский шіркеуі	
25	Ұзын ата кесенесі	
26	Мәриям ана кесенесі	
27	Әбдел Әзіз баб кесенесі	
28	Қызыр мұнарасы	
29	Мірәлі баб кесенесі	
30	Қыз әулие	
31	Қазы Байзаун кесенесі	
32	Темірші ата әулие	
33	Жекен Шайнақ әулие жерленген жер	
34	Мұңлық-Зарлық әулие кесенесі	
35	Көктан ата бұлағы және Есенаман қалпе кесенесі	

36	Кәлен баб әулие жерленген жер	С. 39-44
37	Жуас баб әулие кесенесі	Ерлан Сыздық (өлкетанушы). Оңтүстік – қасиетті орындардың ордасы // Қазақ үні, 29.09.2015. Сәулембай Әбсадықұлы (ҚР үздік өлкетанушысы). Туған жердің тау-тасы тұнған тарих // Arainews.kz. / ақпарат агенттігі Қазақтың көне тарихы / Дайынд. М.Қани. – Алматы: Жалын, 1993. Ерімбетов М. Ұлы тұлғалар // Қазақ батырлары. – 2001. – № 5 (34). Үсенбаев Т. Қазақ шежіресі. – 2-т. Орта жүз – Жан Арыс. – Алматы: «Полиграфкомбинат» ЖШС, 2007. Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас ред. Б.Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – 560 б.
38	Ердәулет және Шәймерден әулиелер кешені	
39	Сөк-сөк әулие мазары	
40	Ақтас әулие бұлағы	
41	Қотырбұлақ әулие бұлағы	
42	Көз ата әулие кесенесі мен бұлағы	
43	Қошқар ата кесенесі мен бұлағы	
44	Иса ата (Ыстық ата) әулие кесенесі	
45	Саңғыл би кесенесі	
46	Қазаншы ата кесенесі	
47	Бекасыл әулие кесенесі	
48	Түркібасы әулие кесенесі	
49	Нұр ата әулие кесенесі	
50	Қажымұқан Мұңайтпасов кесенесі	
51	Мыңшейіт тарихи орны	
52	Қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған «Қасірет» мемориалдық кешені	
Павлодар облысы		
1	Қалмаққырған тауы	Абылай хан. Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. Алдабергенов Қ.М., Арын Е.М., Бапкеева Б.Т. Біртуар дара тұлғалар. – Павлодар: «Университет» баспа орталығы, ЭКО ғылыми-өндірістік фирмасы, 2003. Алпысбес М.А. Абылай заманындағы қазақ батырлары туралы тарихи-шежірелік таным // Бәйімбет Төбетұлы – Қазақ хандығының белгілі батыры: ғыл. жинақ. – Астана: Latin Print, 2015. Алпысбес М.А. Көне Көктау, байырғының тарихы: монографиялық зерттеу. – Астана: Парасат әлемі, 2005. Артықбаев Ж.О. Баянауыл. – Астана: Фолиант, 2009. Артықбаев Ж.О. Геологтарды
2	Құлан әулие үңгірі	
3	Жалаулы көлі	
4	Малыбай көлі	
5	Торайғыр сақ қорғандары	
6	Драверт үңгіріндегі петроглифтер	
7	Сабындыкөл жағасындағы қола дәуірінің жерлеу кешені	
8	Өлеңті петроглифтері	
9	Әуликөл археологиялық кешені	
10	Ақбидайық петроглифтері	
11	Әулиебұлақ	
12	Таймас әулие кесенесі	
13	Ғабдыл-Уахит хазірет кесенесі	
14	Нұрғали хазірет жерленген жер	
15	Ақбалық хазірет жерленген жер	

16	Үкібай би кесенесі	қорқытқан Айдаһарлы үңгірінің тылсым күдіреті // http://e-history.kz . 23.08.2017.
17	Қараман абыз жерленген жер	Аяшинов Д.М. сырым руының шежіресі. – Павлодар: типография Сытина. 2010.
18	Әулиебұлақ (Ақбура әулиелерінің мекені)	Ғарифолла Е. Ақ өлең – аққулы мекен. – Алматы: Атамұра, 2012.
19	Абылай, Найза мекені	Жақсыбаев С. Үкібай би – өнегелі тарихи тұлға // «Сарыарқа самалы» газеті. 01.10.2015.
20	«Кемпіртас» археологиялық ескерткіші	Жаманбалинов М., Бәделханов А. Түгел батыр және оның ұрпақтары (тарихи аңыздар, шешендік толғаулар, шежіре-деректер). – Павлодар: ЭКО, 1998.
21	Қалабалғасын мұнарасы	Жұбанов А. Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы. – Алматы, 1942.
22	Түгел батыр жерленген жер	Жұманова Р. Қазанғап би Сатыбалдыұлы // «Жаңа жол» газеті, 22.09.2017.
23	Жазы батыр жерленген жер	Исабай Қ. Үкібай би (1778-1856) // «Ақиқат» журналы. №1. 2006.
24	Сырымбет батыр жерленген жер	Қайыр Ж. Жер ортасы Көктөбе. – Павлодар: сытин, 2014.
25	Қазанғап би жерленген жер	Қалабалғасұн мұнарасы / Ертістің павлодар өңірі. Энциклопедия. – Алматы, 2013.
26	Далба тауындағы Қаз дауысты Қазыбек бидің «Сөре тасы»	Қараман абызға қатысты мәліметтер жергілікті басылымдарда жарық көрді. – «Баянтау», №32. 4.08.2006.
27	Мұса Шорманұлы жерленген жер	Тілеке Ж. Шежіре: Ертіс-Баянауыл өңірі. – Павлодар: Дауа, Қазақстан, 1995.
28	Сұлтанмахмұт Торайғыров кесенесі	
29	Жаяу Мұса жерленген жер	
30	Ақын Жарылғапберді Жұмабайұлы жерленген жер	
31	Естай ақын кесенесі	
32	Кентаушы Қосым Пішенбаев жерленген жер	
33	Үміт ана жерленген жер	
34	Ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіш	
35	Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориал	
36	Мәңгілік алау және Даңқ ескерткіші	
Солтүстік Қазақстан облысы		
1	Байқара қорымы	Жұмабаев М. Туған жер. – Петропавл, 20018.
2	Ақ Ирий қалашығы	Қанғожин М. Менің Мағжаным. – Қызылжар, 2010.
3	Қызылжар орталық мешіті	Мұқанов Қ. Мағжан ізімен. – Петропавл, 2013.
4	Әулие Петр және Павел шіркеуі	Солтүстік Қазақстан облысы, энциклопедия. – Алматы, 2006.
5	«Қазақстан жұлдызы» алтары	Трофимов Я.Ф., Никифоров А.В.,
6	«Дінмұхамед» мешіті	
7	Бекен (Бекмағамбет) Жұмабаев жерленген жер	

8	Архистратиго-Михайловск әйелдер монастырі	Синяков О.В. Религиозные объединения Северо-Казахстанской области: история и современность. – Петропавловск, 2016.
9	«Дінмұхамед» мешіті	
10	Бекен (Бекмағамбет) Жұмабаев жерленген жер	
Шығыс Қазақстан облысы		
1	Сауыр таулары	Алтынбек Б. Қазақ батырларының тағдыры. Боранбай би Қалқаманұлы. – 2016. Бөрітостаған және оның мәртебесі. – Алматы: Елтаным, 2014. Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры: қазақ әдебиеті тарихынан очерктер. – Алматы: Жазушы, 1970. Егізбаев Қ. Тағылым. – Семей, 2001. Имашұлы М. Күшікбай батыр // «Семей таңы» газеті. 26.05.2003. Көпеев М.Ж. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1992. Қабышұлы М. Тана мырза тағылымы / Естігенім, көргенім, білгенім. – Семей, 2014. Омаров Б. зар заман поэзиясы. – Алматы, 2000. Шығыс жұлдыздары. Энциклопедиялық анықтамалық. 2-т. – Астана: Фолиант, 2011. Шығыс Қазақстан облысы сәулет және монументалды ескерткіштер тізбесі / Свод архитектурных и монументальных памятников Восточно-Казахстанской области. – Өскемен: Альфа-Пресс, 2005. Тлеухан А. Тана мырза. – Семей: Семей, 2009. Даланың дара ділмарлары. – Алматы: Қазақстан, 2001. Ақжасар Қ.С. Ұлағат ордасы. – Астана: Фолиант, 2015.
2	Бөрітостаған күз-жартасы	
3	Ашутас тауы	
4	Алау адырлар шоқысы	
5	Қиын-Керіш таулары	
6	Зайсан көлі	
7	Марқакөл көлі	
8	Рахман көлі	
9	Қасиетті бұлақ	
10	Абылайкит – бекініс-ғибадатханасы	
11	Еңлік-Кебек кесенесі	
12	Боранбай би Қалқаманұлы кесенесі	
13	Шәкі би Тасыбайұлы жерленген жер	
14	Арқарбай әулие Шоқантайұлы жерленген жер	
15	Бектұрған әулие кесенесі	
16	Барақ батыр Шүрекұлы ескерткіші	
17	Батыр Шынқожа Базарқұлұлы жерленген жер	
18	Батыр Күшікбай Қанайұлы кешені	
19	Батыр Шахантай Жауғашарұлы кесенесі	
20	Жобалай би кесенесі	
21	Дулат бабатайұлы кесенесі	
22	Омар Смағұлұлы кесенесі	
23	Тыныбай Қауқенов мешіті	
24	Тана би Тілемісұлы кесенесі	
25	Ескі там мектеп-медресесі	

Дереккөз: «Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары». – Астана: Фолиант, 2017. – 504 б.

Б1 Қосымшасы

«Ұлы Дала елі» тарихи-танымдық экспедициясы барысында «Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары» жобасының «Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты орындары тізіміндегі «Саяси қуғын-сүргін құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды кешеніне» саяхат.

Кешен бірнеше мұражайлық нысандардан тұрады:

- Саяси жер аударылған «халық жауларын» таситын «Сталиндік вагоны» немесе оны басқаша «Қызылша» деп те атаған;

- «Қасірет қақпасы» монументі – киелі жерге кірудің нышаны іспеттес, бұл жерде екі дүние – тірілер мен бақи болғандар кездесетіндей. Монумент қайтыс болған күйеуі мен жоғалтып алған балаларын қайғырған әйелді бейнелейді. Қақпадан өтіп бара жатып бас ию қажет, бұл – қуғын-сүргін жылдары мерт болған адамдарға жасалған Тағзым!;

- Ескерткіш белгілер - лагерде отырған 62 ұлттың тұтқын-әйелдеріне деген естелікті мәңгі сақтау үшін Қазақстан Республикасындағы шетелдік мемлекеттердің елшіліктері мұражай аумағында орнатуда;

- «Түңілу мен әлсіздік» композициясы шарасыздықты, бостандыққа шығуға сенімсіздіктің, сондықтан да мойынұсынғандық пен әлсіздікті бейнелейді;

- «Күрес пен үміт» композициясы тұтқыннан құтылу үміті мен ниетінен поэзияға, еркіндікке бет бұрған әйел бейнесінде сомдалған;

- «Көз жасы» стеласы. Стела лагер тозағын көргендерге арналған. Онда бұрынғы КСРО территориясында орын тепкен ГУЛАГ-тың картасы бейнеленген. Сондай-ақ, Қазақстанның аумағында орналасқан Карлагқа бағынысты 11 лагердің атауы жазылған. Тікенекті сымның аржағындағы әйелдер мен балалардың қасіретті тағдыры көрініс тапқан;

- Барак – «антикенестік әрекеттерге баратын әлеуметтік қауіпті» деп танылған тұтқын әйелдер тұрған үй.

- «АЛЖИР» тұтқындарын балаларынан айыру» диорамасы баракта көрсетілген.

«Алаш» бағының ауданы 1,5 гектар жерді құрайды. Бұл жерде кезінде «АЛЖИР» тұтқындары екен алма бағы болған. Бүгінде осы бақты қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр;

- Зерде қабырғасы

- Мұражай ғимараты кесілген конус пішіндес. Бұл құпиясы мен сыры мол қобдиша, қайғы сақтау орны іспеттес. Ғимараттың терезесі жоқ, бірақ жарық экспонаттарға жоғарғы жақтан түсіп тұрады және құпия біртіндеп ашылады дегенді меңзейді. Мұражайға кіру тоннельден басталады. Тоннель мен оның қабырғасында салынған суреттер халықтың қуғын-сүргін жылдарындағы қиын-қыстау тағдырын көрсетеді. Тоннельде тоталитаризм дәуіріндегі жер аудару вагондары мен арбалардағы қуғынға ұшыраған адамдар, ату жазасына кесілгендер бейнелері кескінделген;

Мұражай экспозициялары екі қабатқа қойылған. «Алаш» залының экспозициялары Қазақстанның Ресейдің патшалық империясы құрамына кірген кезден бастап Кеңестік кезеңді, 1937 жылдың жаппай қуғын-сүргінін көрсетеді.

«АЛЖИР» залы ақмолалық лагерінің тарихына арналған.

Жер аудару экспозициясы бір тұтас халықтарға жүргізілген жаппай саяси қуғын-сүргін саясатын көрсетеді. Қазақстанға 1,3 млн аса адам мәжбүрлеп аударылды. Қазақстанға жер аударуға немістер, түріктер, корейлер, поляктар, шешендер, қырым татарлары ұшырады. Адамдар Қазақстанға мәжбүрлеп әкелінгенімен, олардың көпшілігі оны екінші отаным деп есептеді.

XX ғасырдың 40-50 жылдарындағы саяси идеологиялық қуғын-сүргіндер. 1940 жылдардың аяғы мен 1950 жылдардың басында сталиндік қуғын-сүргіннің үшінші толқыны өзінің жалғасын тапты. «Звезда» және «Ленинград» журналдарында жарияланған БК(б)П қаулыларынан кейін зиялы қауымды қуғындаудың, идеологиялық жағдайдың шиеленісуінің жаңа орамы басталды. Саяси-идеологиялық қысым әдебиеттен бастап музыка, жаратылыстану, қоғамдық ғылымдарды түгел қамтып, 1953 жылы «Дәрігерлер ісімен» аяқталды. Қазақстанда «Бекмаханов ісі» қолдан жасалды.

1986 жылғы желтоқсандағы оқиғалар. 1986 жылғы 16 желтоқсанда демократиялық процестерге сенім артқан студенттер мен жас жұмысшылар Алматы қаласының Орталық алаңына шықты. Ресми Мәскеу бұл оқиғаны ұлтшылдықтың көрінісі деп бағалады.

Желтоқсан оқиғасы барысында көптеген адамдар жарақаттанды. Көпшілігі сотталды, олардың 99-ы түрлі мерзімге абақтыға жабылды. 19 жасар Қ. Рысқұлбековті ату жазасына кесті.

Өткенді еске алу – орныққан ұлтаралық келісімнің негізі болып табылады.

Дереккөз: <https://museum-alzhir.kz/kz/murazhai-turaly/alzhyr-murazhayinin-tarihy>

Б2 Қосымшасы

«Ұлы Дала елі» тарихи-танымдық экспедициясы аясында «Ежелгі Қазақстанға саяхат» және «Туған өлкенің аңыз-ертегілері» тақырыптарына байланысты тәрбие сағатының келесідей жоспарын ұсынамыз.

Тәрбие сағатының тақырыбы: Киелі Қазақстанның ежелгі қалалары мен аңыз-ертегілері.

Мақсаты: білім алушыларды Қазақстанның ежелгі қалаларымен және олардың тарихына байланысты аңыз-ертегілермен таныстыру; білім алушылардың бойында елінің, туған өлкесінің тарихын білуге деген құштарлық сезімін ояту.

Білім алушылармен жүргізілетін дайындық жұмыстары:

- ежелгі қалалар бойынша экскурсия жетекшілерін тағайындау. Олар өздеріне берілген қалалар туралы әңгімелейді (осы жас деңгейіне түсінікті де қызықты болатын неғұрлым қысқа да маңызды ақпарат, баяндама, презентация

әзірлейді. Экскурсия жетекшілері 2-3 оқушыдан тұратын топтан құрылуы мүмкін). Балаларға ақпаратты өз сөздерімен беру немесе жаттап алу қажеттігін түсіндіру керек;

- экскурсия жетекшілерінің көмекшісі – ол картада ежелгі қалаларды және олардың арасындағы бағытты белгілеп тұрады (ежелгі қалалардың атауларын және білім алушылардың саяхат жасауға таңдаған көлік түрін, сонымен қатар жүру бағытына байланысты нұсқағыш жапсырады).

Білім алушыларға ежелгі қалалар, олармен байланысты аңыз-ертегілер туралы қысқаша ақпараттар, өлеңдер таратып беру.

Іс-шара басталмас бұрын мұғалім ежелгі қалалардың суреттерін тақтаға іліп қояды (көрме ретінде).

Қазақстанның киелі орындары жобасының тізіміне енген ежелгі қалалардың атаулары, пайда болған кезеңі жазылған қағаз медальдар әзірлеу, бұл естелік-кәдесыйларды экскурсия жетекшілері таратады.

Іс-шараның тақырыбына байланысты презентация әзірлеу.

Білім алушылар алдын-ала берілген тапсырма бойынша ежелгі қалала және туған өлкенің аңыз-әңгімелерін жинастырады.

Қажетті құралдар: интерактивті тақта, компьютер, проектор, ежелгі қалалардың суреттері, карта.

Іс-шараның барысы

Мұғалім: Бүгін бәріміз еліміздің ертедегі өткен тарихына сапар шегеміз. Уақыт аралығындағы бұл саяхатқа өзіміздің қиялымыз бен тарих пәнінін алған білімімізді қолданамыз.

Бұл іс-шараға «Ежелгі Қазақстанның» және «Туған өлкенің аңыз-ертегілерінің» білгірлері қатысып отыр. Саяхаттың соңында Қазақстанның киелі орындарына енген ежелгі қалалары туралы викторинаны ұсынамыз. Сендердің жауаптарыңды қазылар алқасы бағалайды, сондықтан өте мұқият болыңдар.

V-XV ғасырлардағы Қойлық және Жанкент қалашықтары, VI-XIX ғасырлардағы Сығанақ қалашығы, I-XIX ғасырлардағы «Шірік-Рабат», «Жент», «Ежелгі Тараз» қалашықтары, XIII-XVI ғасырлардағы Сарайшық қалашығы, XIII-XVIII ғасырлардағы Сауран қалашығы, I-XVIII ғасырлардағы Отырар қалашығы, яғни «Ірі орта ғасырлық қалалық орталықтар және Қазақ хандығының астаналары» санатындағы қалашықтары туралы сөз қозғаймыз.

Дереккөз: <https://syr-media.kz/tarikh/3892-zhankent-alashyy.html>

1-кезең. «Ежелгі қалалар туралы ақпарат».

Қойлық немесе Қаялық – деректерде XI ғасырдан бастап белгілі болған, Іле алабындағы аса ірі ежелгі қала. 1253 жылы күзде француз саяхатшысы Вильгельм де Рубрук Қойлықта болған. Іле өзенінен өткеннен кейін ол: «Көптеген көпестер қатынап тұрған Қаялық деген үлкен қала таптық» деп жазды. Соңғы жылдары қала аумағынан бірнеше тұрғын үй, будда ғибадатханасының, мешіт орындары да табылған.

Дереккөз: Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005 ISBN 9965-17-272-2

Жанкент қалашығы – VII-XIV ғасырларда Жанкент, Янгикент деген атаулармен белгілі болған. Қызылорда облысы Қазалы ауданындағы үлкен төбе сияқты үйінді болып жатқан қаланың орны.

Жанкент қаласында жүргізілген археологиялық зерттеулер кезінде құмыралар, ұршықтар, наным-сенім дәстүрлерінде пайдаланылған қошқар бейнесіндегі керамикалық туындылар табылды.

Дереккөз: <https://syr-media.kz/tarikh/3892-zhankent-alashyy.html>

Сығанақ немесе Сунақ – қазіргі Қызылорда облысы Төменарық тау жыныстары стансасының солтүстік-батыс жағында 10 км жерде орналасқан ортағасырлық қала орны. Ертедегі Сығанақ қыпшақ мемлекетінің сауда және саяси орталығы болған. Сығанаққа көшпелі елдер мал, ет, тері, жүн, т.б. әкеліп, өздеріне қажетті заттарын алған. Сол кездегі тарихшылар Сығанақты «Қыпшақ даласының гаваны» деп атаған. Ол негізгі саяси, экономикалық орталықтардың бірі саналды. XVII-XVIII ғасырларда бірнеше рет жоңғар шапқыншылығына ұшырады. Осы шапқыншылықтар және басқа да әр түрлі себептерден қала бірте-бірте өзінің өмір сүруін тоқтатты. Археологиялық қазба барысында табылған заттарға қарағанда Сығанақ VI – XVIII ғасырларда өмір сүрген.

Дереккөз: «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, VIII том

Шірік-Рабат – Қызылорда облысы Қармақшы ауданы оңтүстік-батысқа қарай Жаңадария арнасының сол жақ жағалауындағы ең биік төбенің үстіне орналасқан көне қаланың орны.

Қазба жұмыстарының нәтижесінде екі жерлеу құрылысы, үлкен қоршау, көне тұрғын үйдің бір бөлігі, қорғаныс қамалы мен мұнарасы және кейінгі ортағасырлық кезеңдегі Цитадельдің шағын бөлігі зерттелді. Қала тіршілігі Жаңадария суының тартылуына байланысты тоқтаған.

Дереккөз: Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005 ISBN 9965-17-272-2

Жент қалашығы – Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жаңадарияның негізгі арнасының жағалауында орналасқан орта ғасыр жауһары атанған республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші. Ұзақ уақыт бойы Жошы ханның ордасы болған.

Ежелгі Тараз қалашығы қазіргі Тараз қаласының орталық бөлігінде орналасқан. Қазба жұмыстары орта ғасырдағы Тараздың қамалдан, шахристаннан, рабаттан (қорған) және аумақтардан тұрғанын айғақтайды. Қыш заттар: жұқа жақтаулы шәшкелер, құмыралар, хумдар, темір пештер, алмұрт формалы металл ыдыстарға жақын құмыралар, крөжкелер, темір пышақ, қалайы бұйымдардың сынықтары, шыны мен тастан жасалған алқалар, шыны ыдыстар табылды.

Дереккөз: <https://el.kz/kz/news/archive/> ежелгі-тараз

Сарайшық, Кіші Сарай – Алтын Орданың ірі сауда және экономикалық орталығы. Қала Жайық өзенінің оң жағасында қазіргі Атырау қаласынан 50 км жоғары орналасқан. Археологиялық зерттеу барысында қалашықта қыштан

жасалған заттар: құман, құмшы, шығыр, құмыралар, көзелер, шырақтар, түбектер, кеселер Сонымен қатар, сүйектен, темір мен қоладан жасалған бұйымдар табылған. Ортағасырлық моншаның қалдығы табылып, зерттелді.

Дереккөз: <https://kk.wikipedia.org/wiki/Сарайшық>

Сауран – Түркістанның солтүстік-батыс жағында орналасқан, XII ғасырда іргетасы ірі сауда орталығы ретінде қаланған қала. Араб тарихшысы Мақдисидің шығармасында «Сауран жеті қабат дуалмен қоршалған үлкен қала, оның ішінде рабат, мешіт бар» деп жазған. Үлкен мешіті болып, ислам дінінің Қазақстанға тарауына ықпал еткен.

Дереккөз: <https://kk.wikipedia.org/wiki/Сауран>

Отырар (Тұрарбанд, Тұрар, Тарбанд, Фараб) – Түркістан облысы Отырар ауданындағы ортағасырлық қала орны. Отырар 8 ғасырдың басынан Тарбанд (Трабан) деген атаумен белгілі. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, қалада сол кезде әлемдегі аса ірі кітапхана және көптеген мешіт-медреселер болған.

Дереккөз: Б.Ерман. Дүние жүзіндегі ең үлкен кітапхана Отырарда болған // enur.kz ақпараттық порталы. 01.10.2018 ж.

Білім алушылар ежелгі қалалар туралы әңгімелеген кезде, интерактивті тақтадан аталған қалалардың суреттері көрсетіледі және алдын-ала әзірлеген картаға қаланың атауы жазылған сурет жапсырылады.

2-кезең. «Туған өлкенің аңыз-ертегілері».

Өткізілу реті: алдын ала жазылған әңгімені тыңдау барысында білім алушылар аңыз-ертегінің қай жер туралы екенін айтулары қажет.

1-аңыз. Нұх пайғамбар апат басталған кезде кемесіне мініп жеті ай, жеті күн, жеті сағат жүріп бір тауыдың басына келіп тоқтайды. Кемеді пайғамбардың балалары, туыстары және түрлі аң-құстар болған екен. Кеме таудың басына келіп аялдаған кезде адамдар тіршілік белгісі бар ма, жоқ па білу үшін ең бірінші құстарды жіберген екен. Сол сәтте босатылған құстардың барлығы ұшып кетіп, қайта оралмапты. Тек қарлығаш қана бұтақтың жасыл жапырағын тістеген күйі ұшып келген екен. Міне осы кезеңнен бастап, қарлығаш қазақ халқы үшін адалдық пен молшылықтың, бірлік-берекенің символы болып қалған. Сондықтан да халқымыз қарлығаштың ұясын бұзбайды және бұл құс ұя салған жерге бақ қонады деп білген. Адамдар жаңа өмір бастап, ұрпақ таратқан тау – (Қазығұрт тауы).

2-аңыз. Ежелгі аңыз бойынша топан судан кейін аштық кезеңі болады. Міне осы тұста «тірі жандыны өлтіруге болмайды» деген тыйымға қарамастан қасқырдың ұрғашысы жыртқыштығына басады. Бұған ашуланған қасқырдың еркегі оны жазалайды. Бұл оқиғадан кейін тау тұрғындары оны «әділ қасқыр», атап кеткен екен. «Әділ қасқыр» тіркесі қандай мағынаны білдіреді (Қазығұрт).

Дереккөз:

https://el.kz/kz/news/sakral_nii_kazahstan/_adamzattin_tal_besigi_kazigurt_taui

3-аңыз. Шамамен VI-VII ғасырларда өмір сүрген, байлығы шекесіне шыққан Гүрзіхан деген кісі мен бәйбішесі Шаш-Ана екеуінің жастары келіп, байлықтың базарына тойғаннан соң, «әттең, енді осы байлыққа ие болатын перзент болса ғой» деп армандайды. Сол кезең Қазақстанға ислам дінінің келе

бастаған тұсы, Гүрзіхан дін жолына түсіп, ислам дінін ұстанып, Алладан бала сұрайды. Құдай тілегін қабыл етіп Шаш-Ана анамыз бала көтеріп уақыты келіп босанады, босанған бала пердеге оралған күйінде мес сияқты дүниеге келеді, сол кезде Гүрзіханға Қыдыр ата аян беріп бұл қасиетті бала, құт-берекенің белгісі, месті жармаңдар өзі уақыты келгенде шығады, әзірше көтеріп жүре беріңдер дейді. Аянды қабыл алған ерлі-зайыптылар, біраз уақыт көтеріп жүреді, бірақ бала не сөйлемейді, не күлмейді, не жыламайды. Бір күні көтеріп жүруден шаршаған анасы Игілік ауылының маңындағы өзеннің қасына келгенде месті көтеріп тұрып анасы сені қашанғы көтеріп жүреміз, не сөйлемейсің, не күлмейсің, не жыламайсың деген кезде мес қолынан түсіп кетіп ішінен нұрлы жүзді бала шығады, бала местен шыға сала тауды беткейлеп қаша жөнеледі. Ата-анасы ізінен жүгіреді, бала қашып осы жаққа бағыт алады. Жол бойында ойнап отырып артымнан әке-шешем шөлдеп келе жатыр деп асатаяғымен жерді ұрып қалып сол жерде құдық пайда болады (Үңгірге бара жатқан жолда Тасқұдық бар, аталған құдық та киелі саналады). Осы жерге келіп үлкен тасты асық қылып ойнап отырады, әке-шешесі жеткен уақытта осы жерге бір аунайды да, содан әрі қарай жүреді, анау жерде «Ана жытыры» деген су шұңқыры бар, сол жерге барып ата-анасын күтеді, ол жерге де жеткен мезетте, үлкен үңгірдің ішіне кіріп кетеді де шықпай қояды, содан бері бұл жер (Жылаған ата үңгірі) деп аталады.

Дереккөз: <https://e-history.kz/kz/publications/view/3415>

4-аңыз. «Бәйдібек заманында жайлауында үйір-үйір жылқысы, келе-келе түйесі, отар-отар қойы өрген, шығыс пен батысқа керуендер жүргізген асқан бай адам болған. Бірде Алатау асып келген қалың жау Қаратау жонын жайлап отырған Бәйдібектің ауылын шауып, сан мың жылқысын айдап кетеді. Бәйдібек бастаған ел азаматтары ауылда болмаса керек. Содан жау шапты деген хабарды естіп, Бәйдібек елден жасақ жиып, қасына үлкен әйелі Сары бәйбішеден туған алты ұлын алып, жауға аттанғалы жатқанда Нұрилә: «Бай-еке, малдың құты, жылқының иесі құла айғыр қолда қалды. Амандық болса, алты күннен кейін жылқы жауға қайыру бермей өзі ауылға келеді. Жауды кума, азаматтар аман болсын, осы тілегімді беріңіз» – деп өз отауының белдеуінде матамен байлаулы тұрған, жүген-құрық тимеген шу асау айғырды көрсетіпті. Бірақ жауға кектенген батыр әйелінің тілін алмай, жасағын бастап жүріп кетіпті. Бәйдібек жасағы жауға Күйік асуында жетіп, қырғын ұрыс салыпты. Алайда жасанып келген жау аттанға ілесіп атқа қонған аз жасаққа теңдік бермепті. Осы соғыста қаза тапқан алты ұлын Үшқарасай жазығына жерлеп, кері қайтыпты. Арада алты күн өткенде байлаулы тұрған құла айғыр жер күңіренге дүлей күшпен кісінеді дейді. Сол күні кеш шамасында шығыстан қалың шаң көтеріліп, ұзамай Бәйдібектің қалың жылқысы көрінеді. Ереуілдеп барып, кері қайтара алмаған жылқыны (Домалақ ана) осылайша үйде отырып-ақ түгел қайтарып алса керек.

Дереккөз: <https://infourok.ru/nauchniy-prekt-danaliimen-dara-tla-domala-ana-988310.html>

**Жамбыл Жабаев мұражайында
(КВЕСТ-ОЙЫН)**

Ойынның шарты:

- білім алушылардың жас ерекшелігін ескере отырып ойынның жоспарын құрастыру;
- тапсырмалар құрастыру;
- сыныпты 4-5 ойыншыдан тұратын бірнеше командаға бөлу.

Ойынның жоспары:

- 1) ширату жаттығуларын ұйымдастыру (жаттығулар ұлттық ойын элементтерінен құрастырылуы мүмкін);
- 2) мәтіндік тапсырмалар (білім алушылардың оқу жылдамдығы мен мәтіннің мағынасын түсінуі дағдылары деңгейін бақылауға мүмкіндік береді);
- 3) ойжұмбақ-квестер (сөзжұмбақ, ребус, есеп түрінде болуы мүмкін).

Ойынның барысы

Ширату жаттығулары:

Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен, ойындарымен таныстыру және дене шынықтыру жаттығуларын жасау мақсатында «Қазанға теңге таста» ойынын ойнату. Қазаннан белгілі бір қашықтықта тұрып күміс теңгені қазанға лақтыру қажет. Қазанға түскен әр күміс ұпай береді.

Ширату жаттығуын қазақтың ұлттық ойындарының бөлмеде қимыл-қозғалыс жасауға болатын түрлерінен таңдауға болады.

Мәтіндік тапсырмалар (тақырыпқа сәйкес құрастырылуы тиіс). Мұражайдан қажетті деректерді тауып көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып сөйлемдерді толықтырындар.

Ұйымдастырушыларға ескерту! Жақшаның ішіндегі сөздер тапсырмада көрсетілмейді.

1-топқа арналған тапсырма «Мұражай тарихы».

Мұражай қазақ халқының ұлы ақыны Жамбыл Жабаев тұрған үйде ... (1946) жылы ұйымдастырылды. Мұражай кешені Алатаудың ... (Майтөбе) биігіне жақын жатқан жазықта орналасқан. Мұражайдың іргесінде ұлы ақынның көзі тірісінде егілген ағаштар, сол қалың баудың түкпіріне таман алма мен алмұрт бағының арасында ... (1946) жылы салынған кесене тұр. Кесене ... (1970) және ... (1996) жылдары қайта жөнделіп, ақ мәрмәрмен қапталған. Кесененің дәл ортасына ұлы жыршыға құлпытас қойылған. Ақын денесі осында жерленген. Кесененің дәл іргесінде, сол жақ босағасына ақынның киесі – (қызыл шұбар жолбарыс) мүсіні орнатылған.

Дереккөз: https://kk.wikipedia.org/wiki/Жамбыл_мұражайы
(Алматы_облысы)

2-топқа арналған тапсырма «Менің пірім – Сүйінбай...»

Бірінші бөлме Жамбылдың ұлы ұстазы ақын ... (Сүйінбайға) арналған. Сөз атасы Сүйінбайды ... (ұстаз) тұтқан Жамбыл Жабаев өзінің көптеген жырларында бұл кісінің өмірі мен өлеңін үлгі етіп келді. Мінезі де, болмысы да ерекше болып өскен бала Жамбыл жастайынан ... (ән мен күйге) құмар, ойы ұшқыр, ұғымтал болып өседі. Жамбылды көзі көрген жандардың барлығы оның ... (есте сақтау) қабілетінің ерекше болғандығын айтады екен. Осылай дара тұлғаның бойындағы сирек кездесетін қасиеттерді бірінші болып ... (Сүйінбай Аронұлы) байқапты. Шамамен 13-14 жасында әкесінің қарсылығына қарамастан, қолына домбырасын алып, атағы талай жұртқа жайылған Сүйінбайды іздеп тапқан бала Жамбыл өзінің алғашқы жырларын ұсынады. Жас жеткіншектің тапқырлығы мен талабына тәнті болған жырау өзінің ақ батасын беріп, ақылын айтыпты. Жамбылдай мөлдір бұлақтың көзін ашқан Сүйінбайды шәкірті әрдайым ән-жырларына қосып, ұлықтап жүрген. Міне осылайша, ұстаз бен шәкірттің арасындағы үлкен сыйластықтың бір белгісі болып мұражайдың төрінде Сүйінбайдың суреті тұр. Портретті ... (Әбілхан Қастеев) салған.

Дереккөз:

https://el.kz/kz/news/sakral_nii_kazahstan_/zhambil_zhabaevtin_murazhai_uii

3-топқа арналған тапсырма «Жыр сүлейі – Жамбыл».

Мұражайдағы құнда жәдігерлердің бірі – ұлы ақынның ... (киелі домбырасы). Өзінің суырыпсалмалық өнерімен жалпақ жұртқа атағы жайылған Жамбыл – ... (айтыс) өнерінде үлкен із қалдырған тұлға. Ақынның ..., ..., ... (Құлмамбет, Досмағанбет, Айкүміс) сынды дүлдүл ақындармен жасаған айтысы қазақ ауыз әдебиетінің алтын қорынан орын алады.

Жамбыл өз жырларының тең жартысын 1916 жылғы ... (ұлт-азаттық) көтеріліске арнаған. Сондықтан болар, мұражай қабырғасында ... (Амангелді Иманов) суреті бар.

4-топқа арналған тапсырма «Ұлы Отан соғысы жырлары».

Келесі экспонаттар ақын өміріндегі үлкен кезең туралы баяндайды. Ол – ... (Ұлы отан соғысы) уақыты. Жамбыл екінші ... (дүниежүзілік) соғысқа қатысқан отан қорғаушыларға арнап жырлар жазған. Бұл жырлар бір жинаққа топтастырылып, ... («Соғыс жылдарының өлеңдері») деген атпен мұражайда сақталып келеді. Ақынның ... («Ленинрадтық өрендерім») деген өлеңі соғыс жылдарында талай жауынгерді жігерлендіріп, қарапайым жұртқа күш-қуат берген еді.

Ойжұмбақ-квестер (сөзжұмбақтар сайысы).

Тігінен:

1. Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы (Жамбыл Жабаев).
2. Жамбылдың ұлы ұстазы (Сүйінбай).
3. Жамбылдың атағын жұртқатанытқан суырыпсалмалық өнер түрі (Айтыс).
4. Жамбыл Жабаев кешенінде қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдызы – ... мазары бар (Тілендиев).

Көлденіңінен:

1. Мұражай кешені орналасқан жазық (Майтөбе).
2. Ақынның киесі (Жолбарыс).
3. Жамбылмен айтысқан ақын (Айкүміс).
4. Соғыс жылдарында талай жауынгерді жігерлендіріп, карапайым жұртқа күш-қуат берген өлең қай қалаға арналған? (Ленинград).
5. Сүйінбай ақын портретінің авторы (Қастеев).

							1.Ж								
			3.А				А				2.С				
3.А	Й	К	Ү	М	І	С		Ү							
			Т				Б				Й				
			Ы				Ы				І				
			С				Л	Е	Н	И	Н	Г	Р	А	Д
											Б				
							Ж				А				
							А	1.М	А	Й	4.Т	Ө	Б	Е	
							Б				І				
			2.Ж	О	Л	Б	А	Р	Ы	С					
							Е				Л				
							Е				Е				
4.Қ	А	С	Т	Е	Е	В				Н					
										Д					
										И					
										В					

Ыбырай Алтынсарин кесенесі

Жалпы білім беретін мектептердің жоғары сыныптарында «Ы. Алтынсарин – жаңашыл-педагог» тақырыбына байланысты «Жұлдызды сәт» ойыны.

Мақсаты:

- білім алушылардың Ы.Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін толықтыру, қорытындылау және жүйелеу;
- білім алушылардың сөйлеу тілін, өз ойларын жеткізе білу дағдыларын, әдебиетке қызығушылықтарын дамыту.

Ойынды командамен де немесе жеке-жеке оқушылармен де өткізуге, сонымен қатар сұрақтарды слайд түрінде әзірлеп интерактивті тақтадан көрсетуге болады.

Ойын бірнеше кезеңнен тұрады:

1-кезең. «Ы.Алтынсариннің өмірімен байланысты жерлер».

Үстелдерде 1-ден 6-ға дейінгі цифрлар жазылған текше карталар бар. 1-кезеңнің сұрағына жауап бергенде дұрыс жауапқа сәйкес келетін цифрды көрсету қажет.

1 – Қостанай облысы Қостанай ауданы

2 – Орынбор

3 – Торғай

4 – Петербург

5 – Қазан

6 – Ырғыз

7 – Троицк

8 – Ақтөбе

1-сұрақ. Ыбырай Алтынсариннің туған жері (Қостанай облысы Қостанай ауданы).

Слайдта атасының Ыбырайға жолдаған өлең-хатының жолдарын ұсынуға және мәнерлеп оқып беруге болады

Үміт еткен көзімнің нұры – балам,

Жаныңа жәрдем берсін Хақ тағалам.

Атаң мұнда анаңмен есен-аман,

Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.

Атаңды сағындым деп асығарсың,

Надан боп білмей қалсаң, аһ ұрарсың.

Шырағым, мұнда жүрсең не етер едің,

Қолыңа құрық алып кетер едің.

Тентіреп екі ауылдың арасында

Жүргенмен, не мұратқа жетер едің?!

2-сұрақ. Кішкентай Ыбырайдың орыс-қазақ мектебінде оқыған қала (Орынбор).

3-сұрақ. Ыбырай өзі сұранып, мектебіне мұғалім болуға рұқсат алып, келген жер (Торғай)

4-сұрақ. Орыстың ағартушылық жүйесін зерттеу мақсатында барған қалалары (Петербург, Қазан).

5-сұрақ. 1879-1883 жылдар аралығында Торғай облысының қандай уездерінде жаңа мектептер ашты (Торғай, Ырғыз, Троицк, Ақтөбе).

6-сұрақ. «Қазақ хрестоматиясын» басып шығарған қала (Орынбор).

2-кезең. «Логикалық тізбек».

Сурет және жазушы өмірінің фактілері арасындағы өзара байланысты анықтау. Ұпай жұлдызын бірінші көтеріп жауап берген қатысушыға беріледі.

1-тапсырма. Слайдта Ы.Алтынсариннің және шекара комиссиясы төрағасына Жаңбыршы Балғожиннің немересі Ыбырайдың орыс-қазақ мектебіне қабылдау туралы мәлімдемесінің суреттері.

Дұрыс жауап: Замана бет алысын өзінше болжаған Балғожа табысқа жетудің ендігі жолы – оқу деп біледі. Сөйтіп, немересі кішкентай Ыбырайды Орынборда ашылады деп күтілген орыс-қазақ мектебіне күні бұрын жаздырып қояды. Мектеп 1850 жылы ашылады да, оған қабылданған отыз қазақ баласының бірі – тоғыз жасар Ыбырай болады.

2-тапсырма. Слайдта Ы.Алтынсариннің және ғимараттың суреті, 1850-1857 жылдар жазуы.

Дұрыс жауап: Орынбор қаласында 1850-1857 жылдар аралығында Ы.Алтынсарин оқыған мектеп.

3-тапсырма. Слайдта Ы.Алтынсариннің және үйдің суреті, 1883-1889 жылдар жазуы

Дұрыс жауап: бұл үйде 1883-1889 жылдар аралығында Ы.Алтынсарин тұрған. Үй Қостанай қаласында.

4-тапсырма. Слайдта Ы.Алтынсариннің және отбасының суреттері.

Дұрыс жауап: Ы.Алтынсариннің отбасы. Әйелі – Айғаныс, балалары – Абдолла, Әбдірахман, Шарипа.

5-тапсырма. Слайдта Ы.Алтынсариннің және «Киргизская хрестоматия» кітабының суреттері.

Дұрыс жауап: Ыбырай Алтынсарин – «Қазақ хрестоматиясы» (1879) деп аталатын ана тіліміздегі тұңғыш оқулықтың авторы.

6-тапсырма. Слайдта Ы.Алтынсариннің және кесененің суреттері.

Дұрыс жауап: Ы.Алтынсариннің кесенесі тарихи тұлғаларға қатысты киелі орындар санатына енген. Кесене Тобыл өзенінің жағасында орналасқан (Қостанай қаласында).

3-кезең. «Әдеби галерея».

Тапсырма: Ы.Алтынсариннің әңгімелеріне қатысты суреттерді қарап, жазышының шығармаларынан үзінділер тыңдап, олардың атауларын еске түсіру қажет.

Слайд. «Тазша бала» ертегісіне иллюстрация және ертегіден үзінді (аудиожазба).

«Тазша бала» ертегісінен үзінді: «Ертеде бір шал мен кемпір болыпты. Олардың үш баласы, бес ешкісі бар екен. Бір күні үлкен баласы басқа жерден пайда кәсіп қылуға талап етіп, өзіне тиген енші ешкісін сойып алып, етінен кемпір мен шалға бір түйір де берместен, арқалап кетіпті. Келе жатса, бір өнерші байдікіне келеді. Бұл байға өнер үйренуге ол жігіт жалданыпты. Өнерші бай бек қатты жауыз адам екен. Ол жалданған жігітті бір сандыққа салып қойып, аштан өлтіріпті. Үйінде қалған ортаншы баласы, бұ да өнер үйренбекке талап етіп, о да ағасының кеткен жолымен кетіп, о да өнерші байға келіп жалданыпты. Өнерші бай оны да ағасынша аштан өлтіріпті. Үшінші ұлы — Тазша бала, о да ағаларындай өзіне тиген енші ешкісін сойып алып, жарты етін әке-шешесіне беріп, олардан рұқсат алып, арқалап кетіпті». (Слайдқа қажетті суретті <http://bilim-all.kz/article/7166-Tazsha-bala> сайтынан қарауға болады).

Дереккөз: <http://bilim-all.kz/article/7166-Tazsha-bala>

Слайд. «Әке мен бала» әңгімесіне иллюстрация және әңгімеден үзінді (аудиожазба).

«Әке мен бала» әңгімесінен үзінді: «... Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң, әкесі қайырылып, манағы тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз жер өткен соң, шие сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бірем - бірем алып жеп, баласына қарамай, аяңдап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала да тым - ақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды» [60]. (Слайдқа қажетті суретті <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/tmsil/41805/> сайтынан қарауға болады).

Дереккөз: <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/tmsil/41805/>

Слайд. «Атымтай Жомарт» әңгімесіне иллюстрация және әңгімеден үзінді (аудиожазба).

«Атымтай Жомарт» әңгімесінен үзінді: «Төрт түрлі себеп бар. Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз

салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын. Екіншісі: бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер әбірет алсын деймін. Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлғанан сатып алып жесем де бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі: құдайтағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, – деді». (Слайдқа қажетті суретті https://www.zharar.com/kz/story/8645-altynsarin_atymtay.html сайтынан қарауға болады).

Дереккөз: https://www.zharar.com/kz/story/8645-altynsarin_atymtay.html

4-кезең. Викторина.

- 1) Ы. Алтынсарин – өмір сүрген жылдар (1841-1889 ж. ж.).
- 2) Ы. Алтынсарин... (Ағартушы-педагог).
- 3) Ы. Алтынсаринді тәрбиелеген алды (Атасы Балғожа би).
- 4) Ы. Алтынсарин дүниеге келген өңір (Қостанай облысы Торғай жері).
- 5) Ыбырайдың жақсы меңгерген тілдері (орыс, араб, татар, парсы).
- 6) Орынбор шекаралық комиссиясы жанындағы мектепті алтын медальмен бітірген жылы (1857).
- 7) Балғожа бидің хатшысы ретінде тілмаштық қызмет атқарған жылдары (1857 ж.)
- 8) Ы. Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясы» жазылған алфавит (кириллица).
- 9) Ы. Алтынсариннің негізгі еңбектерінің бірі (Қырғыздарды орыс тіліне үйретуге негізгі басшылық).
- 10) 1879 жылы тағайындалған қызметі (Торғай облысының мектеп инспекторы).
- 11) XIX ғ. I жартысындағы ағартушы, қоғам қайраткері, жаңашыл педагог (Ыбырай Алтынсарин).
- 12) Ы. Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясы» жарық көрген жыл (1879)
- 13) Балаларды оқуға шақырған өлеңі (Кел, балалар, оқылық!).
- 14) «Кел, балалар, оқылық!» өлеңіне ән шығарған (Жаяу Мұса).
- 15) «Қыпшақ – Сейіткүл» әңгімесінде уағыздаған кәсіп (Егіншілік).
- 16) Ы. Алтынсариннің қазақ қыздарына арнап мектеп-интернат ашқан қала (Ырғыз).

Қазақ тарихындағы әйелдер

Қарашаш ана

Қарашаш ана кесенесі – XIX ғасыр сәулетінің тарихы ескерткіші. Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданы Сайрам ауылындағы ескі зират аумағының негізгі екі көшесі қиылысына жақын жерде орналасқан. Кесене ұлы уағызшы-сопы Қожа Ахмет Иассауи шешесінің мазарында құрылған.

Қарашаш ананың шын аты – Айша бибі. Ол шейх Мұсаның қызы, Қожа Ахмет Иассауидің анасы болған. Айша бибі өзінің қарапайымдылығымен, сыпайылығымен ерекше адам болған. Қарашаш ана Түрік халықтары арасында зор құрметке ие болған. Оны аналық қасиеттің белгісі ретінде құрмет тұтады.

XI ғасырда бұл өңірде ғылым, мәдениет және өнер қарқынды дамыды. Қарашаш өз уақытының ең білімді, сауатты және көрегенді әйелдерінің бірі болды. Байлығына қарамастан оны мақтан тұтпайтын және менменшіл болған емес. ол барлық науқастар мен мұқтаж адамдарына қол ұшын беруге тырысатын. Аңыздар бойынша Қарашаш сырқатты емдеп, түс жори алатын. Осының арқасында ол өңірдегі тұрғындар арасында кең танымалдылыққа ие болды. Қарашаш бала тәрбиесіне көп көңіл бөлді, адамдар санасында ол аналықтың биік арманына айналды.

Дереккөз: <http://elbirliги.kz/2018/08/07/> қазақ-тарихындағы-әйелдер-қарашаш-ана/

Домалақ ана

Домалақ ана, Шайхы Мизамбекқызы Нұрила (1378, Түркістан - 28.05.1456, қазіргі Бәйдібек ауданы аумағы, Балабөген өзені) – есімі ел ұранына айналған абыз аналардың бірі. 6 – 7 ғасырлар тоғысында өмір сүрген. Бәйдібек бидің үшінші әйелі, Албан, Суан, Дулаттың анасы. Түркістандық Мақтым Ағзам қожаның немересі.

Домалақ ананың қадір-қасиеті ерте-ақ танылған. Ел аузында ол кісі жөнінде аңыз-әңгіме көп. Солардың бірі мынадай: «Бәйдібек заманында жайлауында үйір-үйір жылқысы, келе-келе түйесі, отар-отар қойы өрген, шығыс пен батысқа керуендер жүргізген асқан бай адам болған. Бірде Алатау асып келген қалың жау Қаратау жонын жайлап отырған Бәйдібектің ауылын шауып, сан мың жылқысын түре айдап кетеді. Бәйдібек бастаған ел азаматтары ауылда болмаса керек. Содан жау шапты деген хабарды естіп, Бәйдібек елден жасақ жиып, қасына үлкен әйелі Сары бәйбішеден туған алты ұлын алып, жауға аттанғалы жатқанда Нұрилә: «Бай-еке, малдың құты, жылқының иесі құла айғыр қолда қалды. Амандық болса, алты күннен кейін жылқы жауға қайыру

бермей өзі ауылға келеді. Жауды қума, азаматтар аман болсын, осы тілегімді беріңіз» – деп өз отауының белдеуінде матамен байлаулы тұрған, жүген-құрық тимеген шу асау айғырды көрсетіпті. Бірақ жауға кектенген батыр әйелінің тілін алмай, жасағын бастап жүріп кетіпті. Бәйдібек жасағы жауға Күйік асуында жетіп, қырғын ұрыс салыпты. Алайда жасанып келген жау аттанға ілесіп атқа қонған аз жасаққа теңдік бермепті. Осы соғыста қаза тапқан алты ұлын Үшқарасай жазығына жерлеп, кері қайтыпты. Арада алты күн өткенде байлаулы тұрған құла айғыр жер күңіренге дүлей күшпен кісінеді дейді. Сол күні кеш шамасында шығыстан қалың шаң көтеріліп, ұзамай Бәйдібектің қалың жылқысы көрінеді. Ереуілдеп барып, кері қайтара алмаған жылқыны Домалақ ана осылайша үйде отырып-ақ түгел қайтарып алса керек.

Дереккөз: <https://atazholy.kz/2012/09/ardakty-analar-men-kyzdar/>

Айша бибі

Айша бибі (XI XII ғғ.) Қараханидтер әулетінің негізін қалаушы Қараханның қалыңдығы, оның басына қазіргі Тараз қаласының жанындағы, сонау сақтар заманынан бастап-ақ қазақтың қол өнеріне енген, содан бері қолданылып келе жатқан ою-өрнек, әшекей түрлерінің бәрін қамтитын күрделі де сәулетті «Айша бибі кесенесі» атты архитектуралық әсем ескерткіш тұрғызылған.

Айша бибінің кім екені жөнінде атадан балаға қалған аңыз болмаса, тарихи деректер жоқ. Ал, аңыз оны төрт түліктің бірі сиыр малының атасы деп есептейтін Зеңгі бабаның қызы еді дейді.

Сол аңыздың айтуынша, Айша бибі Түркістанда жас батыр Қараханмен кездесіп, бірін-бірі ұнатқан екі жас бас қосып, өмірлік серік болуға уағдаласады. Жаугершілік заман болса керек, тұс-тұстан анталаған жаумен арпалысып, елін-жерін қорғаумен жүргенде Қараханның уәделі мерзімде Айша бибіге баруға мүмкіндігі болмайды. Арада біраз уақыт өтіп кетеді. Ақыры шыдамы таусылған Айша бибі Қараханның мекені Тараз қаласына өзі іздеп бармақ болып, қасына күтушісі Баба әже қатынды ертіп, жолға шығады. Бірнеше күн жол жүріп, Таразға жетеді.

Қаланың төбесі көрінгеннен кейін өзеннің жағасына тоқтап, сол арада суға түсіп, шаң тозаңнан арылып, біраз дем алуға тоқтайды. Күтушісі ас жабдығына кіріседі.

Салқын суға шомылып, денесі сергіп шыққан Айша бибі күтушісі ас әзірлегенше дем алмақ болып, арнайы өзіне төселген төсенішке келіп жатады. Су сабатының салқын ауасына қосылған таудың самал желі ұзақ жолдан шаршаған жас арудың балғын тәнін аялай сипап, рахат құшағына бөлейді. Сүйіктісінің ауылының төбесін көріп көңілі жайланған, енді аз уақыттан кейін

онымен кездесетінін ойлап, тәтті қиял бесігінде тербеліп жатып, маужырап ұйықтап кетеді. Осы ұйқыдан оны даланың улы жыланы шағып оятады.

Денесін у жайлап, тынысы тарылып бара жатқан Айша бибі дереу Қараханға хабар бергізеді. Қарахан тәуіптерін, молдасын алып жеткенде ару қыз ісіп кеуіп екі дүниенің арасында жатыр екен. Қарахан молдаға екеуінің некесін қиғызады. Содан кейін ол қызды қолына алып, жаны үзіліп бара жатқан Айшаның құлағына: « Айша, сен енді бибі болдың!» деп үш рет айқайлапты. Ханның өлі қызбен неке қиысқаны одан бұрын да, кейін де тарихтан кездеспейді.

Қайғырып, қан жұтқан Қарахан сүйген жарының денесін арулап жерлеп, басына әсем күмбез орнатады. Жауын шайып, жел мүжіп, уақыт өз белгісін салғанымен бір-бірін шынайы сүйген ғашықтардың махаббатының өшпес белгісіндей болып, сол күмбез әлі тұр Тараз қаласының іргесінде.

Дереккөз: <https://atazholy.kz/2012/09/ardakty-analar-men-kyzdar/>

Бегім ана

Бегім ана мұнарасы IX-XI ғасырларда салынған. Қызылорда облысы Арал ауданы Жаңақұрылыс кеңшарында орналасқан. «Казпроектреставрация» институты 1979 жылы паспортын жасаған. Республикалық маңызы бар, қорғау аймағы белгіленген архитектуралық ескерткіш.

Бегім ана — аңыз деректері бойынша оғыз-қыпшақ заманындағы әрі батыр, әрі діндар болған Қарабура әулиенің қызы болады. Қарабураның қасиеті осы қызына дарыған екен.

Бұл аңыз Ұлжан Шайхы Назардың «Ордалы» хикаясынан алынды: «Қарабураның қызы Бегім елді аузына қаратар сұлу болып өседі. Сұлулығына қызыққан талай жанның қол жетпес арманына айналады. Бірақ жар болу тек Шаншарға (Санжар сұлтан) ғана бұйырады. Қырсық шаларда адам жаңылады емес пе. Қызғаныштың кесірінен ханның бір беткей әрекеті, адам заты кешірімес күнәға әкеп соқтырады. Бегім сұлудың адалдығына күмән келтірген Шаншар хан ашу үстінде қылышпен оның оң қолы мен бұрымын кесіп тастайды. Бұл кезде әкесі Қарабура қартайған кезі еді, бірақ қызының жағдайын естігеннен, жедел Жанкентке келеді. Қарабураның хан алдына келіп, істің мән жәйына қаныққан. Қаһарланған қарт ханға: «Қызымда күнә болса, сенікі жөн, ал күнәсіз болса ертеңге дейін қолы мен шашы орнына келсін, азабын өзің тарт!» деп теріс бұрылып кете берген. Қарабура әулиелігі тірісінде елге мәлім болған, айтқан сөзі бос кетпеген таманың аузы дуалы әулиесі еді. Қарттың налып айтқан сөзінен қала халқы қатты секем алып қалады. Енді істің артын бағудан басқа қолдарынан еш нәрсе келмеді, ел ертеңгі күнді қауіппен күтті. Халық Бегім сұлудың жағдайын өз көздерімен көруге хан сарайына қарай таң

ата шұбырай бастайды. Жиналған жұрт Қарабураның жаны пәк қызының шашы мен қолы өз жәйында тұрғанын көреді. Жазықсыздығына ел куә болады. Есесіне қарғысқа ұшыраған хан Шаншардың жазасына, Жанкент шаһары сол жылғы күзінде үлкен апат күтіп тұрған еді. Қалаға адам сембес көп жылан қаптап, жаулап алады. Жұрт үдіре көше бастайды, бір сәтте құжынаған халқы бар қала жұт жерге айналады. Қаптаған жыланды ел «Ордалы жылан» деп, қоныстарын іргесінен аулақ көшіреді».

Дереккөз: <https://atazholy.kz/2012/09/ardakty-analar-men-kyzdar/>

Ғ Қосымшасы

Қойлық қалашығы

Жеті жарым ғасыр бұрын көне құрлықты дүбірлеткен француз мәдениетінің өкілі Ұлы Дала төсіндегі өркениет ошағына қадам басқан еді. Франция королі ІХ Людовиктің елшісі, саяхатшы Вильгельм де Рубрук Жетісуға алғаш рет аяқ басып, керуен жолының тоғысындағы ірі қалаға келгендігі жайлы былай деп жазады: «...көптеген көпестер қатынап тұрған Қаялық деген үлкен қала таптық...». Саяхатшының ағысы қатты Іле өзені аңғарын бойлай өтіп, қазіргі Алматы облысының аумағындағы бірнеше арналы өзендерді кешіп өткеннен кейінгі суреттемесі осылай аяқталды. Рубрук жазбаларында Қаялық деп аталған көне қала қазіргі Сарқан ауданының аумағында жатыр. Біздің заманымыздың ІХ-ХІІ ғасырлары аралығында Жібек жолы бойындағы ең ірі сауда орталығы мен керуен көшінің тоғысында болған қарт Қаялықтың құпиясы әлі толық ашыла қойған жоқ. Шаһар атауы да ауыздан-ауызға көше келе Қойлыққа айналған.

Дереккөз: Қалқаханбет Мұқаметқали. Қойлық құпиясы/ Тіршілік тынысы - Сырдария аудандық қоғамдық-саяси газеті. 06.01.2019.

Жанкент қалашығы

Қазалы ауданы, Өркендеу ауылынан оң-түстік-шығысқа қарай 500 метрде орналасқан. Жанкент қалашығы республикалық маңызы бар тарих жә-не мәдениет ескерткіші. Сондай-ақ, Жанкент - ортағасырлардан сақталған көне қала орны.

Жазба деректерде Жанкент алғаш рет араб тарихшысы Ибн-Рүстемнің еңбегінде аталады. Сондай-ақ, араб географы Ибн-Хаукал оғыз-дар-дың басты қаласы Жанкент болды, оны иран-дықтар Нау-Керде, арабтар Эл-Харият, сар-маттар Дахи Нау деп атаған дейді. Жанкент ата-уының өзі Янгикент-Жаңакент-Жанкент (Жаңа қала) деген мағынаны білдіреді.

Дереккөз: А.Сайлау. Сыр өңірінің қасиетті нысандары / «Әлімсақ» журналы.

Жент қалашығы

Жент қалашығы Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Аққыр ауылынан оңтүстікке қарай 30 шақырымда орналасқан.

Жент – 10-12 ғасырларда Сырдарияның төменгі ағысы бойында орналасқан ортағасырлық қала орны. Қалада мұсылман дінін ұстанған түркі тайпалары қоныстанған. Осы аймақта орналасқан Жанкент, Баршынкент, Ашнас (Асанас) қалалары Жент өлкесінің қалалар тобын құрады.

Моңғол шапқыншылығынан кейін Жент қаласы қайта жанданып, Сыр өңіріндегі ірі мәдени-экономикалық орталыққа айналды. Қалада ақша сарайы жұмыс істеп, күміс және мыстан соғылған теңгелер шығарылды. «Моңғол шапқыншылығына дейін Жент үлкен қала болатын. Қаншама зобалаңға ұшыраса да ол сауда-саттыққа қолайлы қала болып қала берді...

Дереккөз: <https://kyzylorda-news.kz/news/rukhani/21898-zhent-alashyy.html>

Ежелгі Тараз қалашығы

Тараз — ежелгі қала, үлкен руханият орталығы. Ірі сауда-саттық орны болған. Тараз тарихы бай, жері құнарлы, табиғаты көркем қала. Тарихтың даму барысында өзіндік ерекшелігі бар ежелгі мәдениет ошақтарының бірі. Сан ғасырлар тарихтың құпиясын бойына жиып жатқан осы қала туралы Шығыстық көне жазбаларда деректер көптеп сақталған. Оларда қаланың атауы «Тараз», «Талас», «Далоосэ», «Ианги» деп аталғаны жөнінде мәліметтер кездеседі.

Сол замандардағы су айдайтын электр қуаты жоқ кезде, суды моншаға тартып әкеліп, оны шүмектерден ағызып, одан шыққан суды қайта кері ағызып, канализациялық циркуляцияны жасаған көне дәуірдің инженерлеріне таң қалмасқа амалың жоқ! Ыстық су, мұздай суларды жүргізген құбырларының осы уақытқа дейін бұзылмай сақталуының өзі сол кездегі өндірістердің сапалы жұмыс атқарғанын да айғақтайды.

Кезең-кезеңімен жүргізілген қазба жұмыстарының арқасында көптеген құнды жәдігерлер қазып алынды. Бас жағы ожаудың басындай іші шұңғыл, етегі ұзындау келген лайдан жасалынған шырағандар, әртүрлі өлшемдегі қызылқұмнан жасалынған құмыралар мен керамикалық киіз үй шыққан. Және топырақ пен алебастрдан жасалынған үсті дөңгелек пішінді жалпақтау, биік емес аласа келген үш аяқты II-IV ғасырларға жататын орындықтар анықталған.

Сонымен қатар, солтүстік жағынан тегістелген төсенді тас жол мен батыс бетінен магистралды су құбыр жолы табылған.

Дереккөз: Шайдилдаев А. Ежелгі Тараз – мәңгілік қаласы.
<http://makala.kz/tarikh/ezhelgi-taraz-mangiliktin-kalasy/>

Созақ қалашығы

Қазақ хандығының қалыптасып, даму тарихында елеулі орын алған Созақ қаласының орны Қаратаудың теріскей беткейіндегі қазіргі Созақ ауылының жерінде жатыр. Созақ – Қазақ хандығының ең бірінші астанасы болған қала. 1465-1469 жылдар аралығында Керей мен Жәнібектің ордалары осы қалада тігілген екен.

Созақ қаласының орын тепкен жері Қаратаудың басында, қазіргі Созақ ауылының тұсында болған. Бұл жерде орта ғасырға жататын екі қаланың орны бар екен. Алғашқысының аты «Тарсатөбе» деп аталады. Қала қазіргі ауылдың солтүстік-шығысына қарай орналасқан. Ал келесісі ауылдың ортаңғы жағындағы жергілікті халық «Өргешігі» деп атайтын бұрынғы Созақтың орны. Ауылда бір емес екі бірдей қаланың ізі жатқанын тұңғыш айтқан қазақтың кеменгер зерттеушісі Әлкей Марғұлан болатын.

Созақ қаласы осы аймақтағы басты қалалардың бірі болды. Қала көшпелі, жартылай көшпелі тіршілік кешкен малшылар мен ірі өзен-көлдердің жағалауларын мекендеген егіншілік пен сауданы басты кәсіп еткен отырықшы мәдениеттің түйісетін белдеу саналған. Қаратаудың солтүстік беткейіндегі жолақта орналасқан. ел ішінде сақталған аңыз-әңгімелерде малдарын сатып, азық-түлік, киім-кешек тұрмысқа қажетті заттар мен бұйымдар алып қайту үшін далалық малшылар Созақтың базарына жиі келетін болған. Керісінше, Қаратаудың арғы бетіндегі ірі оазистерді мекендеген егіншілер, қолөнер шеберлері мен зергерлер өз тауарларын мал өнімдеріне айырбасау үшін Созақтағы жәрмеңкеге келеді екен. Археологиялық қазбалар барысында моншақ көздері, сырланған-сырланбаған қыш ыдыстар, тұрмыста қолданатын бұйымдар, диірменнің тастары, бірнеше мыс тиындар қазылып алынды.

Созақ қалашығы <http://kieli-meken.kz/blog/saultet/18.html>

«Ұлы адам өмірінің тарихы»
(Ф.М.Достоевскийге арналған әдеби кеш)

Әдеби кештің әдістемелік әзірлемесі орыс әдебиетінің классигі және әлемдік маңызға ие үздік романистердің бірі – орыс жазушысы Федор Михайлович Достоевскийдің өміріне арналған. 2021 жылы оның туғанына 200 және «Преступление и наказание» шығармасының жарық көргеніне 155 жыл толады. Осы уақыт аралығында жазушының шығармашылығы мен өмірін білуге деген қызығушылық ешқашан азайған емес.

Ұсынылып отырған іс-шара 8-11-сынып білім алушыларына арналған.

Әдеби кештің мақсаты мен міндеттері:

- білім алушыларды Федор Михайлович Достоевскийдің өмірімен таныстыру;
- білім алушылардың жазушы-гуманистің ішкі әлемін тереңірек тануларына көмектесу және ұлы жазушының идеяларын талқылауға тарту;
- Ф.М. Достоевскийдің шығармашылығын зерделеуге деген ынталарын қалыптастыру;
- әдебиетке деген тұрақты қызығушылықтарын қалыптастыру;
- жазушының Семейдегі әдеби-мемориалдық үйімен таныстыру;
- автордың және оның шығармалары тағдарының негізінде тұлғаның ақылақтық-өнегелік қасиеттерін тәрбиелеу.

Өткізу формасы: әдеби қонақжай.

Дайындық шаралары:

- ✓ сценарий әзірлеу;
- ✓ сценарий мәтіндерін оқушылар мен мұғалімдерге бөліп беру, дайындықтар өткізу;
- ✓ презентация әзірлеу.

Қажетті құрал-жабдықтар:

- проектор, ПК;
- «Ұлы адам өмірінің тарихы» презентациясы;
- «Ф.М.Достоевскийдің Семейдегі әдеби-мемориалдық үйі» презентациясы;
- Іс-шара барысында ойнайтын музыка.

БЕЗЕНДІРУ

Достоевскийдің қонақ бөлмесі: ортада дөңгелек үстел. Үстелдің үстінде кітаптар, сиясауыт, қолжазба.

Кешті өткізу барысында презентация және музыка (тыныш) ойнап тұрады.

Қатысушылар:

- екі жүргізуші;
- Федор Михайлович Достоевский;
- Григорович;

- Некрасов;
- Белинский;
- Михаил Достоевский – Ф.М. Достоевскийдің үлкен ағасы;
- Анна Григорьевна Сниткина;
- балалар.

«Ұлы адам өмірінің тарихы»
(сценарий)

Сахнаға жүргізуші шығады, баяу музыка ойнап тұрады және интерактивті тақтада презентация көрсетіледі:

Қайырлы кеш, құрметті қонақтар! Бүгін біз бір тарихтың – орыстың ұлы жазушысы Федор Михайлович Достоевскийдің қарапайым емес өмір тарихының куәгері боламыз. Оның өмірнамасы көптеген мақалалардың, кітаптар мен фильмдердің негізі болған қызықты сәттерге толы. Ф.М. Достоевский былай дейтін:

1-слайд

«Адамның өзі құпия. Оның жауабын табу қажет, егер де бұл жұмбақты өмір бойы шешетін болсаң, онда уақыт зая кетті деме. Мен бұл құпиямен айналысамын, өйткені адам болғым келеді».

Сахнаға Ф.М. Достоевскийдің рөліндегі оқушы шығады. Ол тиыш, баяу музыканың сүйемелденуімен монологы бастайды:

«Мен 1821 жылдың 11 қарашасында Мәскеуде дүниеге келдім.

2-слайд

Менің әкем Михаил Андреевич – Мәскеудің кедейлерге арналған Мариинский ауруханасының дәрігері (штаб-емші). 1828 жылы әулетті дворянин атағына ие болды. 1831 жылы Тула губерниясы Кашир уезіндегі Даровое селосын, ал 1933 жылы көрші Чермошино деревнясын сатып алды. Балаларды тәрбиелеу бойынша әкем тәуелсіз, білімді адам және қамқоршыл әке болды. 1837 жылы анам қайтыс болғаннан кейін отставкаға кетті де Даровойға жайғасты. Құжаттар бойынша әкем апоплексия соғуы салдарынан қайтыс болған болып саналады, бірақ біз үлкен ағам екеуміз ол туралы тіс жармаймыз...» - деп, үстелдің басына барып отырады. Кадрдың артындағы дауыс: «Туысқандарының естеліктері және ауызша аңыз бойынша, Федор Михайловичтің әкесін өзінің шаруалары, оның қатыгездігі үшін өлтірген».

3-слайд – Достоевский монологын жалғастырады:

«Менің анам – Мария Федоровна Достоевская (қыз кезіндегі фамилиясы – Нечаева) ауқатты көпес отбасынан шыққан. Алайда, соғыстан кейін оның отбасы кедейленіп, өздерінің жиган-тергендерінен айырылып қалған. 19 жасар қызды менің әкеме тұрмысқа береді. Мен анамды сүйіспеншілікпен еске аламын, ол жақсы ошақ иесі және мейірімді ана болды. Анам ерте қайтыс болды, мен ол кезде 16-ақ жаста едім. Анамның өлімі ол кездері кең тараған өкпе ауруының салдарынан болды, қазіргі кезде ол ауру – туберкулез деп аталады.

4-слайд

Біздің отбасымызда 8 бала болды, олардың 4-еуі ер бала және 4-еуі қыз бала. Мен үлкен отбасының екінші баласымын. Менің үлкен ағам – Михаил жазушы болды. Қарындастарыммен және аға-інілеріммен мен жылы туыстық қарым-қатынаста болдым».

Бірінші монологтың соңы – үрейлі музыка ойнайды.

Жүргізуші: «А.С.Пушкиннің қазасымен (бұл қазаны өзінің жеке жоғалтуы ретінде қабылдайды) қатар келген анасының өлімін қатты қайғырған ол, 1837 жылдың мамырында ағасы Михаилмен Петербурге кетеді. 1838 жылдың қаңтарынан бастап Достоевский Бас инженерлік училищеде оқиды. Бұл оқу орнындағы күнделікті өмірді былайша сипаттайды:

Достоевский: «... ерте таңертеңнен бастап кешке дейін біз сыныптарда болатын баяндамаларды тыңдауға әрең дегенде үлгереміз. ...Бізді фронттық оқуға жібереді, бізге фехтованиеден, биден, ән айтудан сабақ береді, ... қарауылға қояды, барлық уақытымыз осылайша өтеді...».

Оқудың «каторгалық азап жылдары» туралы әсерді В. Григоровичпен, дәрігер А.Е. Ризенкамфпен, кезекші офицер А.И. Савельевпен, суретші К.А. Трутовскиймен болған достық қарым-қатынас қана ажарландырып, басқаша түске бояйтын.

Әкемнің қазасынан кейін кіші інілерім мен қарындастарымның қамқорлығын шешемнің туыстары өз мойындарына алды, ал біз Михаил екеуміз азын-аулақ мұра алдық. Училищені аяқтағаннан кейін мен Петербургтің инженерлік командасына дала инженер-подпоручигі болып қабылдандым, бірақ 1844 жылы өзімді әдебиетке басы-байлы арнау үшін, отставкаға бердім және поручик шенінде қызметтен кеттім».

Жүргізуші: «Осылайша 1844 жылдың қаңтарында Достоевский Бальзактың «Евгения Гранде» повесін аударуды аяқтады, бұл Достоевскийдің жарық көрген бірінші әдеби жұмысы болған еді».

5-слайд. 1845 жылдың көктемі. Шағын қойылым.

Әртістердің ойыны барысында сахна артындағы дауыс: Федор Михайловичтің досы Григорович өзінің жолдасынан қолжазбаны алып Некрасовқа апарып береді. Қолжазбаны оқу зор шаттық тудырды және әрдайым байсалды Некрасовтың көзінде жас пайда болды. Осы көңіл-күймен таңның ертесімен олар асығып авторға келді, содан кейін орыстың атақты сыншысы Белинскийге барады».

Некрасов «Белинский! – жаңа Гоголь туды!» - деп айқайлап жіберді.

Белинский: «Эк, сізде Гогольдар – жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтар сияқты өседі», - деп Белинский сенімсіздікпен жауап береді. Қойылым ойналып жатқан кездегі кадрдың артындағы дауыс: «Алайда қолжазбаны алады, ал кешкеқұрым бұл шығарманың керемет екенін айтуға келеді және жас авторды міндетті түрде көргісі келетінін білдіреді, соңынан оның болашақ шығармашылығына бата береді».

Екі жүргізуші шығады

1-жүргізуші: «Бұл жас автор Достоевский, ал оның шығармасы – «Бедные люди» еді». Қазақша аудармасы «Бейшаралар», 1955 жылы Сәйділ Талжанов аударға.)

2-жүргізуші: «Міне ол – биікке шығу! Не деген триумф! Достоевскийдің таланты мойындалды, дәріптелді».

6-слайд.

1-жүргізуші: «Бедные люди» авторды лайықты атаққа жеткізді, бірақ осындай керемет жетістіктің артында қаражаттық мұқтаждықтар жақындап келе жатты – еріксіздік, Сібір. Ол сыбайластарымен бірге үкіметке қарсы социалистік қастандыққа қатысқаны үшін қамауға алынды («Петрашевскийдің ісі»), ол ұзақ уақыт (8 ай) тергеуде болды, одан кейін әскери соттың шешімімен бас бостандығынан айрылып, ату жазасына кесілді. Алайда бұл үкім жүзеге асырылған жоқ, жазушы тірі қалды. Істеген ісі үшін оны дворяндық атағынан, барлық шендері мен жағдайынан айырды, содан кейін жазушыны Сібірге 4 жылға каторгалық жұмыстарға айдалып жіберілді».

Жүргізушілер кетеді.

7-слайд.

Достоевский: 24-желтоқсанның түнінде мен кісенделіп Петербургтан жөнелтілдім. 1850 жылдың 10-қаңтарында Тобыл қаласына келдім, ол жерде қараушының пәтерінде декабристердің әйелдері – П.Е. Анненкова, А.Г. Муравьёва және Н.Д. Фонвизинамен кездесу болды;

8-слайд. *Олар маған Евангелиені сыйлады, мен оны өмір бойы сақтадым. 1850-жылдың қаңтарынан 1854 жылға дейін Омбы бекінісінде «қаражұмысшы» болып каторганы өтедім. 1854 жылы қатардағы жауынгер ретінде Семейге әскерге жіберілдім. Бір жылдан кейін мені унтер-офицер шеніне көтерді, ал 1856 жылы қайтадан офицер болды».*

1-жүргізуші: Осы аралықта үш тақпақ және «Дядюшкин сон» мен «Село Степанчиково и его обитатели» атты екі повесть жазды. Алайда сол кездің заманауи сыны оларды бағаламады және «жаңа» Достоевскийдің бұл шығармаларын үнсіздікпен айналып өтті.

9-слайд.

2-жүргізуші: «Достоевский жеке бақытын бірден таппады. 1856 жылы ол алдымен Мария Исаеваға үйленді. Мария бұның алдында Достоевскийдің танысының әйелі болған. Бірінші күйеуі қайтқаннан кейін ол екінші рет тұрмысқа шықты. Достоевский өте діншіл адам болғандықтан, жұп некелерін шіркеуде қиды. Әйелдің бірінші некеден Павел деген ұлы болды, соңынан ол жазушының асыранды баласы болады. Әйел өзінің жаңа жас күйеуін сүйгені бірталай, өйткені ол жиі ұрсыс шығаратын, ұрыс барысында оған күйеуге шыққанына өкінетінін айтатын және күйеуін кінәлайтын».

1-жүргізуші: «1859 жылдың 18-наурызында Достоевский «ауруына байланысты» подпоручик шенінде отставкаға шығарылды да Тверь қаласында (Петербург және Мәскеу губернияларына кіруге тыйым салынумен) тұруға рұқсат алды және Семей қаласынан кетті. Кейінірек оған Петербургта өмір сүруге рұқсат берілді де ол бұл қалаға 1859 жылы көшіп келді».

10-слайд. Оның ағасы Михаил: *«1861 жылы мен өзімнің жеке меншік «Время – Уақыт» деп аталатын журналымды шығара бастадым. Бұл журналда менің інім Федор қоғам түсінушілікпен және жанашырлықпен қабылдаған өзінің «Униженные и оскорбленные» - «Қор болғандар мен қорланғандар» атты романын алғашқы рет басып шығарды. Кейінірек басқа – «Записки из Мертвого дома» - «Өлі үйден хаттар» шығармасы шықты, бұнда ойдан шығарылған атпен оқырмандарына каторгалық жұмыстарда мерзімін атқарған өзінің өмірі және басқа адамдардың өмірі туралы баяндалған. Аталған шығарманы барлық Ресей оқып шықты және лайықты баға берді. «Время» журналы үш жылдан кейін жабылды, бірақ біз жаңа «Эпоха» - «Дәуір» журналын шығара бастадық». – Михаил сахнадан кетеді.*

11-слайд.

1-жүргізуші: «1862 жылдың маусымында Достоевский алғаш рет шет елге шықты. Ол Германия, Франция, Швейцария, Италия, Англияда болды. Парижде ол «Игрок» - «Ойыншы», «Идиот» - «Нақұрыс» (1861-1866) романдарында және басқа шығармаларында көрініс тапқан драмалық қарым-қатынастардың кейіпкері А.П. Суловамен кездесті.

Сулова феменистка болатын, екеуінің ажырасуының себебі оның өмірге деген көзқарасының өзгешелігінде болуы мүмкін».

2-жүргізуші: «1864 жыл Достоевскийге ауыр қазалар әкелген жыл болды. 15 сәуірде өкпе ауруынан әйелі қайтыс болды. Мария Дмитриевнаның тұлғасы, олардың «бақытсыз» махаббатының жағдайлары Достоевскийдің көптеген шығармаларында көрініс тапты (атап айтқанда, «Преступление и наказание» - «Қылмыс және жаза» шығармасындағы Катерин Ивановнаның және «Идиот» - «Нақұрыс» – Настасья Филипповнаның образдары).

10 маусымда М.М. Достоевский қайтыс болды. Бұл Федор үшін өте ауыр соққы болды, себебі олардың арасында өте жақын туыстық қатынастар болған еді. Бұл кезеңде Достоевский өзінің ең танымал «Преступление и наказание» - «Қылмыс және жаза» романын жазды».

1-жүргізуші: «Ағасының өлімінен кейін Достоевский үлкен қарызымен ауыртпалық тудырған және 3 айға артта қалған «Эпоха» журналының басылымын өз мойнына алады. журнал жүйелі түрде шыға бастайды, бірақ жазылушылардың санының күрт төмендеуі жазушының басылымды тоқтатуына мәжбүрлейді. Ол несие берушілерге 15 мың рубльге жуық қарыз болып қалады, бұл қарызды ол өмірінің соңына қарай ғана өтеп үлгереді».

12-слайд.

2-жүргізуші: Достоевский жұмыстың әдеттегіден тыс тәсіліне жүгінеді: 1866 жылдың 4 қазанында оған стенографистка Анна Григорьевна Сниткина келеді; ол оған жазушының Батыс Еуропамен танысуынан алған әсері көрініс тапқан «Игрок» - «Ойыншы» романын айтып жаздыра бастайды. 1867 жылдың қысында Сниткина Достоевскийге тұрмысқа шығады.

Сахнаға Достоевский шығады.

Достоевский: *«Анна Григорьевна Сниткина – мен оған 1867 жылы үйлендім. Осы әйелмен бақыт пен тыныштыққа ие болдым. Шетелдік бір*

сапарымның барысында рулетка ойына ынтызар болып кеткен және әрдайым ақшадан ұтылып қалатын кезім болды. Анна құмар ойындарды тастауыма көмектесті. Дәл осы әйел 26 күннің ішінде «Игрок» романын ойлап табуға және айтып жазғызуға көмектесті, соның арқасында роман мерзімінде тапсырылды».

13-слайд.

1-жүргізуші: «1867 жылдың шілдесінен 1871 жылға дейін Достоевский әйелімен шет елдерде (Берлин, Дрезден, Баден-Баден, Женева, Милан, Флоренция) өмір сүреді. 1868 жылы 22 ақпанда қызы Софья дүниеге келді, оның оқыстан болған өлімі (сол жылдың мамырында) Достоевский үшін ауыр соққы болды. 1869 жылы 14 қыркүйекте қызы Любовь; кейінірек 1874 жылдың 16 шілдесінде ұлы – Федор туды; 1875 жылдың 12 тамызында – ұлы Алексей дүниеге келіп үш жасында эпилерсия талмасынан қайтыс болды».

14-слайд.

2-жүргізуші: «1871 жылдың шілде айында Достоевский әйелімен және қызымен Петербургке оралды. 1872 жылдың жазын жазушы отбасымен Старый Руссте өткізді; осы кезден бастап бұл қала отбасының жазғы демалысының орны болып қалды. 1876 жылы Достоевский осы жерден үй сатып алды».

15-слайд.

1-жүргізуші: 1871 жылдан бастап автордың өміріндегі ең жемісті кезең басталады. Өзінің өміріндегі соңғы 10 жылдың ішінде Достоевский «Подросток» - «Жасөспірім», «Братья Карамазовы» - «Ағайынды Карамазовтар», «Кроткая» - «Момын» және көптеген басқа шығармаларын жазды.

Кейінірек, 1867 жылы Достоевскийдің меншікті – «Дневник писателя» - «Жазушының күнделігі» баспасы пайда болды, ол бір жылдың ішінде үлкен көпшілікке танымал болды».

16-слайд. Кадр артындағы Достоевскийдің дауысы: *«Күнделікте еуропаның және орыстың қоғамдық-саяси және мәдени өмірінің маңызды құбылыстары, заңгерлік, әлеуметтік, этикалық-педагогикалық, эстетикалық және саяси проблемалар туралы көзқарастар мен пікірлер ізін суытпай жарық көріп отырды. «Күнделікте» заманауи аласапыранның «жаңа құрылым» пішіндерін, өмірдің «салыну» негіздерін, «келе жатқан болашақ Ресейдің тек қана шындық керек адал адамдарының» болмысын болжау үлкен орын алады».*

1-жүргізуші: «Өмірінің соңғы жылдарында Достоевскийдің танымалдығы артады. 1877 жылы ол Петербург Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланады. 1879 жылдың мамырында Лондонда өткен Халықаралық әдеби конгреске шақырады, оның сессиясында Достоевский халықаралық әдеби ассоциация комитетінің құрметті мүшесі болып сайланады».

2-жүргізуші: «Достоевскийдің қызметі «тірі өмірмен» тікелей таныстықты талап етті. Ол жасөспірім қылмыскерлердің колонияларына (1875) және Тәрбие үйіне (1876) барады. 1878 жылы сүйікті ұлы Алёшаның өлімінен

кейін Оптина пустыньға сапар шегеді, онда Амвросий қариямен әңгімелеседі» – жүргізушілердің орнына Достоевский келеді.

Достоевский: «Братья Карамазовы» – қорытынды шығарма, онда менің шығармашылығымның көптеген идеялары көркем жүзеге асырылды. Карамазовтардың тарихы – бұл тек отбасылық хроника емес, ол типке келтірілген және жалпыланған «біздің қазіргі шындығымыздың, біздің заманауи зиялы Ресейіміздің бейнесі». Мен оқиға желісі жиырма жылдан кейін болатын, «Братья Карамазовының» жалғасын жазуды армандағам, онда Алёша Лиза Хохлаковамен бірге рухани күйзелісті бастан кешкен ересек адам болушы еді, ал Митя каторгадан қайтар еді» - сахнадан кетеді.

17-слайд.

1-жүргізуші: «Достоевскийдің ауруының ушығуының бірнеше себебі бар: олардың бірі - 1881 жылғы 26 қаңтарда Достоевскийдің қарындасы Вера Михайловна Достоевскийлердің үйіне келеді, келу себебі ағасына тәтесінен мұраға қалған Рязаньдағы алпауыт қожалығынан қарындастарының пайдасына қарай бас тартуды сұрайды. Любовь Федоровна Достоевскаяның әңгімесі бойынша, түсіндірулермен қатар көз жасы төгілген қарқынды көрініс болады, мүмкін осы келеңсіз әңгіме оның ауруының асқынуына түрткі болды ма – екі күннен кейін жазушы қайтыс болады».

2-жүргізуші: «Ал басқа нұсқа бойынша, 1881 жылдың 25-қаңтарынан 26-сына қараған түні, үнемі түнгі уақытта жұмыс істейтін Достоевский, кенеттен қаламын еденге түсіріп алады. Қаламын аламын деген ниетте, ауыр этажерканы орнынан қозғайды. Денелік күштену көмейден қан ағуды тудырды. Бұл сырқатының күрт асқынуына әкеп соқты. Қан ағу біресе тоқтап, біресе қайтадан күшейіп отырды. 1881 жылдың 28 қаңтарында таңертең ерте Федор Михайлович: «Аня, білесің бе, менің ұйықтамай ойланып жатқанымға міне үш сағат болды, тек енді өлетінімді түсіндім, - деген сөздермен әйелін оятады және Тобылда болғанында Наталья Дмитриевна Фонвизина сыйлаған сол Евангелиені оқуын сұрайды. Достоевский балаларын шақырады және «өзінен кейін олардың қалай өмір сүрулері, аналарын сүйулері, адалдық пен еңбекті сүйулері, кедейлерді жақсы көрулері және оларға көмектесулері керектігі туралы сөйлеседі». Кешкі 20 сағат 38 минутта көз жұмды.

18-слайд.

Финал: сахнаға қолдарында жағылған май шам ұстаған, Анна Григорьевнаны қоршаған көпшілік шығады, Достоевскийдің портретіне қарай барады, май шамдарын портреттің жанына орналастырады, содан соң Федор Михайловичтің естелігіне арналған флэшмоб билейді.

1-жүргізуші: «1881 жылдың 31 қаңтарында орасан көп халықтың жиналуымен Петербургтегі Александр-Невский лаврында жазушының жерлеуі өтті».

2-жүргізуші: И.Н.Крамской қарындашпен және тушыпен жазушының қайтыс болғаннан кейінгі портретін салды, ол А.Г. Достоевскаяның есінде қалған образды, сезімді тура көрсете алды:

Шағын қойылым:

Анна Григорьевна көпшіліктің алдына шығады: «Марқұмның беті байсалды болды, оған қарағанда ол ұйықтап және түсінде өзінің енді білген бір «ұлы шындығына» күлімсіреп жатқандай, қайтыс болмаған сияқты болып көрінді».

Барлық кейіпкерлер сахнада қалады.

1-жүргізуші: «Жазушының соңғы әйелі – Анна Григорьевна Сниткина өзінің күйеуін қатты жақсы көрді, тіпті оның өлімінен кейін де сүйіктісіне деген адалдығын өмірінің соңына дейін сақтады. Ол Достоевскийдің атына қызмет етті және бұдан әрі ешқашан тұрмысқа шыққан жоқ».

2-жүргізуші: «Достоевский туралы жазушының өмірінде болған маңызды оқиғаларды суреттейтін көптеген фильмдер (деректі және көркем) түсірілген, олар: «Жизнь и смерть Достоевского» - «Достоевскийдің өмірі мен өлімі», «Достоевский», «Три женщины Достоевского» - «Достоевскийдің үш әйелі», «26 дней из жизни Достоевского» - «Достоевскийдің өмірінің 26 күні» және басқа да көптеген фильмдер.

19-слайд.

1-жүргізуші: «Ұлы жазушының шығармашылығы әлемдік мәдениет пен орыс әдебиетінде өзіндік таңбасын қалдырды. Дінге әбден сенетін адам бола отыра, Достоевский адамдарды адалдыққа, әділеттілікке және мейірімділікке шақырумен қатар, өзінің оқырманына адамдық мораль мен адамгершіліктің терең мәнін жеткізуге тырысады».

20-слайд.

«Білім алыңдар және оқыңдар. Салмақты кітаптар оқыңдар. Қалғанын өмір өзі істейді» - бұл Ұлы Адамның өсиеті».

Ф.М. Достоевскийдің әдеби-мемориалды үйінің (Семей қ.)

21-слайд. Ф.М. Достоевскийдің Семей қаласындағы әдеби-мемориалды үйінің ішкі және сыртқы көріністерін бейнелейтін суреттер

Ф. М. Достоевскийдің әдеби-мемориалды мұражайы орыс жазушысы Ф.М. Достоевский туғанына 150 жыл толуы қарсаңында 1971 жылы құрылған. Мұражай жартылай ашылған кітап пішінінде бұрынғы жазушы тұрған (1857-1859) екі қабат ағаш үйге жапсарлас ғимаратта орналасқан.

Ф.М. Достоевскийдің әдеби-мемориалды үй-мұражайының тарихы ХІХ ғасырдың екінші жартысына басталады. Сол жылдары Ф. Достоевский М.Д. Исаевамен некелесіп, ескі ағаш үйді жалдап тұрған.

Жазушы бес жылын Семей қаласында өткізген. Ұзақ жылдар бойы қысымда жүрген жазушы тыныштық тауып әдебиет әлеміне қайта оралғандай болады. Осы қалада қызықты адамдармен – П.П. Семенов-Тянь-Шанский, А.Е. Врангелдермен жүздесіп, қазақтың атақты ғалымы әрі саяхатшысы Ш.Уәлиханов туралы асқан ілтипатпен еске алады .

Екінші қабатында ХІХ ғасырдың тұрғын үй интерьеріне сәйкес 4 бөлме орналасқан. Олар – ас үй, қонақ бөлме, кабинет, ұйықтайтын бөлме. Бөлмелері аласа. Мұражайдың кіре берісіне Достоевский мен Ш. Уәлихановтың достығын бейнелейтін қоладан құйылған мүсін қойылған. Мұражайда жазушының алғашқы «Бейшаралар» (1846) романынан бастап, «Ағайынды Қарамазовтар»

(1880) романына дейін, сондай-ақ, әр жылдары басылған толық жинақтары, әлем тілдерінде шыққан туындылары, ғалымдардың жазушы шығармалары туралы жазған зерттеу еңбектері қойылған. 2000-нан астам экспонат бар. Жазушының Сібірде өткізген жылдарын (1849-1859) бейнелейтін экспозициялар бір бөлімде жеке жинақталған. Омбыдағы кезеңі «Өлі үй» атты композиция арқылы көрсетілген. Осы бөлімде жазушының «Сібір дәптері», «Өлі үйден жазбалар» атты шығармаларына суретшілер А.Н. Корсакова мен З.А. Толкачеваның салған иллюстрациялары қойылған. Мұражайда жазушының Уәлихановпен жазысқан хаттары, оған байланысты көптеген құнды экспонаттар бар.

Дереккөз: <https://mybiblioteka.su/tom2/3-170996.html>

Д1 Қосымшасы

Т.Г.Шевченко мемориалды кешеніне саяхат

Іс-шараға қажетті құрал-жабдықтар: компьютер, мультимедиялық проектор, экран, презентациялар, бейнефильм, Т.Г.Шевченконың өлеңдеріне жазылған әндері.

1. Математикалық станция

Сұрақ-жауап:

Егер 2019 жылы Т.Г.Шевченконың туғанына 205 жыл толатын болса, нешінші жылы туған? (1814 жылы).

Т.Г.Шевченконың 47 жыл өмір сүргені белгілі болса, онда ол нешінші жылы қайтыс болған? (1861 жылы).

Т.Г.Шевченконың туған күні жаңаша стильмен 9-наурыз күні аталып өтеді, ескіше стильмен оның туған күні қай күні және қай айда? (25-ақпан).

Т.Г.Шевченконың 10 жыл өмірі Қазақстанның Кіші жүз аумағында айдауда өткен. Айдау мерзімі 1857 жылы аяқталған болса, нешінші жылы басталған? (1847 жылы).

2. Энциклопедиялық станция (интерактивті тақтада слайд)

Т.Г.Шевченко туралы энциклопедиялық анықтаманы оқыңдар:

➤ Тарас Григорьевич Шевченко. 25 ақпан (9-наурыз) 1841 жылы, Киев губерниясы (қазіргі Черкасс облысы) Моринцы селосында туған. 1861 жылы 26 ақпанда (10-наурызда) қайтыс болған. Украин және орыс ақыны, прозашы, суретші, этнограф;

➤ Ресей Императорлық көркемөнер академиясының академигі,

➤ Шевченконың әдеби мұрасының орталық рөлін поэзия атқарады, атап айтқанда, әсіресе «Кобзарь» жинағы, қазіргі украин әдебиетінің негізі болып саналады;

➤ Шевченко прозасының басым бөлігі (повестері, күнделіктері, көптеген хаттары), сонымен қатар кейбір өлеңдері орыс тілінде жазылған, осыған байланысты көптеген зерттеушілер Шевченконың шығармашылығын украин әдебиетімен қатар орыс әдебиетіне де жатқызады;

➤ Ақын Орынбор аймағында, Арал теңізінде болып, Маңғышлақ түбегінде 7 жыл тұрды. Ол қатаң климат, «құм мен тастар», еріксіздік мәжбүрліктің салдарынан Шевченко бұл жерді «шекарасыз зындан», «қазылған мола» деп атаған.

Т. Шевченконың «Думка» өлеңіне жазылған ән орындалады.

3. Тарих станциясы (слайдтарда кешеннің, кешендегі экспонаттардың суреттері көрсетіледі)

Сен білесің бе?

➤ мемориалдық кешен Новопетровск бекінісінің бұрынғы бау-бақшасының аумағында орналасқан (слайдта Форт-Шевченко қаласындағы Тарас Шевченко музейі ғимаратының суреті);

➤ комендаттың жазғы үйінің залдарында басты экспозицияға орын берілген. 1847 жылы Т.Шевченко «Өрескел және жоғары дәрежелі дәрекі өлеңдер шығарғаны үшін» жауынгер қатарына жер аударылды экспозициясы;

➤ он жылдық жер аударылуының сегіз жылы Маңғышлақта өтті. Экспозициялардың басым бөлігі – бұл, Орынборда тұтқынға алынуынан кейін Новопетровск бекінісіне жіберілген Т.Г.Шевченконың 1850-1857 жылдар аралығындағы өмірі мен шығармашылығы туралы әңгімелейтін материалдар (слайдтарда музейдегі экспозициялардың суреттері, әрқайсысы туралы айтуға болады);

➤ стеллаждар мен стендтерде ақынның Новопетровск бекінісінде әскери қызметін өтуіне қатысты көптеген құжаттардың көшірмелері берілген, олардың арасында – комендант Усковтың «солдат Шевченконы» шаруашылық жұмыстар орындау үшін өзінің жазғы резиденциясына ауыстырылатыны және муштрадан (қатал, дәрекі, ұрып-соғуға негізделген тәрбие беру әдісі, үйрету әдісі) босатылатыны туралы бұйрығы да көрсетілген;

➤ жергілікті аңыздар бойынша Шевченконың арқасында аумақты бақша саябаққа айналған;

➤ ол бұл жерге тіпті қызылтал (верба) да отырғызған, ақын Гурьевте болғанында бұл ағаштың бір бұтағын алып келген екен, сол бұтақшадан ағаш өсіп шыққан. Жүз жылдан аса уақыт бойы форт-шевченколықтар бұл киелі ағашты сақтап келеді, оны ең бағалы жәдігер ретінде қастерлейді және халық арасында «Тарасовтың вербасы» немесе «Тарас талы» деп те атайды;

➤ саябақ соқпақтарының бірінде екі жағы да құламалы шатырдың астында ағаш қима тұр. Халық арасында оны «Шевченко құдығы» деп атайды. Аңыз бойынша, дәл осы жерде Тарас өзінің полктес достарымен жеті метрлік тереңдікте ауыз суға жеткен;

➤ ақынның ескерткішінің жанында жертөле тұр. Ол да өзіндік ершелігі бар экспонат. Өз кезінде оны Усков салған. Коменданттың жұбайы бұл баспананы аптап ыстықтап қорғану үшін ақынға берген (әр хабарлама қатысты суреттер слайдта көрсетіліп отырады);

➤ ел жадында Құрманғазы мен Тарас Шевченко екеуі бірін-бірі білгені, тілді терең білмесе де достықта болғаны туралы әңгімелер сақталған;

➤ Тарас Шевченко қазақ тақырыбына көптеген жыр арнаған, иллюстрация-суреттер салып, қазақ халқының тіршілігін бейнелеген.

Презентацияға қажетті суреттерді келесі сайттан алуға болады:

<https://infourok.ru/prezentaciya-po-literature-tshevchenko-i-kazahstan-1039989.html>

Дереккөз: <https://silkadv.com/ru/node/521>

4. Әдебиет станциясы

Т.Г.Шевченконың өлеңін тыңдаңдар. (Кобзарьдың портреттері көрсетілетін слайдтар, Т.Шевченко туралы фильмнен үзінділер фонында).

- Қазір ұлы ақынның бір өлеңін тыңдаймыз. Сендер, бұл өлеңді қалай атар едіңдер? (Тарас Шевченко. Завещание (1845)).

Как умру, похороните
На Украине милой,
Посреди широкой степи
Выройте могилу,
Чтоб лежать мне на кургане,
Над рекой могучей,
Чтобы слышать, как бушует
Старый Днепр под кручей.
И когда с полей Украины
Кровь врагов постылых
Понесет он... вот тогда я
Встану из могилы —
Подымусь я и достигну
Божьего порога,
Помолюся... А покуда
Я не знаю бога.
Схороните и вставляйте,
Цепи разорвите,
Злою вражескою кровью
Волю окропите.
И меня в семье великой,
В семье вольной, новой,
Не забудьте — помяните
Добрым тихим словом.

5. Назар аударыңыздар! Назар аударыңыздар! станциясы

(кешенді аралап шыққаннан кейін, келесі сұрақтар арқылы шағын викторина ұйымдастыруға болады).

- Тарас Григорьевич Шевченко қай жылы туған?

- Жалғастыр: Тарас Григорьевич Шевченко ерте жетім қалды, ол ... бақташысы, малайы болды. (поптың)

- 1848 жылы А.И.Бутаковтың басшылығымен қандай теңіздің зерттеу экспедициясына қатысты? (Арал теңізінің)

- Қазақ жеріне, қазақтарға қатысты қандай картиналары бар? («Атқа мінген қазақ», «Арал теңізінің жағасындағы қазақтың киіз үйлері», «Қосаралдағы қазақтардың қыстаулары» және т.б.).

- Қазақ жеріне аударылғанында қай жерде қамауда болды? (Маңғыстаудағы Новопетров қамалына).

- Ол жер кейіннен қалай аталды? (Форт-Шевченко).

- Маңғыстаудағы Новопетров қамалынада болған кезеңіндегі суреттері («Киіз үйде отырған қазақтар», «Қазақ баласы от жағып жатыр», «Киіз үйде», «Келі түйіп тұрған қазақ қызы», «Қазақ қызы Катя»).

- Шевченко Маңғыстауда неше жыл болды? (7 жыл болды).

- Нешінші жылы босатылды? (1857 жылы босатылды).

6. «Естелік» станциясы

(Т.Шевченконың өлеңдеріне жазылған әндер, слайдтар фонында)

Т. Шевченконың құрметіне арналып, оның аты берілген нысандар:

➤ Алматы қаласында Достық даңғылы мен Т. Шевченко көшелерінің қиылысында орналасқан;

➤ Ақтау қаласының 4 және 5 шағын аудандар арасындағы гүлзарда орналастырылған;

➤ Киевтегі Ұлттық университет (университеттің орталық корпусына қарсы орналасқан саябақ та Тарас Шевченконың атымен аталады, саябақта ақын-кобзарьға ескерткіш орнатылған);

➤ Украина астанасы Киевтің орталық даңғылдарының бірі болып саналатын көшеде бульвар;

➤ Мәскеудегі жағалау;

➤ Луган педагогикалық университеті;

➤ Тираспольдегі Приднестров мемлекеттік университеті;

➤ Киевтегі Т.Г. Шевченко атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театры;

➤ Т.Г. Шевченко атындағы Волын облыстық украин музыкалық-драмалық театры;

➤ Украинаның, Ресейдің және басқа да елдердің көптеген қалаларында оның есімімен аталатын көшелер бар.

Соңғы аялдама – қорытынды

Тарас Шевченко – украин, орыс халықтарының ұлы ақыны, прозашы, драматург, суретші, саяси және қоғам қайраткері. Ол жан-жақты талант пен қызығушылықтар бар адам болған. Оның барлық өмірі мен шығармашылығы украин халқына арналды. Ақын оның елі тәуелсіз мемлекет болуын аңсады, Украинада өз тілі, мәдениеті мен халқының тарихы құрметтелгенде ғана барлық адамдар бақытты болатынына сенді.

Христос Спаситель шіркеуі

Республикалық маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіш.

1855 жылдары Перовск қаласында христиан дінін уағыздаушылар көбейіп, елеулі рөл атқарады. 1855 жылдың 13 қазанында жылжымалы шіркеу ашылады. Оның негізін салушы поп Л. Гороховский болды. Ал қала христиандары үшін алғашқы тұрақты шіркеу 1863 жылы ашылды. Бұл шіркеу үйі 1868 жылы болған қатты жауыннан құлап қалады. Сол жылы күйдірілген кірпіштен салынып, төбесі жабылған шіркеудің жаңа үйі пайдалануға беріледі. 1890 жылы шіркеудің жаңа ғимараты салына бастайды да, 1896 жылы пайдалануға беріледі. Шіркеуде 250-300 адам еркін мінәжат ете алады. ХІХ ғасырға тиесілі шіркеу бүгінде христиан дінін ұстаушылардың бас қосатын орны. Шіркеу ғимараты екі бөліктен – мінәжат етуге арналған залдан және кіреберістен тұрады. Негізгі көлемі айқыш-крестті-күмбезді, крестұштары тең, кресттің кіруші бұрыштарында қосымша бөлмелер бар. Бұл крест тәрізді кеңістік биік (екі шырақты), орта кресті екі бөлікке бөлінген. Сегіз қырлы барабанда тұрған жарты циркульдi аркалы сегіз тар терезе ойықтарымен кесілген. Крест жеңдері қасбеттерге сәйкес пішінді жасайтын жарты циркульдi көрініске ие күмбезшелермен жабылған. Осы бөлшектердің үстіңгі жағында жартылай дөңгелек доғалармен жабылған жоғары пропорциялы үш бөлікті терезелер жасалған. Төменгі деңгейдегі қапталдық қасбеттерге қосымша кіреберіс ойықтары бар. Мінәжат ету залының есігі батыс жақтан жасалған. Бұл екі шырақтық, сегіз қырлы күмбез асты барабанындағы күмбезбен тәжделген. Күмбез негізгі күмбезге ұқсас, бірақ көлемі кішірек. Бірінші деңгейде кіреберіс бөлігі, екіншіде күмбез асты барабанында орналасқан үш тереземен жарықталатын хорлар орналасқан. Ішкі кеңістік жиектік жолақпен екі деңгейге бөлінеді. Шіркеу кең тараған жобаның баламасы.

Дереккөз: «Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары». «Фолиант» баспасы Астана-2017ж. – 504 б.

Вознесенск кафедралы шіркеуі.

Шіркеу инженерлік құрылыстың бірегей түрі, биіктігі – 56 м. Оның құрылысы Құдайды Мадақтау үшін Түркістан мен Ташкенттің мәртебелі епископы Паисийдің (Виноградов) бастамасымен 1903 жылы 26 қыркүйекте Алматыда басталады. Қысқа мерзім ішінде құрылыс аяқталып, 1906 жылы алғашқы

келушілерді қабылдайды. Ғимарат Тянь-Шаньнің көгілдір шыршасынан А.П. Зенковтың (Верный қаласының алғашқы сәулетшілерінің бірі) жобасы

бойынша салынады. Шіркеу қабырғаларын жергілікті суретші Николай Хлудов безендіреді. Ол қазақ тақырыбына көп қалам тартқан суретші. Бұл – Алматы тарихындағы биік құрылыс нысандарының алғашқыларының және әлемдегі ағаштан тұрғызылған ең биік ғимараттардың бірі. Құрылыс материалдары империяның түкпір-түкпірінен жеткізілді: цемент Ташкенттен, метлах тақталар «Кось и Доррь» зауытынан, қағаздан жасалған бұйымдар Санкт-Петербургтегі З. Ковалевский фабрикасынан, никельденген темір бұйымдар Туладағы атақты В. Земцов зауытынан, бояулар Мәскеуден, ал иконалар Киевтегі А. Мурашконың көркемсурет шеберханасынан әкелінді.

Сәулетшілердің талантының арқасында шіркеу жер сілкінісіне төзімді құрылыс нысанының үлгісі болды. Уақыт пен табиғаттың талай дүлейіне мызғымай келеді. 1911 жылы 10 балдық жер сілкінісі де шіркеуге зиян келтіре алмады. Жер сілкінісі кезінде үлкен шіркеудің терезелеріне шейін аман қалып, тек қоңырауханадағы темір крест 180 градусқа майысқан. Зенков туралы Ю. Домбровский: «Зенковтың керемет сарайларының бірде-біреуі қираған жоқ. Оның ең ірі туындысы – кафедралды шіркеу аман қалды» деп жазды. Полковник Зенков салған биіктігі 25 сажан кафедралды шіркеу сол тұрпаттың үлгісі бола алады. Шіркеу өз тарихында талай мәрте қолдан-қолға өтті.

Дереккөз: «Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары». «Фолиант» баспасы Астана-2017ж. – 504 б.

Георгий Победоносец шіркеуі.

Шіркеу Төлеби ауданы Көксәйек ауылының орталығында орналасқан. Шіркеу жобасын 1896 жылы Түркістан уезді үшін топтамасы бойынша мәскеулік сәулетші Вильгелм Соломонович Гейнцельман (ұлты неміс) жасаған.

Ең ескі шіркеулердің бірі. 1880-1890 жж. Сырдария облысы бойынша орыстардың ауылдары үшін салынған. Аталардың айтуы бойынша, тек қана шіркеуде таза су құдығы болған. Шабуыл бастамағанда, казактар құдықты қазып тастаған, жергілікті тұрғындар, әйелдер, балалар шіркеуде тығылып, тамақсыз отыру мүмкін, бірақ сусыз – жоқ.

Шіркеу 1937 жылға дейін жұмыс атқарды. Ғимаратты тұрғызу сәулетші Р.И. Зарано-Зарановскийге тапсырылды. Бәрімізге белгілі, шіркеу белгілі технологиямен салынған, қанша жылдар өтсе де сол қалпының сақталуы осының айғағы. Құрылыс жұмысшылары жұмысқа кіріспес бұрын 40 күн ауыз бекітіп, ақ жейделерін кигеннен кейін жұмысқа кірісті. Өткен ғасырдың 30-жылдары шіркеу жабылды, ал есімі беймәлім дін қызметшісі азаптанып өлді. Шіркеу өз өмірінде көптеген сынақтарды бастан өткізді, атап айтқанда, ғимаратты талқандады, қабырғаларын шынжыр табанды трактордың көмегімен бұзуға ұмтылды, бірақ барлық әрекеттер пайдасын бермеді. Бұл ғимаратастық

сақтайтын орын ретінде пайдаланылды. Кейін, училищеге беріліп, кейін өлке тану мұражайы болып қалды. Шіркеу тек 90-жылдары ғана қолға алынып, жандана бастады. 1991 жылы Қазақстан Үкіметі басшылығы шешімімен ғимарат Орыс Православиялық шіркеуіне қайтарылды. 2001 жылы Шымкент епископы мен ақмолалық Елевферимен шіркеу қасиетті ұлы азап шегуші Георгий Победоносецтің құрметіне аталды. Бүгінгі таңда шіркеу көптің пайдалануында.

Дереккөз: «Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары». «Фолиант» баспасы Астана-2017ж. – 504 б.

Қасиетті бұлақ.

Семей қаласындағы христиандық дәстүрге жататын мәдени орын. Қасиетті бұлақтың тарихы 1719 жылдан басталады. Сол жылы Тоболдан Ертіске қарай Ресей империясын жоңғар шапқыншылығынан қорғау үшін қорғандар салу мақсатында гвардия майоры Иван Лихаревтың жетекшілігімен экспедиция жолға шығады. Діндар адам өзінің алдында кезігетін қауіп-қатерден сақтану үшін Тобол түбіндегі Абалацк шіркеуіне келіп жергілікті шіркеу қызметкерінен өзінің қорабліне Құдай Анасы бейнесіндегі сиынуды сұраған. Қазіргі заманауи семейліктер Қасиетті бұлаққа барып қана қоймай, шіркеуді де естерінде сақтаған. Бұл жерде діни дәстүрді өткізушілер саны жылдан-жылға артып келеді. Бірнеше жыл жаз мезгілінде В.Колбин мен А.Долгушевтердің жетекшілік етуімен мектеп археологиялық экспедициясы шіркеуге қазба жұмыстарын жүргізіп келеді. Бұлақ жанындағы шіркеу орны анықталды, жертөледегі шіркеу қалдықтары табылды, олардың қабырғасы ақ тас пен жұмыртқа қосылған лаймен сыланған. Экспедиция мүшелерін таңғалдырғаны – «Қасиетті бұлақ» деген жазуы бар шыны құтының бөліктерінің табылғаны.

Семейге жеткеннен кейін И.М. Лихаревтің кемесі тоқтап, орнынан жылжымай қалады. И.М. Лихарев кемедегі әулие иконасын шіркеуге апарып қоюды бұйырады. Осыдан кейін кеме орнынан оңай қозғалады. Осындай қасиетімен танылған икона Антония и Феодосия Печерскийдің шіркеуінде сақталады.

1740 жылы иконаның жоғалуы туралы тағы бір аңыз бар. Оны шіркеуден жоғалғаннан кейін тау жанындағы бұлақтың басынан тапқан. Оның алдында май шам жанып тұрған. Икона шіркеуге қайтарылып, «Қасиетті бұлақ» деген атау алды. Осыдан бастап, бұл жер тәу ететін орынға айналды.

Дереккөз: «Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары». «Фолиант» баспасы Астана-2017ж. – 504 б.

Өскемен қаласының оңтүстік-шығысынан 70 км жерде орналасқан.

1654 жылы Қалба жотасында Аблайкит будда ғибадатханасы салынды. Оның үйінділері 1654 жылғы сәулет өнерінің ескерткіші болып саналады. Ертіс өзенінің сол жағалауы мен Қалба сілемдерінің басым бөлігі Аблайкиттің негізін қалаушы Абылай тайшының иелігінде болған. Ғибадатхана тіктөртбұрышты платформада орналасқан.

Аблайкит XVII ғасырдың 50-60-жылдарының ортасындағы будда құндылықтарын сақтайтын ірі діни орталық болған. 1720 жылы ғибадатхана үйінділері арасынан будда иконаклары, әр түрлі құдайлардың мүсіндері табылған. XVIII ғасырдың басында будда ғибадатханасы аумағынан келесі қола мүсіндер табылды: жауынгер мүсініндегі шырағдан, жауынгер мүсініндегі ыдыс, құдай-ананың мүсіні. Аблайкиттен табылған олжалардың хронологиялық шегі V-VI ғасырдан XVI-XVIII ғасыр аралықтарын қамтиды. Бұл – осы өңірдің Ұлы Жібек жолының бір торабы болғандығының көрінісі.

Жазба деректер мен археологиялық қазба жұмыстары – Аблайкит лама ғибадатханасының, қазақ елінің Орта және Таяу Шығыс елдерімен саяси және мәдени байланыстарының болғандығын көрсетеді. Ғибадатхананың суреттері мен сипаттамасы алғаш рет ғылыми экспедиция мүшелері Г.Ф. Миллер, П. Паллас және саяхатшылар Е. Мейер, П. Чихачевич және т.б. еңбектерінде кездеседі.

Жоғарыда аталған өлкетануды сипаттайтын ерекшеліктерге сүйене отырып, мұғалімнің алдында тұрған маңызды мақсаттың бірі – баланы дамыту, оған халықаралық аренада өзінің туған мәдениетін таныта білу біліктілігімен негізделген патриоттық тәрбие беру болып табылады. Оқушыларды туған және басқа да мәдениет әлеміне кіргізу, олардың тіл құралы арқылы ойлау қабілеттерінің дамуына ықпал етеді, оқушылар туған халқының менталитетін түсінуге үйренеді. Жеке тұлғаның дүниетанымының қалыптасуы және мәдени дамуы оқушының туған өлкесінің киелі орындары, мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері, тарихы, тұрмысы туралы білімінің кеңеюі барысында жүзеге асады. Осындай нәтижеге жету өзекті мәселе болып табылады.

Дереккөз: «Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары». «Фолиант» баспасы Астана-2017ж. – 504 б.

1-тренинг (тарихи тұлғалардың суреттерімен жұмыс істеу бойынша).
Мысалы: Бәйдібек би, Домалақ ана, Бекет ата т.б.

Тақтаға тарихи тұлғалар бейнеленген портреттер немесе суреттер ілінеді.

1. Суреттерді зейін салып қарандар. Суретте (суреттерде) бейнеленген адамның (адамдардың) бет әлпеті бойынша оның (олардың) эмоционалдық жағдайын анықтандар. Ол (олар) қандай сезімді бастан кешіп тұр?

Балаларға арналған текше карталар

Адам басынан өткізе алатын сезімдер мен жағдайлар: ашу, өштік, ұялу, қорқыныш, ашушандық, үрейлену, қажу, үмітсіздік, сағыныш, ерігу, өкпе, реніш, кінә, қуаныш, шаттану, біреу үшін қайғыру, іштарлық, қайғы, жабығу, қанағаттану, қызығушылық, махаббат, сүюшілік, жеккөру, жаратпаушылық, әуесқойшылық, ауыру, шаршағандақ, ойға бату, аштық ...

2. Сен осы адамға сенер ме едің, оған өзіңнің кез келген құпияңды айтар ма едің? ол сенің досың бола алар ма еді? Неліктен дос бола алар еді? Оның бейнесінде оған сенімдік/сенімсіздік тудыратындай не бар?

3. Жұптарда сүйіспеншілік, ашу, ыза тәрізді сезімдерді бейнелеу. Сынып оқушылары қандай сезім ойналғанын анықтайды.

4. Тренингке қатысушыларға (немесе топтарға бөліп) тұлғаның түрлі сипаттамалары жазылған текше карталар таратылады. Қатысушылар ұсынылған сипаттамалардан олардың ойынша нақты тұлғаға сәйкес келетін сипаттаманы таңдаулары қажет. Содан кейін таңдалған сипаттаманы өзара талқылайды. Мұғалім түсініктеме береді. Мысалы:

Бәйдібек би

Халық арасындағы жалғасып келе жатқан естелік бойынша ел қамын ойлаған, халық тағдырына қатысты істерге ұйытқы болған, өзінің көреген көсемдігімен жұртқа ықпал еткен тарихи тұлға.

Ол тәжірибелі жылқышы, ат бапкері, мерген, сайыскер болуымен қатар көкпаршы додагерлерден әбжілдік, батырлық дәстүрді үйренген.

Халық қамын ойлаған ел басшысы, атақты мемлекет қайраткері, қазақ халқының әйгілі биі әрі батыры. Ол өзінің даналғымен көзге түсіп, елі оны би сайлайды. Ақылдылығы мен көрегенділігінің арқасында жетім-жылқышыдан би дәрежесіне жетіп, өз уақытының әйгілі билерінің бірі болады.

Домалақ ана

Ел ішіндегі деректер бойынша оны халық «Дихнат мама» деп атаған. «Дихнат мама» парсы тілінен аударғанда «Әулие ана» деген мағына береді. Ол өзге адамдарды да де баласындай көріп, аналық мейірін шаша білген адам. Өте кішіпейіл, әрдайым болашақтағы күннің жағдайын ойлап отырған. Айтқан сөздері ақиқатқа айналған болжампаз, көреген қасиетің иесі болған.

Бекет ата

Жастайынан білмекке құмар болып, алғырлық зеректігімен көзге түскен. Ел қамы, халық тағдырына қатысты істерге ерте араласып, парасат-пайымымен,

ерлік-табандылығымен жұрт көзіне ертерек түскен. Өз заманында медресе-мешіттер салдыртқан, олардың ғимараттарын салуға қатысқан сәулетші. Халықының тәуелсіздігі жолында жауларға қарсы күреске белсене араласқан батыр. Балаларды ғылымға, білім тартқан ағартушы. Халықты имандылыққа, кісілікке, ауызбірлікке баулуға айрықша көңіл бөлген. Мүсәпірлер мен ауруларға көмектескен ерекше дарынды азамат. Аса маңызды оқиғаларды болжай білген әулие.

5. Кері байланыс. Әр білім алушы өткен тренинг туралы алған әсерлерімен бөліседі:

- Не ұнады?
- Не ұнаған жоқ?
- Бүгін мен не үйрендім?
- Бүгін мен өзім үшін қандай жаңалықтар аштым?

2-тренинг (1-тренингтің жалғасы ретінде) (тарихи тұлғаларға қатысты киелі жерлердің суреттерімен жұмыс істеу бойынша).

Киелі жерлер: Ұкаш ата мазары, Исмайл-ата сәулет өнері, Шопан ата, Көне Бейнеу т.б.

Білім алушыларға/топтарға киелі жерлердің аты жазылған және суреті бейнеленген текше карталар таратылады.

Тапсырма: ұсынылған дереккөздерден киелі жердің орналасқан орны, әулие адамның өмір сүрген кезеңі, киелі санаты берілуін анықтау.

Дереккөздер:

- «Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары». «Фолиант» баспасы Астана-2017ж. – 504 б.;

- Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005;

- 45. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9 және тағы басқа әдеби- тарихи кітаптар. Сонымен қатар,

- <http://elbirligi.kz/2018/08/07/қазақ-тарихындағы-әйелдер-қарашаш-ана/>;

- <https://atazholy.kz/2012/09/ardakty-analar-men-kyzdar/>

- https://kk.wikipedia.org/wiki/Ұкаша_Ата_Мазары

- https://e-history.kz/kz/publications/view/3511_J0_-ngtc6 Оқ өтпес, қылыш кеспес – Ұкаша ата;

- https://el.kz/kz/news/sakral_nii_kazahstan_/ukasha_ata_muhammed_pai_gambardin_senimdi_serigi тағы басқа сайттардан алынған материалдардың қысқаша нұсқасы мәтіні берілген парақтар.

Ұкаш ата мазары

1) Ұкаша Ата мазары – шамамен 6-7 ғасырларда өмір сүрген, Мұхаммед (саллаллаһу ғаләйһи уа салләм) пайғамбарға замандас болған ислам дінінің өкілі – Ұкаша ата кесенесі, сәулет өнері ескерткіші.

Қаратаудың күнге бетінде, Өгіз тау шатқалы маңындағы қыратта, Түркістан қаласынан солтүстікке қарай 42 км жерде.

Аңыз бойынша, Ұкаша ата сахаба Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың сенімді серігі әрі күзетшісі болған. Жергілікті тұрғындар «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) жауырынының астындағы мөрді сүйгеннен кейін Ұкаша сахабаның денесіне атса – оқ, шапса – қылыш өтпеген» дейтін ертегіге бергісіз әңгімені ғасырдан-ғасырға жалғап, айтып келеді. Аңызға жүгінсек, қайсыбір мысық пиғылды, іштарлық танытқан дұшпандары қапияда бас салып, Ұкаша атаны қапы қалдырып, бақиға аттандырған көрінеді. Таң намазында басы сәждеге енді барғанда дұшпанның қылышының соққысынан жерге салбырап түскен сахабаның мүбәрәк басы ешкімге ұстатпай, құдыққа түсіп кетеді. Ал, құдық болса, жерасты жолдары арқылы, сонау Меккедегі зәмзәм бұлағымен жалғасады дейді, айтушылар. Себебі, құрбан болған сахабаның басы, сол балбұлақтан табылып, пайғамбардың қабірінің аяқ жағына жерленіпті-міс. Бұл – Ұкаша атаның «Иә, Алла, менің басым пайғамбарымның аяғында жатса екен!» деген арман-тілегінің орындалғаны болса керек.

Дереккөз: https://kk.wikipedia.org/wiki/Ұкаша_Ата_мазары

2) Түркістан қаласынан 60 шақырымдық жерде орналасқан Ұкаша ата құдығының сіз бен біз біле бермеймін сыры неде?

Ұкаша ата құдығын ешкім қазып, қолдан құдық етпеген деген аңыз бар. Аңыздарға сенсек, Ұкаша Ата Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбардың тікелей тапсырмасымен осы маңға (қарт Қаратау тауының маңына) ислам дінін насихаттау мақсатында келген екен. Нәтижесінде ислам дінін қабылдаушылар көбейіп, дін дұшпандары оның көзін құртуды ойлайды.

Себебі мұсылман халқы көбейіп кетеді деген қорқыныш болады. Дін дұшпандары мұсылмандықты қабылдағандардың басын шауып, құлағын кесіп, көзін ойып іліп қояды. Мақсаты — осы бір жауыздық арқылы елдің үрейін алу, көргендер қорықсын, ислам дінін қабылдасын деген ой болыпты. Деректерде таң намазын оқып отырған Ұкаша ата сол дұшпандарының қолынан шахид болған деген мәлімет бар. Сол сәтте аспаннан екі періште түсіп, Ұкаша атаның басын алып қашқан-ды.

«Ұкаша ата көзі тірісінде» қай жерде жан тапсырсам да, мейлі шахид болайын, Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбардың қасында жерленсем арманым жо» деп дұға тілеген екен. Пайғамбардың ізін қуған Ұкаша атаның бұл тілегі қабыл болса керек, басы шабылған сәтте кенеттен ауа райы бұзылып, найзағай жерге түсіп кетеді де үлкен тасты жарып жібереді. Содан құдық пайда болады. Ұкаша атаның басы сол құдықтың ішіне түсіп кетеді. Дін дұшпандары екі сарбазын құдыққа түсіріп, басын алып шығуды тапсырғанымен, одан нәтиже шықпапты. Ұкаша ата туралы аңыздарға сүйенсек, оның басы құдық астындағы өзеннен күн батысқа қарай ағып кеткен деседі».

Дереккөз: <https://sputniknews.kz/regions/20180820/6898762/turkistan-ukasha-ata-qydyq.html>

**Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары
Ақкөл-Жайылма қалашығы**

Кіріспе

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласына сәйкес «Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары» жобасы жүзеге асырылуда. Бұл тізімге 100 нысан кіреді.

1-слайд

Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары

Ақкөл-Жайылма қалашығы

Тізім өңірлік сарапшылар кеңесінің ғалымдары мен өлкетанушыларының пікірлерін ескере отырып құрастырылған.

Оған Қазақстанның табиғи ландшафт объектілері, археологиялық және архитектуралық ескерткіштер, ерекше ардақ тұтатын діни нысандар және тарихи тұлғалардың және саяси оқиғалармен байланысты киелі орындар енген.

2-слайд



АҚКӨЛ-ЖАЙЫЛМА – ХАНДАР МЕКЕНІ

Дереккөз: <https://www.google.com/search?q=Ақкөл-Жайылма+қалашығы+суретте>

Жергілікті халық Әуликөл деп атаған, Ақкөл-Жайылма өңірі хан сайлаулары өткен тарихи орын, Өлеңті және Шідерті өзендерінің төменгі ағысындағы қазақ даласының орталығынан ұлан-байтақ жерді алған керемет орын. Ол жерлер қазіргі Павлодар облысының Екібастұз және Қарағанды облысының Ақтоғай аудандарының құрамына кіреді.

Тарихшылар Ақкөл-Жайылма туралы жазылған көптеген деректердің басын біріктіре отырып, қалашық туралы мынандай тұжырымдар жасайды: Ақкөл-Жайылма қазақ жерінің шұрайлы екендігін көрсетеді; сондай-ақ, күн

көріске, мал шаруашылығына өте ыңғайлы болған өңір, осыннан табылған тарихи жәдігерлер өлкенің тамыры тым тереңде жатқандығынан хабардар етеді. Сол себепті де, Ақкөл-Жайылма қалашығында тас дәуірінде де тіршілік болғандығын сенімді түрде айтуға болады.

Дереккөз: https://el.kz/kz/news/puteshestvie/akkol_zhaiilma_kalashigi



Тарихшы Ж.Артықбаевтың басқаруымен Ақкөл-Жайылмада жүргізілген археологиялық жұмыстар

Дереккөз: <https://www.google.com/search?q=Ақкөл-Жайылма+қалашығы+суретте>



Ақкөл-Жайылма

Дереккөз: <https://www.google.com/search?q=Ақкөл-Жайылма+қалашығы+суретте>

Ақкөл жағасынан орын алған Қаражар ауылынан 2 км жерден қазақ зиратының іш жағынан ортағасырға жататын керемет ескерткіштердің сұлбасы

табылған. Сол секілді бұл аймақтан неолит дәуіріне жататын тас микролит құралдары мен қимақ-оғыз заманында салынған қорғандар қазып алынды. Ақкөл-Жайылмаға жататын жәдігерлердің қатары өте көп. Оның құрамына көлдің оң жағында орналасқан Асан Қайғы тасы, Түйте әулиенің ескерткіші, Исабек ишан мазары, көлдің күншығысында орын тепкен Әулиеағаш, Күреңбай зираты кіреді. Ілгеріде айтып кеткен зират ішіндегі ескерткіштердің жалпы атауы – «Қараоба». Бұл жерден тас дәуіріне жататын еңбек құралдары, қола дәуіріне жататын қыш ыдыстардың қалдықтары, орта ғасырда іргесі қаланған қорғандар табылды.



Киелі жерлер – әуликөл жұмбағы

Дереккөз: <https://www.google.com/search?q=Ақкөл-Жайылма+қалашығы+суретте>

Тарихшыларды зираттың батысынан орын алған екі төмпешік шын қызықтырып қойды. Оның бірі – 1-Қараобаның биіктігі екі метрге жетеді, солтүстіктен оңтүстікке қарай 25 метрге созылып жатыр. Ал батысынан шығысқа дейін 30 метр. Келесі 2-Қараобаның биіктігі алғашқысынан аз ғана кішірек – 1,7 метр, сол секілді басқа ұзындықтарынан да осындай кішігірім айырмашылыққа ие.

Дереккөз: https://el.kz/kz/news/znanie/akmola_oblisinin_kieli_9_orni

Тағы да тарихшы Ж.Артықбаевтың мысалына жүгінсек, «Қаражар елді-мекенінен дерек берген Кәкен ақсақалдың сөзінше, ол жерде ноғайлы дәуірінде қалмақ пен қырғыз арасында ғаламат соғыс болып, төбешіктер содан қалған-мыс. Ондағы қырғыз деп отырған ноғайлы руы болуы ықтимал. Сол сияқты қалмақтар Қараобаны жаулап алмақ мақсатта орға дейін келіп, іркіліп қалыпты. Ордың соншалық үлкен болғанынан олардың әскері өте алмай, абдырап қалады. Тек әскербасының аты ер-тұрманмен өте шығыпты. Көлдің жағасында ер-тұрманмен жүрген атты көрген жұртшылық бір түнде көшіп кеткен екен», – дейді ғалым.



Дереккөз: <https://www.google.com/search?q=Ақкөл-Жайылма+қалашығы+суретте>

Мәшһүр Жүсіп Көпеев «Қазақ шежіресі» Ақкөл-Жайылма ескерткіші турасында: «Шідерті өзенінің аяғында Ақжар, Сасай деген ноғайлылардың егіншілікпен айналасыпы, қала тұрғызған, билік еткен, Бұқар, Қоқан хандары сияқты орда еткен жері екен. Өлеңтінің аяғында «Қараоба», «Сарыоба» деген екі төбе – Қарабай мен Сарыбай деген екі бай қоныстанған екен, бұл екеуі де қазақтың байлары. Сол Сарыбайдың жалғыз қызы Баянсұлудың туған жері – Баянаула тауы...» деп жазылған.

Бұл жолдардан қалашықтың тарихы Алтын Орда дәуірімен байланыстыратындығын байқаймыз, бірақ оның тамыры тым тереңде жатуы да мүмкін. Себебі, «оба» сөзі ежелгі заманның ескерткіштеріне байланысты айтылады. Ал «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырынан Ақкөл-Жайылманың аты кездескендіктен, оның расында да пайда болған уақыты әріректе екендігін түсінеміз.

Ақкөл-Жайылма қалашығы – сан тарихты қойынында жасырып отырған тарихи орын.

Қазақстанның киелі нысандарының бірі «Ақкөл-Жайылма қалашығы» бойынша қолдануға арналған әдебиеттер:

Ақкөл-Жайылма: [деректі публицистикалық шығарма]. Ред. Е.М. Арын. – Павлодар: ЭКО, 2012. – 308 б.

Артықбаев Ж. Ақкөл-Жайылма – хандар мекені // Сарыарқа самалы, 2017, 17 тамыз, 5-б.

Артықбаев Ж.О. Ақкөл-Жайылма – хандар мекені: (Шайбан ордасының құпиясы) // Артықбаев Ж.О. Қазақ тарихы мен этнологиясының мәселелері. – Павлодар, 2007. – Т. 1. – 157–188-бб.

Артықбаев Ж.О. Ақкөл-Жайылмадағы этномәдени зерттеулер / Ж.О. Артықбаев, А. Ерманов, Ә. Жәнісов // Қазақ тарихы. – 2005. – № 1. – 17–22-бб.

Артықбаев Ж. Сакральные места: загадка святого озера Акколь [Электронный ресурс]. URL: <http://e-history.kz/ru/publications/view/3258>

Артықбаев Ж. Хорезм Хәкімі Аққұсайынның Ақкөл–Жайылмаға қол бастап келуінде не сыр бар // Мәдени мұра. – 2017. – № 2 (71). – С. 32–39.

Әміренов Ә.Д. Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларындағы Исабек Ишан тұлғасы // Вестник ПГУ. Сер. филол. – 2013. – № 1. – 38–48-бб.

Бықай Ф. Ақкөлдің бойындағы Ақ кесене // Сарыарқа самалы, 2012, 6 наурыз, 10-б.

Жәнісов Ә. Жайылымы жайлы Ақкөл–Жайылма: (Екібастұз ауылдық аймағындағы 2006 жылғы тарихи-этнографиялық, археологиялық зерттеулер) // Сарыарқа самалы, 2007, 9 қаңтар, 4–5-бб.

Жұматов Ғ. Мәшһүр-Жүсіп және Исабек ишан // Шаһар, 2012, 6 шілде, 6-б.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 20-томдық жинақ. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2008. – 11 т. – 289–294-бб.

Нурахметова Г.Б. Традиционная потестарная организация казахов субрегиона Акколь–Жайылма в XVIII – начале XX вв. // Вестник КарГУ. Сер. ист. – 2010. – С. 24–28.

Сарбалаев Ж.Т., Сарбалаева Е.Ж. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы Исабек Ишан бейнесі // Вестник ПГУ. Сер. филол. – 2011. – № 2. – 72–81-бб.

Сахаба Т. Исламдағы ұстаздың орны немесе Мәшһүр Жүсіптің «Исабек ишан» жоқтауы туралы // Сарыарқа самалы, 2014, 17 мамыр, 8-б.

Смагулов Т.Н., Жанисов А.Т., Казизов Е.С. Исследования на археологическом комплексе Аулиеколь // Отчет об археологических исследованиях по Государственной программе «Культурное наследие» в 2008 г. – Алматы, 2009. – С. 228–231.

Щербина Ф.А. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию киргизских областей. В 12-ти томах. – Воронеж: Типография В.И. Исаев, 1903. – Т. 4. Семипалатинская область. Павлодарский уезд. – 708 с.

Е2 Қосымшасы

«Туған жер – рухани жаңғыру»

(Ақмола облысы)

Сынып сағаты

Мақсаты:

- «Қазақстанның рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның сакралды географиясы» жобасын арқылы білім алушыларға рухани-адамгершілік;
- өздері өмір сүретін өлкеге мақтаньш сезімін тәрбиелеу, патриоттық тәрбие беру.

Қажетті құрал-жабдықтар: «Ақмола обысының сакралды географиясы» презентациясы.

Сабақтың барысы

❖ Мұғалімнің сөзі:

- «Қазақстанның рухани құндылықтары» жобасын жүзеге асыру мақсатында еліміздегі барлық облыстары мен аудандарында киелі орындардың картасы, яғни «Қазақстанның сакралды географиясы» жасалып жатыр.

- Сакралды жер дегеніміз не? (Оқушылардың жауаптары).

Оған Қазақстанның табиғи ландшафт объектілері, археологиялық және архитектуралық ескерткіштер, ерекше ардақ тұтатын діни нысандар және тарихи тұлғалардың және саяси оқиғалармен байланысты киелі орындары енген (түсініктеме беру).

Қазақстанның сакрал«Ерекше қорғалатын табиғи мұра ескерткіштері»

«Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары» жобасына бес енген орындар:

- «Уәли хан» мазары;
- «Ханның қызыл ағашы»;
- Жәнібек-Шалқар кесенесі;
- Алыптомар мазары;
- Беспакыр мазары;
- Кенесары үңгірі;
- Ботағай кесенесі;
- Ақ Еділ Қожа мазары;
- Қаныкей мазары.

Сынып сағатында қолдануға ұсынылатын таныстырылым келесідей болуы мүмкін:

Уәли хан 1741 жылы туылып, 1821 жылы дүниеден өткен. Ол 40 жылдан аса уақыт хан тағында отырған Орта жүз ханы, Абылай ханның ұлы. Бала кезінен билікке араласып, әкесінің тапсыруымен бірнеше рет елшіліктерді басқарып, өзінің біліктілігімен көзге түскен. Әкесі Абылай дүниеден өткен соң, Уәли Орта жүздің құрылтайында арнайы сайлау арқылы таққа отырды. Ол хан сайлана сала, Ресей мен Қытайға елшіліктер жіберіп, көршілермен бейбіт болуды ойлайды. Көп ұзамай Екатерина II мен Цин императоры Уәлиді хан ретінде мойындап, арнайы грамоталар жіберді. Уәли өзінің саяси білімділігінің арқасында бірнеше ушыққан мәселелерді уақытында шешіп, орта жүздің билігін қолында ұстады. Бірақ, Ресей қазақ даласындағы хандық билікті жою үшін рулар арасына іріткі салып, өз ырқына көндіруді ойлады. Соның кесірінен, Уәли билігі де тым әлсіреп кетті. Ол Орталық Азия мен Қытай мойындаған қазақтың соңғы ханы болып қалды. Айта кетерлігі, қазақтың данышпаны Шоқан Уәлиханов осы Уәлидің немересі.

Осындай ұлы ханның ескерткіші Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Қазақстан ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 2,3 шақырым жерде орналасқан. Мазар Уәли ханның 270 жылдығына арнайы тұрғызылған. Сәулет композициясы тік төртбұрышты, қызыл кірпіштен қаланып, кіші ай тәріздес күмбез ретінде салынған. Қазір көпшілік тәу етіп баратын орынға айналып отыр.

Дереккөз: https://el.kz/kz/news/znanie/akmola_oblisiin_kieli_9_orni

Ақмола облысына қарасты, Бурабай ауданында «*Ханның қызыл ағашы*» деген атаумен белгілі қасиетті орын бар. Ауыздан-ауызға жеткен аңызға сүйенсек, Абылай хан есімімен байланысты үлкен және кіші қос алаң бар. Ал сөз етіп отырған «Ханның қызыл ағашы» деген жер негізгі алаң болып есептеледі. Қазір бұл жерде XX ғасырдың аяғына таман орнатылған мәрмәр тас бар. Бізге жеткен деректерде бұл жердің өте маңызды шешімдер шығарылып, тарихи сахна болғаны айтылады. Мәселен, осында Абылай хан Орта жүз ханы Әбілмәмбет және жүзден аса старшинамен Ресей азаматтығына өтуіне келісім беру хақында Орынборға бару туралы шешімі шыққан. Сол сияқты осы алаңда бірнеше батырлардың басы қосылып, тарихи жеңістердің алғышарты жасалған. Сонымен, «Ханның қызыл ағашы» – құрылтай, ірі жиналыстар, ауқымды шаралар өткен киелі орын.

Дереккөз: <https://mybiblioteka.su/tom2/3-170996.html>

Жәнібек-Шалқар есімімен Қазақ хандығы тікелей байланысты екенін белгілі. Міне, сол хандықты құрған негізгі тұлғаның кесенесі алыс XV ғасырда тұрғызылған. Ол Ақмола облысы, Қорғалжын ауданында орын тепкен. Орта ғасырға жататын тарихи ескерткішті салу үшін Орта Азиядағы ең мықты шеберлер мен қолөнершілер шақырылған делінеді. Сондай-ақ, ескерткішті тұрғызу үшін арнайы 50 мың кірпішті пеште күйдірген. Бұл мазар шоқының үстіне салынған, ал маңында әсем табиғаттың қойнында өзендер еркін ағып жатыр. Бұл мазарды кейінірек жергілікті аңшы тапқан деген деректер кездеседі. Арнайы барған зерттеушілер ол маңнан қыш тақташаларды тауып алған екен. Табылған материал тіпті, Қожа Ахмет Яссауидің кесенесінде қолданған тақташаларға ұқсас. Соған қарағанда, қазақ үшін аты ерекше тарихи тұлғаның кесенесі құнды құрылыс тастарымен салынған.

Дереккөз: https://el.kz/kz/news/znanie/akmola_oblisiin_kieli_9_orni

Алыптомар кесенесі XIX ғасырға жататын сәулет өнері ескерткіші. Аталған кесене туралы Ақмола облысы тарихи және мәдени мұрасы жинағында біршама мәліметтер кездеседі. Мазар Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Қорғалжын деп аталатын ауылдың шығыс-оңтүстік-шығысқа қарай 10 шақырымда орын тепкен. Кесене мөлшері қатты үлкен емес, шикі өңделген кірпіштерден өрілген. Бірақ, күмбез уақыт пен табиғаттың тосын мінездеріне шыдамай опырылған. Мазардың күншығыс жағындағы кірер есігі барлық биіктігіне жететін екі тірек аралығында доға секілді жабыны қуыс етіп салынған. Оның орта тұсының биіктігі шамамен үш метрден асады. Кесене әдемі көріну үшін ақ пен күңгірттеу түсті кірпіштер алма-кезек қаланған. Діни сәулет ескерткіші – атадан мирас болған құнды тарихи дүние болып есептеледі.

Дереккөз: https://el.kz/kz/news/znanie/akmola_oblisiin_kieli_9_orni

Беспақыр кесенесі Нұра өзенің оң жағынан орын алған, Ақмола облысындағы Қорғалжын ауданында тұрғызылған. Яғни, Қорғалжын-Астана тас жолынан Абай ауылына бұрылатын тұстан күншығысқа қарай он бір км қашықтықта, кең далада, ескі мазардың қоршалған жерінде орналасқан. Кесененің жалпы көлемі 30x22x10 см және 50x25x10 см болса, құрылыс

материалы ретінде шикі өңделген кірпіш пайдаланылған. Ал оның құрамында қойдың сүті, жүні, жылқының жалы мен саз балшық бар.

Біздің заманымызға жетем дегенше мазардың біраз бөлігіне зақым келген. Атап айтар болсақ, күмбездің үстіңгі жағы, кіреберістегі арканың қабырғалары жапа шеккен. Шығыстан батысқа қарай салынған мазар екі бөлмеден тұрады. Шығыс жағындағы қос тіректің арасындағы доға іспеттес есік диаметрі үш метрге жетекабыл бір бөлменің ішіне жеткізеді. Мазар Ақмола облысының киелі орындарының тізіміне қосылып отыр.

Дереккөз: https://el.kz/kz/news/znanie/akmola_oblisiin_kieli_9_orni

Кенесары үңгірі. Кенесары – қазақты соңғы ханы, атақты Абылай ханның немересі. Көкше жерінде қазақтың тарихи тұлғасының атымен байланысты үңгір бар. Ол нақты айтсақ, Ақмола облысы, Бурабай ауданында орналасқан. Бурабай көлінен оңтүстік-батысқа қарай 500 метр жерде. Ол Көкшетау қыратының гарнитті сілемінің үгілуінен пайда болған. Үңгірге кіреберісінің биіктігі үш метрге жетеді. Ары қарайғы екі бөлікті бір-бірімен тар қуыс жалғастырып жатыр. Екінші бөліктен сырқа шығуға болады. Үңгір дөңгелек пішінді болып келеді, оны диаметрі бес-алты метрге жетсе, биікті 1-3 метр. Тағы бір айырмашылығы үңгірдің температурасында, яғни сыртқы ауа-райынан 2-3 °С ерекшеленеді. Мұнда Бурабайға келетін саяхатшылардың басым бөлігі ат басын бұрады. Бұл үңгірде Кенесары бала кезінде болған және осында өзінің сенімді серіктерімен жаудың бетін қайтаруды, соғыстың барысын жоспарлайды екен. Кейінірек құнды жәдігер ретінде үңгірден Кенесары ханның бойтұмары табылған. Ол қазір тарихи мұражайда сақтаулы тұр.

Дереккөз: https://el.kz/kz/news/znanie/akmola_oblisiin_kieli_9_orni

Ботағай кесенесі (кей жерлерде Бытығай, Татағай) – XI-XII ғасырларға жататын сәулет өнерінің туындысы. Ескерткіш Ақмола облсы, Қорғалжын ауданы, Қорғалжын ауылынан 2,5 шақырым жерде орналасқан. Бұл кесене еліміздегі ортағасырға жататын жалғыз кесене. Ол XIX ғасырға дейін қалыпты сақталып, кейін біршама көнерген. Бұл киелі жерге көптеген экспедициялар арнайы келіп зерттеген. Бірінші рет алыс XVIII ғасырда Рычниковтың еңбектерінде кездеседі. Арнайы топ қазба жұмыстарын жүргізгенге дейін кесененің диаметрі отыз метрге жуық болса, биіктігі екі метрді құраған. Ал қазба жұмыстары кезінде күйдіріліп саздан жасалған түрлі өсімдік пен геометриялық өрнектер салынған ілменақыштар табылған.

Ескерткіш негізінде оңтүстік-батысқа қарай бағытталған, қызыл кірпіштен өрілген тік бұрышты шамамен 11,5 және 9 метрдей, ал биіктігі он метрден аса, үш бөлмелі болып келеді. Порталды-күмбезді құрылысты зерттеушілер мен тарихшылар орта ғасырға жататын тарихи орын деп отыр. Кесене Нұра өзенінің сол жағалауында орналасқан.

Дереккөз: https://el.kz/kz/news/znanie/akmola_oblisiin_kieli_9_orni

Ақ Еділ Қожа мазары Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Жұмай ауылда орын тепкен. Еділ Қожа исламды таратушы ретінде аты шыққан дін адам болған. Негізі, ескерткішті Жалмағанбет қажы мазары деп те атап жатады. Бірақ, Ақ Еділ оның ұлы болып келеді. Мазар XIX ғасырға жататын ірі діни

сәулет өнерінің туындысына жатады. Бұл дөңкелекше келген мазар өзіміздің киіз үй сияқты тұрғызылған. Ғимарат жел мен жауын-шашынға шыдас бермей зақым көрген. Күмбездің үстіңгі жағы мен есіктің кіреберісі аздап опырылған. Биіктігі бес метрге жететін мазардың жалпы көлемі 7,8x7,6 метр. Шығыс тұстан бөлмелерге қарай кіретін биіктігі үш жарым метрге жететін тік бұрышты есік бар.

Дереккөз: https://el.kz/kz/news/znanie/akmola_oblisiin_kieli_9_orni

Қаныкей мазары. Халық зиярат етіп баратын орын жайында халық арасында аңыздар жетерлік. Бұл мазар орналасқан жер бұрындары елсіз болған. XVII ғасыр қазақ халқы үшін тым ауыр кезеңнің бірі еді. Себебі, жан-жақтан ұлан-ғайыр қазақ даласын басып алуды көздеген дұшпандар жетерлік еді. Солардың бірі – жоңғарлар. Бұл мазар тұрған жерде қазақ пен жоңғарлардың қантөгіс ұрысы өткен. Ұрысқа 15 жасар хан қызы Қынекей де аттанып, қаза табады. Қаны төгілген жерде Қаныкейді жерлеп, қызыл кірпіштен мазар тұрғызылған екен. Содан кейін-ақ, мұнда қоныстанушылар көбейіп, тіршілік қыза түседі. Қорғалжын ауданы, Өркендеу ауылында сол заманда бір байдың үміт артқан жалғыз ұлы қаза тауып, әкесі оның басына мазар тұрғызыпты. Мазарды халық «Қаныкей мазары» деп атап кетеді. Ол шикі кірпіштен қаланған. Мазардың бір бөлігіне зақым келген.

Дереккөз: https://el.kz/kz/news/znanie/akmola_oblisiin_kieli_9_orni

Мұғалім: Сен білесің бе? немесе Полиглот ойынын ойнауды ұсынамын. Бүгінгі тақырыпқа қатысты сөздерді, сөз тіркестерін айтамын, сендер олардың аудармасын қазақ және орыс тілдерінде айтыңдар. Егер мен қазақ тілінде айтсам, сендер орыс тіліндегі аудармасын айтасыңдар және керісінше.

Рухани жаңғыру – духовное наследие.

Духовные святыни – рухани қазына.

Туған жер – родная земля.

Красное дерево – қызыл ағаш

Үңгір – пещера.

Алып – великан, мощный, могучий, сильный.

Томар – кочка, бугорок, бугор.

«Эрудит» ойыны. Викторинаның сұрақтарына жауап беріңдер (дұрыс жауапты кестедегі сұрақтың тұсына жапсыру қажет)

Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштеріне ... жатады	
Археологиялық ескерткіштер дегеніміз –	
Ортағасырлық қалаларға ... жатады	
Діни және ғұрыптық орындар – дегеніміз	
Тарихи тұлғалармен байланысты киелі орындарды атаңдар	
Тарихи және саяси оқиғаларға байланысты қандай сакралды орындар бар?	
Қазақстанның табиғи ескерткіштері	
Ақмола облысының табиғи ескерткіштері	

Сонымен қатар, білім алушылардың кіші отанындағы өңірлік қасиетті орындарды аудандар бойынша келесідей бөлуге болады:

Аршалы ауданы – Иманжүсіп Құтпанұлына орнатылған белгі.

Атбасар ауданы – Батыр Киікбай Байғараұлы жерленген жер

Ақкөл ауданы – Қазы батыр жерленген жер; Өрес ханым жерленген жер.

Біржан сал ауданы – Біржан сал кешені.

Бурабай ауданы – Абылай ханның Қызыл ағашы.

Бұланды ауданы – Балуан Шолақ кешені.

Егіндікөл ауданы – Бектемір сопы кесенесі.

Ерейментау ауданы - Бөгенбай батырдың атымен байланысты кешен «жерленген жері, стелласы, тарихи музейі; Үмбетей жырау жерленген жер; Саққұлақ би кесенесі; Едіге би Төлебайұлы мазары.

Жарқайың ауданы – Қызылтам (Ахмет) кесенесі.

Жақсы ауданы – Қылышбай әулие жерленген жер; «Қос бейіт» кесенесі

Зеренді ауданы – Уәли хан кесенесі; Бөгенбай би кесенесі; Батыр Қосағалы Төлекұлы кесенесі; Балқадиша жерленген жер; Ақансерінің ғашығы Ақтоты жерленген жер; Дүйсен би жерленген жер; Монтай батыр жерленген жер; Асат би Алпысұлы жерленген жер; Қалақ батыр жерленген жер; Тіржан қажы жерленген жер; «Айдаһар үңгірі» тауы.

Степногорск қаласы – Паң Нұрмағанбет кесенесі.

Целиноград ауданы – Әздембай сал Көтербайұлы жерленген жер; Нияз би кесенесі.

Қорғалжын ауданы – Қаныкей мазары; Әліптомар қажы мазары; Ақ Еділ қажы мазары; Мария Жагорқызы жерленген жер.

Мазмұны

Кіріспе	3
1 «Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында жалпы білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері.....	4
2 Жоба шеңберінде тәрбие жұмысын жүргізу бойынша әдістемелік ұсыныстар.....	26
Қорытынды.....	46
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	47
Қосымша.....	49

ВВЕДЕНИЕ

В соответствии с Законом об образовании Республики Казахстан светский, гуманистический и развивающий характер образования, приоритет гражданских и национальных ценностей, жизни и здоровья человека, свободного развития личности, уважение прав и свобод человека, стимулирование образованности личности и развитие одаренности, единство обучения, воспитания и развития являются основными принципами государственной политики в области образования [1].

Перед общеобразовательной системой Республики Казахстан стоит задача воспитания всесторонне и гармонично развитой личности, сочетающей в себе духовное богатство, моральную чистоту, физическое совершенство, конкурентоспособность, прагматизм, национальную идентичность, культ знания, эволюционность и открытость сознания, готовой и способной полноценно выполнять систему социальных ролей, строить свою жизнь, достойную человека XXI века [2].

Особенностью воспитательной работы школ является организация глубокого изучения и продвижение среди обучающихся масштабных идей и концептуальных подходов к духовному обновлению общества, содержащихся в статье Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» [3]. В ней задается новый вектор движения казахстанской нации на годы вперед, так как обозначенная модернизация затрагивает, прежде всего, вопросы, связанные с формированием новой модели сознания и мышления. Духовное возрождение, духовное обновление — это актуальный вопрос современности. Данная сфера деятельности нуждается в коренной модернизации с акцентом на углубление консолидирующих казахстанское общество ценностей.

«У каждого народа, у каждой цивилизации есть святыне места, которые носят общенациональный характер, которые известны каждому представителю этого народа... Все они образуют каркас нашей национальной идентичности... Нам нужен проект «Духовные святыни Казахстана», или, как говорят ученые, «Сакральная география Казахстана», - указывает в статье Н.А. Назарбаев «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» [3].

Сакральный мир человека, священное мировосприятие - это феномен современной цивилизации Земли, который заслуживает внимания специалистов многих отраслей знаний, в том числе и сакральной географии. Знание всех тонкостей территориальной организации сакральной жизнедеятельности может существенно помочь человеку сформировать собственное мировоззрение, сделать правильный выбор в жизни, развиваться духовно, осуществлять самоидентификацию в общественной жизнедеятельности, а по большому счету – стать истинным патриотом своей Родины.

Целью настоящей работы явилось исследование возможностей изучения духовных святынь Казахстана для реализации воспитательной работы в общеобразовательных организациях Республики Казахстан.

1 ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ В ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ ПО ПРОЕКТУ «ДУХОВНЫЕ СВЯТЫНИ КАЗАХСТАНА - САКРАЛЬНАЯ ГЕОГРАФИЯ КАЗАХСТАНА»

Современный мир претерпевает множество изменений, что в свою очередь отражается на образовательной системе. Во все времена воспитательная составляющая образования и формирования личности являлась приоритетной.

